2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 56 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есептік жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі есептік жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын, сондай-ақ оны (қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қоспағанда) өзінің интернет-ресурсына орналастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 29 қаңтардағы
№ 56 қаулысымен
бекітілген

2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасы

Мазмұны

1-бөлім. Паспорт
2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау
3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу
4-бөлім. Балалардың құқықтарын қорғау саласын дамыту пайымы
5-бөлім. Балалардың құқықтарын қорғау саласын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер
7-бөлім.Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1-бөлім. Паспорт

Атауы	**2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасы**
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың 2025 жылғы 14 наурыздағы отырысында Қазақстан Республикасы Президенті берген тапсырма (№ 25-01-11.1 хаттаманың 9.4-тармағы)
Әзірлеуші мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісу бойынша)
Іске асыру мерзімі	2026 – 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын қорғауға, әрбір баланың білім алуы, дамуы, игілігі үшін толыққанды жағдай жасауға басымдық беру қағидаттарын дәйектілікпен әрі табандылықпен ұстанып келеді.

Соңғы жылдары ел Президентінің бастамасымен балалардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету саласында негіз қалаушы реформалар мен заңдар қабылданып, іске асырылуда.

Қазақстанда бала құқықтары мен заңды мүдделері ол туған сәттен бастап қамтамасыз етіліп, іске асырылады.

2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша елдегі балалар саны 6,9 млн-ға адамға жетті, бұл жалпы халық санының 34 %-ына тең. Демографиялық серпін орнықты: соңғы 10 жыл ішінде елдегі балалар саны 1,5 млн адамға ұлғайды.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат заңдылық, құқық теңдігі, кемсітушілікке жол бермеу, инклюзивтілік, әрбір баланың аман-сау болуын қамтамасыз ету және олардың ең жоғары деңгейдегі мүдделерін қорғау қағидаттарына негізделеді.

Бала құқықтарын қорғау моделі халықаралық міндеттемелерге, ұлттық заңнамаға және институционалдық тетіктерге негізделген.

Халықаралық міндеттемелер

1994 жылдан бері Бала құқықтары туралы конвенция, 3 факультативтік хаттама және 15 халықаралық құжат бекітіліп, олардың ережелері ұлттық заңнамаға енгізілді.

Орнықты даму саласындағы мақсаттар (бұдан әрі – ОДМ) шеңберінде жаһандық міндеттерге қол жеткізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, атап айтқанда: балалардың мүддесі мен ахуалына тікелей қатысы бар ОДМ 1 "Кедейлікті жою", ОДМ 3 "Жақсы денсаулық және ахуал", ОДМ 4 "Сапалы білім", ОДМ 5 "Гендерлік теңдік", ОДМ 13 "Климаттың өзгеруіне қарсы күрес" және ОДМ 16 "Бейбітшілік, әділ сот және тиімді институттар".

Халықаралық ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) ЮНИСЕФ сияқты бейінді құрылымдарымен және басқа да ұйымдармен әріптестік арқылы жүзеге асырылады. Балалардың ахуалы саласындағы озық практикаларды енгізуге, техникалық және сараптамалық қолдау көрсетуге, бірлескен бағдарламаларды іске асыруға ерекше назар аударылады.

Ұлттық заңнама

Бала құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында, "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының негізгі Заңында, сондай-ақ балалар өмірінің әртүрлі аспектілерін реттейтін 9 бейінді кодексте, 6 заңда және заңға тәуелді 56 нормативтік құқықтық актіде бекітілген.

Институционалдық құрылым

Институционалдық құрылым жүйелілік, ведомствоаралық өзара іс-қимыл және әрбір баланың құқығын қорғау мен амандығы үшін мемлекеттің жауапкершілігі қағидаттарына негізделген.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үйлестіруші және стратегиялық рөлді Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі және Балалардың құқықтарын қорғау комитеті атынан оның ведомствосы жүзеге асырады.

2025 жылдан бастап өңірлік деңгейде үйлестіруді балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқармалар мен бөлімдер жүзеге асырады.

Заңнаманы жетілдіру бойынша жүйелі шешімдер мен ұсыныстар тұжырымдауды, сондай-ақ құқық пен бостандыққа нұқсан келген болса, оны мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып қалпына келтіруді Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ оның өңірлік өкілдері жүзеге асырады.

Шешім қабылдауда балаларды қатыстыру мәдениетін қалыптастыру және олардың пікірін ескеру мақсатында республикалық балалар омбудсмендері кеңесі жұмыс істеп, дамып келеді, оның құрамына еліміздің барлық өңірлерінен 40 бала кіреді, сонымен қатар әр мектепте балалар өкілдіктері қызмет етеді.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы түйінді жетістіктер

2024 жылдан бастап "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде балалардың ұлттық игілікке қол жеткізуі қамтамасыз етіліп, "Ұлттық қордың" инвестициялық кірісінің 50 %-ы жыл сайын балалардың жеке жинақтаушы шоттарына аударылды.

Мемлекет тарапынан балаларға бастапқы білім беру капиталын белгілеу бойынша " Келешек" бірыңғай ерікті жинақтаушы жүйесі, сондай-ақ 217 заманауи мектеп ашуға бағытталған "Келешек мектептері" жобасы іске асырылуда. 2021 жылдан бері жалпы 1 мыңнан астам мектеп салынды.

Еліміздегі ең ірі ұлттық қайырымдылық ұйымы саналатын "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры құрылды, ол республика аумағында 120-дан астам бағдарлама мен жобаны іске асырып келеді. Балаларды жүйелі жобалар арқылы қолдауға, оның ішінде ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту, аудандық және ауылдық деңгейлерде (54) оңалту орталығын ашу, жылдам тұрғызылатын модульдік спорт залдарын салу арқылы қолдауға баса назар аударады.

Жалпы Қазақстанда балалар медициналық көмектің барлық түрімен қамтамасыз етілген, сондай-ақ отбасы институтын нығайтуға және балаларды қолдауға бағытталған әлеуметтік қолдаудың 49 түрі және әлеуметтік төлем мен жәрдемақының 15 түрі көзделген.

Конституциямен кепілдік берілген құқықтар шеңберінде еліміздегі барлық бала тегін орта біліммен қамтамасыз етілген, оқулықтар тегін беріледі. Сонымен қатар мектептерде тегін қосымша сабақтар мен үйірмелер жүргізіледі, 2025 жылы 2,2 млн

оқушы қамтылды. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру да ақысыз негізде жүзеге асырылады.

Оқу мәселелерінен басқа, барлық бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан балалар үшін тегін ыстық тамақ, оқу жылына дайындық барысында жалпыға бірдей білім беру қорынан көмек көрсету түріндегі әлеуметтік пакет қарастырылған.

Көлік қолжетімділігі тегін жеткізуді ұйымдастыру және мектеп автобустары паркін жаңарту есебінен қамтамасыз етіледі. 2025 жылы 1 597 мектепте 130 мың оқушы тегін жеткізумен қамтамасыз етіліп, бұл үшін 2 165 мектеп автобусы пайдаланылды.

Адам құқығы сақталатын және оған құрмет көрсетілетін қоғам қалыптастыру мақсатында баланың құндылыққа бағдарланған тәрбиесі мен үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру жөніндегі "Адал азамат" бірыңғай бағдарламасы енгізілді, ол тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділеттілік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты құндылықтарға негізделген.

2024 – 2025 жылдары балалар құқықтарын бұзудың профилактикасы, оларды ерте анықтау тетіктерін енгізу, зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу, өңірлерде отбасы және психологиялық қолдау орталықтарын ашу, жетім балалардың тұрғын үйге қатысты құқықтарын қамтамасыз ету, балалар саудасына қарсы іс-қимыл, қамқоршы органдарының штат санының нормативтерін, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органдардың функциялары мен мәртебесін бекіту жөніндегі нормаларды қамтитын 10 заң қабылданды.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандары үшін жауапкершілікті қатаңдату арқылы зорлық-зомбылыққа жол бермеу және жазаның бұлтартпаушылығы саясатының іргетасы қалыптасты.

Балалар инфрақұрылымының қауіпсіздігі лицензиялау тетігін енгізу арқылы күшейтілді.

Мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалаудың негізгі құралдарының бірі ретінде өңіраралық айырмашылықтарды мониторингілеу және балалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы дамудың басым бағыттарын айқындау үшін қолданылатын балалардың хал-ахуал индексі қабылданды.

1-тарау. Баланың қауіпсіздікке құқығы

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өзекті проблемаларға мыналар жатады : балалар арасындағы және балаларға қатысты құқық бұзушылық, буллинг, психологиялық ахуал, балалар саудасы, балаларды цифрлық кеңістікте қорғау, сондай-ақ қауіпсіз орта қалыптастыру.

Баланың қауіпсіздікке құқығын қамтамасыз етудің және балаларға қатысты құқық бұзушылық үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етудің заңнамалық негізі

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін (бұдан әрі – ҚК), "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі – ӘҚБтК) қамтитын нормативтік құқықтық актілер кешені құрайды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің институционалдық негізі

Орталық деңгейде ведомствоаралық үйлестіруді Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы ведомствоаралық комиссия, ал өңірлік деңгейде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – КТІҚҚК) жүзеге асырады.

Жекелеген бағыттар бойынша функциялар Оқу-ағарту, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Төтенше жағдайлар, Мәдениет және ақпарат министрліктеріне, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға бекітілген.

Профилактика және көмек көрсету жүйесінде ұйымдардың орталық және өңірлік деңгейлерде жұмыс істеуі көзделген.

Мәселен, орталық деңгейде отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ақпараттық-анықтамалық, ұйымдастырушылық, заң және психологиялық қызмет функциясын бірыңғай 111 "байланыс орталығы" орындайды.

Өңірлік деңгейде қауіп-қатерді ерте анықтау және өмірде қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балаларға қолдау көрсету міндеттері мобильді топтарға жүктелген, олардың қызметі әрбір ауданда құрылған отбасын қолдау орталықтары (бұдан әрі – ОҚО) арқылы үйлестіріледі.

Білім беру ортасында суицидтік қауіптерді, зорлық-зомбылық пен буллингті диагностикалаудың және анықтаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ балаларға уақтылы психологиялық көмек көрсету үшін әрбір облыста психологиялық қолдау орталықтары (бұдан әрі – ПҚО) жұмыс істейді.

Сонымен қатар мектептер базасында балалардың оңтайлы тәрбиеленуі мен үйлесімді дамуы үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істейді.

Балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған шараларды қалыптастыру және іске асыруда негізгі рөлді денсаулық сақтау ұйымдарының желісі атқарады, оның құрылымында жастар денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ЖДО) ерекше орын алады. Айталық, 85 ЖДО базасында 10-18 жас аралығындағы балаларға, сондай-ақ 18-ден 29 жасқа дейінгі жастарға медициналық, профилактикалық, психикалық-әлеуметтік көмек және заң көмегі көрсетіледі.

Психикалық денсаулықты қорғау саласындағы медициналық-әлеуметтік көмекті республикалық деңгейде республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы және өңірлік деңгейде 20 психикалық денсаулық орталығы көрсетеді. Амбулаториялық-емханалық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қалалық емханаларда 97 бастапқы психикалық денсаулық орталығы орналастырылған, ал аудандық деңгейде орталық және көпсалалы аудандық ауруханаларда 209 психикалық

денсаулық кабинеті жұмыс істейді. Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға, оның ішінде әйелдер мен балаларға көмек көрсететін 33 дағдарыс орталығы бар.

Өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды қорғау мақсатында білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде 111 ұйым (34 балаларды қолдау орталығы, 14 балалар ауылы, 11 жасөспірімдер үйі, 10 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, 4 балалар үйі, 20 сәбилер үйі, 18 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы) жұмыс істейді.

Арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды уақытша орналастыру нысаны ретінде баланы қабылдайтын кәсіби отбасы институты енгізілді.

Құқық бұзушылық жасаған балалармен жұмыс істеу үшін 4 арнайы білім беру ұйымы және ерекше режимде ұстайтын 1 ұйым жұмыс істейді.

Ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар үшін қылмыстық-атқару жүйесінің 2 мекемесінде жазасын өтеу қарастырылған.

Балаларға қатысты сот төрелігін іске асыруда ерекше тәсіл қағидатына сәйкес елімізде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық 20 сот құрылды.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция бөлімшелері жұмыс істейді, бұл баланың құқықтарын қорғауға және оны оңалтуға бағытталған балаларға қатысты әділ сот жүйесінің тұтас құрылымын қалыптастырады.

Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде 120-дан астам үкіметтік емес ұйым (бұдан әрі – ҮЕҰ) маңызды рөл атқарады.

Балалардың қауіпсіздігін күнделікті қамтамасыз етуді әртүрлі органдар мен ұйымдардың мыңдаған қызметкерлері, сондай-ақ қызметі балалардың құқықтарын қорғауға арналған қоғамдық ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады.

Осылайша, Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесі құрылған.

Зорлық-зомбылықтың, буллингтің және суицидтің алдын алуға бағытталған қолданыстағы тәсілдер мен тетіктер SAFE бағдарламасының (www.safekids.kz) аясында біріктірілген.

1-параграф. Балаларға қатысты құқық бұзушылықтар

Қазіргі таңда елімізде балалар құқықтарын бұзудың алдын алуға, оның ішінде қауіп-қатерлер мен құқық бұзушылық белгілерін, сондай-ақ балалар құқықтарының бұзылу фактілерін ерте анықтауға және зардап шеккен балаларды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған кешенді тәсіл қалыптастырылған.

Профилактиканың негізгі шараларының бірі – қоғамда зорлық-зомбылыққа " мүлдем төзбеушілік" қағидатын қалыптастыру болып табылады, бұл жазаны қатаңдату арқылы да қамтамасыз етіледі.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде балаларға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстардың саны азайғаны байқалады. 2025 жылы кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс 9,6 %-ға, оның ішінде өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланатын қылмыстар саны 19,2 %-ға азайды. Кәмелетке толмағандарды өлтіруге қатысты қылмыс 10 %-ға, ал өлімге әкеп соқтырған денсаулыққа ауыр зиян келтірумен байланысты қылмыс 54,5 %-ға қысқарды.

Балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың жасырын деңгейі жоғары, өйткені оның басым бөлігін (60–70 %) **баланың айналасындағы ең жақын адамдар жасайды. Осыған байланысты** ерте анықтау бірінші кезектегі маңызға ие болып табылады.

2024 жылдан бастап әрбір ауданда әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер органдары мен ұйымдарының өкілдерін біріктіретін мобильді топтар мен ОҚО жұмыс істейді. 2025 жылы мобильді топтар өмірде қиын жағдайда жүрген 13 мың отбасыны анықтады, 33 мыңнан астам отбасы консультация алды, 17 мыңнан астамы сүйемелдеуге алынды.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл шеңберінде мобильді топтар тарапынан Отбасын қолдау орталықтарына өмірде қиын жағдайда жүрген отбасылар туралы 13 070 сигнал берілді.

Қауіптерді анықтауда патронаж мейіргерлері маңызды рөл атқарады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін 131 ОҚО мен 10 мыңнан астам ұйым қосылған FSM Social цифрлық жүйесі пайдаланылуда.

"111" байланыс орталығы өздігінен жүгінудің маңызды құралы болып табылады, ол арқылы 2025 жылы 145 мың қоңырау және 121 мың мәтіндік хабарлама келіп түскен.

Ерте анықтау құралдарының қатарына мектептер мен колледждерде педагог-психологтер жүргізетін диагностикалық әдістемелердің бірыңғай жинағына енгізілген зорлық-зомбылық фактілері мен белгілерін анықтауға арналған диагностикалық әдістер де жатады.

2024 жылы анықтау тетіктерін енгізумен, отбасылар мен балаларға көмек көрсету инфрақұрылымы құрумен қатар жеке тұлғаға қарсы, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазалау күшейтілді, атап айтқанда: "Ұрып-соғу", "Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру", "Қинау" баптары бойынша қылмыстық жауапкершілік енгізілді, кәмелетке толмағандарды өлтіргені, оларға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері мен зорлағаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді.

Сонымен қатар қылмыстық-процестік кодекс аясында зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаға денсаулық сақтау ұйымдарының базасында міндетті, тегін психологиялық көмек курсынан өту жөнінде ерекше талаптар енгізілді. Аталған шара сот шешімімен тағайындалады.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және оның куәгері болған балаларға кешенді көмек көрсету үшін арнайы бағдарлама бекітілді. Оның шеңберінде зардап шеккен

балаға дағдарыс орталықтарының, балаларды қолдау орталықтарының базасында көмектің 5 түрі (медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, құқықтық) көрсетіледі.

Апталық қауіпсіздік сабақтары шеңберінде балалардың әртүрлі жағдайларда жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін практикалық дағдыларды меңгеруіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бас прокуратура "Бақытты және қауіпсіз балалық шақ", "URPAQ" жобаларына бастама жасады, олардың мақсаты өмірде қиын жағдайда жүрген балаларды анықтау және оларға кешенді көмек көрсету болып табылады.

Осылайша, мемлекетте балаларға қатысты құқық бұзушылықтардың барлық түрлерінің алдын алу, оларды анықтау және жазалау жүйесі қалыптасқан.

Сонымен қатар мынадай мәселелерді пысықтау талап етіледі:

1) ведомствоаралық тәсілдерді жетілдіру, оның ішінде сот-сараптама қызметтеріне қол жеткізудегі аумақтық айырмашылықтарды ескере отырып, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсету кабинеттері жұмысының бірыңғай стандарттарын нормативтік бекіту;

2) кәмелетке толмағандардан жауап алу процесінің шеңберінде валидацияланған әдістемелерді енгізу;

3) қылмыстық процесс шеңберінде баланы "бірінші сигналдан оңалтуға дейін" көмек көрсетудің бүкіл бағыты бойынша сүйемелдеу үшін жауапты кейс-менеджерді тағайындау.

2-параграф. Балалардың психологиялық ахуалы

Балалардың психологиялық ахуалын қамтамасыз етудегі өзекті мәселелерге диагностика сапасы, психоэмоционалдық жағдайдың нашарлауына әкелетін бастапқы себептермен жұмыс жүргізу және баланы сүйемелдеу жатады.

Осы проблеманы жүйелі шешу және диагностика мен көмек көрсетуде бірыңғай тәсілді енгізу үшін мынадай шаралар іске асырылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылы психологиялық қызметтердің жұмысы трансформацияланып, олардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық база қабылданды.

Аутодеструктивті мінез-құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен одан әрі жұмыс жүргізудің бірыңғай алгоритмі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың суицид жасауға әрекеттенген балаға көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл жүргізу алгоритмі қабылданды.

Балалардың психологиялық ахуалын қамтамасыз ету мәселелерін үйлестіруді 2024 жылы ашылған, мектептегі психологиялық қызметтерді үйлестіруді, әдістемелік сүйемелдеуді және білім алушылар мен олардың ата-аналарына кеңес беруді қамтамасыз ететін ҚҚО жүзеге асырады.

Жұмыстың сапасын арттыру мақсатында күйзеліс, мазасыздық, депрессия, жалғыздық, агрессия, буллинг және балаларға қатысты құқық бұзушылық белгілерін бағалауға арналған 23 құралды қамтитын диагностикалық әдістемелердің бірыңғай жинағы енгізілді. Сонымен қатар ерекше назар аударуды қажет ететін балаларды сүйемелдеу үшін бақылау нысаны әзірленді.

Барлық білім беру ұйымдарында диагностика жүргізуді, сүйемелдеуге алынатын балалар тобын қалыптастыруды және білім алушылармен мақсатты жұмыс жүргізуді жүзеге асыратын психологиялық қызметтер жұмыс істейді.

Күрделі психологиялық жағдайларды анықтау мен көмек көрсетудің маңызды құралы ретінде "QR-111" өзіндік жүгіну тетігі енгізілді. Бұл құрал арқылы күн сайын әртүрлі мәселелер мен сұрақтар бойынша (11 санат) 300-ден 1000-ға дейін хабарлама келіп түседі. Атап айтқанда, 2025 жылы психоэмоционалдық жағдайлар, құрдастар арасындағы қарым-қатынас мәселелері бойынша 2,3 мыңнан астам өтініш тіркелді.

Сонымен қатар енгізіліп жатқан тәсілдердің тиімділігін арттыру мақсатында мынадай мәселелерді пысықтау қажет:

1) қазіргі уақытта диагностикалық әдістемелерді жүргізу үшін бірқатар өңірлерде қағаз форматта түрлі құралдар пайдаланылады, бұл процесті қиындатады. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне диагностика жүргізу үшін бірыңғай мемлекеттік платформаны енгізу қажет;

2) талдау көрсеткендей, жалақыға, сондай-ақ жұмыс жүктемесінің жоғары болуына байланысты педагог-психологтер жұмысының тартымдылығы жеткілікті деңгейде болмай отыр. Педагог-психологтердің біліктілігіне қойылатын талаптар қайта қарауды қажет етеді, профилактика мәселелерінде маңызды функцияларды атқаратын әлеуметтік педагогтер көбінесе өздеріне тән емес функцияларды орындап келеді;

3) білім беру ұйымдары педагогтерінің балалар арасындағы суицидтік тәуекелдер мен дағдарыстық мінез-құлықты анықтауға дайындық деңгейінің жеткіліксіз екені атап өтіледі;

4) денсаулық сақтау саласында аутодеструктивті мінез-құлқы бар балаларға көмек психикалық денсаулық орталықтарында, кабинеттерінде, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жанындағы бастапқы психикалық денсаулық орталықтарында көрсетіледі. Суицидтің алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың ведомствоаралық сипатын ескере отырып, оны ерте анықтау, уақтылы араласу және кейіннен оңалту мақсатында баланы сүйемелдеудің бірыңғай ведомствоаралық хаттамасын қабылдау қажет;

5) тәуекел факторы сонымен қатар баланың жалпы денсаулығы, психикалық денсаулықты бағалау мен зертханалық көрсеткіштерді ескере отырып, балалардың міндетті профилактикалық медициналық тексерулермен жеткіліксіз қамтылуы болып табылады;

6) деструктивті мазмұнның балаларға әсері және қауіпті онлайн- қауымдастықтарға қатысу балаларға әсер етуі мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында проблемаларды, нақты жағдайларды көрсету сипаты да маңызды рөл атқарады;

7) қоғамда және ата-аналар арасында әлеуметтік стигмалар мен стереотиптер әлі де басым болып келеді, бұл ата-аналар мен жасөспірімдердің көмек сұрап жүгінуіне кедергі келтіреді. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың мінез-құлқындағы өзгерістер туралы ата-аналардың хабардар болуы төмен болғандықтан бейінді мамандарға кеш жүгіну фактілері байқалады.

3-параграф. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, буллинг

Құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңызды мәселелерге бастапқы тәрбие жұмысы, балалардың қылмыстық ортаға араласуына жол бермеу және отбасымен профилактикалық жұмыстар жүргізу жатады.

Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу мәселелерінде "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы негізгі рөл атқарады, оның құндылықтары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізіліп, 43 іс-шарада көрініс тапқан.

Жеке тұлғаға қатысты қылмыстардың бір себебі – профилактикалық жұмыстың жеткіліксіздігі. Ресми деректерге сәйкес 2025 жылы буллинг фактілері бойынша 272 адам жауапкершілікке тартылды. "QR-111" арқылы күн сайын кемінде бір бала буллинг фактілері бойынша көмекке жүгінеді.

Буллингтің алдын алу бойынша жүйелі тәсілдер әзірлеу мақсатында Қазақстанда " баланы жәбірлеу (буллинг)" ұғымы енгізілді, балаға буллингтен қорғану құқығы бекітілді, тиісті алдын алу қағидалары әзірленді, құқық бұзушылықтың бұл түрі үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленді.

Мектептер мен колледждерде буллингтің алдын алу және оған тиімді қарсы іс-қимыл жүйесін құру мақсатында балаларды әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларға, эмпатияға үйретуді қамтитын "ДосболLIKE" буллингке қарсы бағдарламасы енгізілді.

Мектептер мен колледждерде мектепішілік есеп жүргізіледі, ол 2024 жылдан бері міндетті болып табылады. "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңда " мектепішілік есеп" ұғымы "баса назар аударуды талап ететін кәмелетке толмағандарды педагогикалық сүйемелдеу" ұғымымен алмастырылып, қажетті шаралар бекітілді.

Профилактика бағыттарының бірі мектептегі медиацияны дамыту болды. "100 медиативтік мектеп" жобасын іске асыру және әдістемелік ұсынымдар бірнеше мектепте қақтығыстар мен тәртіп бұзушылықтардың санын азайтуға мүмкіндік берді.

Педагогтер үшін "Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері" тақырыбында біліктілікті арттыру курстары жүргізіледі (2025 жылы оқытумен 8050 педагог қамтылған).

"Заң мен тәртіп" қағидаты бойынша қоғамдық сана мен идеологияны қалыптастыру үшін 2025–2026 оқу жылында Алматы облысында прокуратура мен полиция

органдарының бұрынғы қызметкерлері тарапынан құқыққа қайшы мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған қосымша сабақтар өткізілуде.

Полиция органдары құқық бұзушылықтың алдын алу ісінде негізгі субъект болып қала береді. Әр мектепке учаскелік және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар, жедел уәкілдер тағайындалған (8 мыңнан астам қызметкер). Барлық өңірлерде "Түнгі қаладағы балалар" және "Жасөспірім" республикалық операциясы сияқты акциялар мен жедел-профилактикалық іс-шараларын өткізуді қамтитын профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Маңызды бағыттардың бірі балалардың бос уақытын спорт және басқа да қосымша сабақтармен қамту болып табылады.

2024 жылы "Білім туралы" Заңға ішкі істер органдарында есепте тұрған балаларды қосымша білім беру ұйымдарына проактивті форматта басым қабылдауды қарастыратын өзгерістер енгізіліп, тиісті ережелер қабылданды.

Соңғы онжылдықта Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты репрессивтік шараларды қолдану біртіндеп азайып, олардың құқықтық қорғалуы күшейтіліп келеді.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық соттарда сотталған жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту бойынша жобалар енгізіледі, олар психологтермен жұмыс істеуді, болашақта өз бетінше ақша табуға мүмкіндік беретін әлеуметтік және кәсіптік дағдыларға оқытуды қамтиды. Мұндай бағдарламалардан өткен кәмелетке толмағандардың едәуір бөлігі қайталама құқық бұзушылықтар жасамайтынын практика көрсетіп отыр.

Сонымен қатар қабылданған шараларға қарамастан бірқатар мәселелер сақталуда:

1) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың жұмыс істеу тәсілдер. Олардың қызметін талдау жүйелі мәселелер мен жеке жағдайларды қарау сапасын мониторингілеу, қабылданған шешімдерді және олардың тиімділігін бақылау құралдарын енгізу қажеттігін көрсетеді;

2) спорт пен шығармашылықты қаржыландыру жүйесі ауылдық жерлерде тұратын балаларды қосымша біліммен толық қамтуға мүмкіндік бермейді. Бұл салада жекеменшік орталықтардың жеткіліксіздігі мен бәсекелі ортаның болмауымен байланысты. Ауылдық елді мекендердің үштен бірінде балалардың спортпен және шығармашылық үйірмелермен айналысуына арналған инфрақұрылым жоқ, ал елдегі мектеп оқушыларының 39,8 %-ы ауылдық жерлерде тұрады. Сонымен қатар қолданыстағы қосымша білім беру түрлері жасөспірімдердің қызығушылығын толық қанағаттандыра бермейді. Үйірмелер мен секциялардың басым бөлігі кіші мектеп жасындағы балаларға бағытталған, ал жасөспірімдерге анағұрлым заманауи әрі әртүрлі форматтар қажет.

Елімізде 2035 мәдениет үйі және 2006 ауылдық клуб жұмыс істейді, бұл кеңейтілген желінің ресурстарын пайдалану арқылы балаларды тегін үйірмелермен қамту көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Жекелеген өңірлерде полиция органдарында есепте тұрған отбасылардың балаларына арналған менторлыққа байланысты жобалар жақсы нәтиже көрсетіп отыр;

3) білім беру ұйымдарының қызметкерлері құқық бұзушылықтарды ерте анықтауда маңызды рөл атқарады. Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылық фактілерін хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. 2025 жылы 287 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды (2023 жыл – 92, 2024 жыл – 348), бұл ынталандырушы тетіктерді енгізудің қажеттілігін көрсетеді;

4) өңірлерде жекеменшік ұйымдар тарапынан іске асырылатын балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бағдарламалар мен материалдар әзірленгенде олардың мазмұнына бірыңғай талаптар қойылмайды, бұл ретте олардың тиімділігін объективті бағалау үшін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды;

5) құқық бұзушылықтардың алдын алумен қатар құқық бұзған балалардың қайта құқық бұзушылыққа бармауын және олардың әлеуметтік оңалтылуын қамтамасыз ету жұмыстары да ерекше маңызға ие.

Құқық бұзушылыққа бейім кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және әлеуметтік бейімдеу үшін ерекше жағдайлар жасау мақсатында білім беру жүйесінде 4 арнаулы білім беру ұйымы (Маңғыстау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстары және Алматы қаласы) және 1ерекше тәртіп режиміндегі арнаулы білім беру ұйымы (Абай облысы) жұмыс істейді. Кәмелетке толмағандарды бұл ұйымдарға жіберу сот шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Балалардың жалпы контингентінің 90 %-ын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, үйінен өз бетімен кетіп қалатын немесе қоғамға қарсы әрекеттер жасайтын балалар құрайды.

Мұндай ұйымдардың материалдық-техникалық жарақтандырылуына жүргізілген талдау балалардың толыққанды дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін оқу инфрақұрылымын жақсарту, еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдар беру жүйесін дамыту, қауіпсіз әрі қолайлы орта ұйымдастыру талап етілетінін көрсетеді.

Сонымен қатар кадрлық құраммен қамтамасыз ету проблемасы да бар: педагогтер аталған санаттағы балалармен жұмыс істеу үшін бейінді мамандандырылмаған.

Тәрбиелеуде қиындықтары бар жасөспірімдердің көпшілігі кешкі мектептерде оқиды, бұл олардың әлеуметтік оңалуын, мінез-құлқындағы өзгерісін және оларды бақылауды әлсіретеді;

6) білім беру және кәсіптік бағдарламалардың болуына қарамастан, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталған кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу, психологиялық сүйемелдеу және әлеуметтік бейімдеу бойынша бекітілген арнайы бағдарламалар жоқ.

4-параграф. Кәмелетке толмағандар арасындағы жүктілік

Ерте жүктіліктің туындау себептері отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктерімен, жасөспірімдерге ерте жыныстық қатынастың салдары туралы жеткілікті ақпарат берілмеуімен байланысты. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасау фактілері тіркелуде.

Ерте жүктіліктің салдарынан түсік жасау қаупі жоғары болып, физикалық және психоэмоционалдық жағдай нашарлайды.

Сонымен қатар мемлекет қауіп-қатердің алдын алу, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, жеке қауіпсіздік негіздерін оқыту бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Ерте жүктіліктің алдын алуда шешуші рөлді денсаулық сақтау жүйесінде ЖДО жүзеге асырады.

Сондай-ақ оқу пәндері, сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар және отбасымен ынтымақтастық арқылы отбасылық құндылықтардың негіздерін нығайту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына рухани-адамгершілік тәрбиеге қатысты бөлімдер енгізілген.

Медициналық қызметкерлер, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл жүргізу аясында репродуктивтік және психикалық денсаулық, ерте жастағы жыныстық өмірдің алдын алу, отбасын жоспарлау және жоспарланбаған жүктіліктің алдын алу мәселелері бойынша пікірталастар, дөңгелек үстелдер, дәрістер, әңгімелер және ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылады.

Қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында мынадай мәселелер бойынша жұмыс жүргізу қажет:

1) жастар денсаулық орталықтарының жұмыс тәсілдерін қайта қарау қажет, өйткені жасөспірімдердің орталықтардың мүмкіндіктері туралы хабардар болу және мектептердің орталықтардың түсіндіру жұмыстарымен қамтылу деңгейі жеткіліксіз болып отыр;

2) жүкті қыздардың үздіксіз білім алу құқығын және оларды сүйемелдеудің бірыңғай маршрутын қамтамасыз ету жеке проблема болып отыр. Практикада олар оқуын кешкі мектептерде жалғастырады, бұл көбінесе олардың білім алу құқығын шектейді. Бұл әсіресе ауылдық жерлерде айқын көрінеді;

3) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес кәмелетке толмаған ата-аналар ата-ана құқығын 16 жасқа толған соң алады, алайда 16 жастан асқан жасөспірім оқуын жалғастырып, іс жүзінде ата-аналық міндеттерін толық атқара алмайтын жағдайлар реттелмеген.

5-параграф. Балаларды цифрлық ортада қорғау

Қазіргі балалар мен жасөспірімдер бос уақыттарының едәуір бөлігін онлайн-кеңістікте өткізеді.

"Kazakhstan Kids Online" әлеуметтік зерттеуіне сәйкес балалардың 46 %-дан астамы Интернетті алғаш рет 5-8 жас аралығында қолдана бастайды, ал жоғары сынып

оқушыларының 95 %-дан астамының әлеуметтік желілерде аккаунттары бар. Балалардың шамамен 60 %-ы Интернетті оқу мақсатында пайдаланса, ал 66 %-ы әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасау үшін қолданады.

Аталған зерттеу ұл балалардың 12,4 %-ы және қыздардың 10,1 %-ы Интернетте танысқан адамдармен офлайн кездескенін, балалардың 7,4 %-ы айына кемінде бір рет желіде жыныстық сипаттағы бейнелерді көретінін, 7,1 %-ы жыныстық мазмұндағы хабарламалар алатынын көрсетті.

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына зиян келтіретін ақпараттан, насихат пен үгіттен қорғауды қамтамасыз етеді.

Балаларды зиянды ақпараттан қорғау "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі, онда мемлекеттік органдардың балаларды теріс ақпараттың әсерінен қорғау саласындағы құзыреттері және олардың ведомствоаралық өзара іс-қимылы көзделген.

Сондай-ақ "тыйым салынған" және "жас ерекшелігіне қарай шектелген" ақпарат санаттары қарастырылған. Оларды таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. "Балаға қатысты кибербуллинг" ұғымымен қатар мұндай әрекет үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленген.

Қылмыстық кодекстің кейбір баптарында (105, 121-1, 122, 131, 132, 134, 309 және т.б. баптарда) Интернет желісін пайдалана отырып жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жаза көзделген.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымында Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті құрылды.

Деструктивті сипаттағы материалдарды анықтау және бұғаттау құралы болып табылатын "Киберқадағалау" ақпараттық жүйесінде жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2025 жылы заңсыз контенті бар 44 мың интернет-ресурс анықталды, оның ішінде 8,5 мыңнан астамы порнографиялық контент. Барлығы 33 мыңнан астам интернет-ресурс бұғатталды.

Онлайн-платформалардағы құқыққа қайшы контентті жою "Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде Қазақстандағы олардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады. Кибербуллингке жататын ақпарат 24 сағат ішінде жойылуға тиіс.

"Кибер Тұмар – балаларды цифрлық ортада қорғайық" атты ақпараттық-білім беру науқаны іске қосылды, ол ақпараттық құралдар кешенінен тұрады.

Жыл сайын ата-аналарды "Ата-аналар бақылауы" бағдарламасына қосу науқаны іске асырылуда.

2023 жылдан бері балалар үшін ата-аналардың контентке қолжетімділікті басқаруына мүмкіндік беретін SIM-карталарды енгізу бастамасы өрістетілуде. 2025

жылы Алматы қаласының прокуратурасы мен Tele2 операторының ынтымақтастығы шеңберінде алғаш рет балалар SIM-карталары іске қосылды.

2025 жылы әлеуметтік желілерді мониторингілеуге арналған AiMap цифрлық құралы жұмыс істей бастады, оның нәтижесінде құқыққа қайшы және діни мазмұндағы ресурстарға жазылған 26 мыңнан астам пайдаланушы анықталды.

"Жеке қауіпсіздік" сабақтары аясында Интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және цифрлық қатерлерді тануға бағытталған тақырыптар блогы қарастырылған.

Сонымен қатар мынадай мәселелер пысықтауды талап етеді:

1) балалардың әлеуметтік желілерге қол жеткізуін заңнамалық тұрғыдан реттеу, ойындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Интернетті шамадан тыс қолданудың теріс әсерін азайту. Балаларды онлайн-ортада қорғайтын қолданыстағы тетіктер біртұтас кешенді құрап тұрған жоқ, осыған байланысты балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жаңа тәсілдерді пысықтау қажет;

2) балаларға қатысты "сезімтал деректер" жеке санатының және тиісті жауапкершілік тетіктерінің болмауы. Ата-аналардың және балалардың келісімінсіз балалардың қатысуымен түсірілген бейнелер мен фотоматериалдарды пайдалану жағдайлары бар, бұл кейіннен буллингке және психоэмоционалдық проблемалардың туындауына әкелуі мүмкін.

6-параграф. Балалар ортасындағы жағымсыз құбылыстар

Балалар ортасындағы жағымсыз құбылыстарға жүргізілген талдау лудомания, ойынқұмарлық, вейп және психоактивті заттарды тұтыну проблемаларының өзектілігін көрсетеді. Жасөспірімдерді заңсыз есірткі заттарын сатуға, оның ішінде цифрлық арналар арқылы тарту тәуекелдері қалыптасуда.

Мемлекет тарапынан халық пен балалар арасында зиянды құбылыстардың таралуына жол бермеуге және олармен күресуге бағытталған жүйелі шаралар қабылдануда.

Мысалы, Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, прекурсорлардың заңды айналымына бақылау күшейтілді, білім беру және жастар ортасында алдын алу шаралары кеңейтілді, есірткінің цифрлық арналар арқылы таратылуына қарсы жұмыс жандандырылды. 2026–2028 жылдарға арналған жаңа жоспар әзірленді, ол кең ауқымды іс-шараларды қамтиды.

Сонымен қатар 2024 жылы қабылданған заң шеңберінде құмар ойындар мен лотереяларға қатысуға болатын ең төменгі жас 21-ден 25 жасқа көтерілді, букмекерлік компаниялар мен лотерея операторлары үшін қатаң ережелер енгізілді, оның ішінде 25 жасқа толмаған тұлғаларды құмар ойындарға қатыстыру үшін әкімшілік жауапкершілік

те бар, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың сыртқы жарнамасына тыйым салынды.

Сондай-ақ 21 жасқа толмаған тұлғаларға энергетикалық сусын сатуға және оларды сатушысы жоқ автоматтар арқылы алуға тыйым салынып, жауапкершілік көзделді.

Білім беру ұйымдарында жүйелі алдын алу шаралары оқу және тәрбие процестері шеңберінде іске асырылады.

Тәрбие жұмысы "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында "Заң мен тәртіп" негізгі құндылығы бойынша дәрігер-наркологтармен, полиция департаменттерінің қызметкерлерімен, психикалық денсаулық орталықтарының мамандарымен тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі.

2024 жылы Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрліктерінің бірлескен бұйрығымен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДСҰ) " Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер" жобасы іске қосылып, 1677 мектеп қамтылды.

2025 жылы 13-18 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында психоактивті заттарды тұтыну бойынша ұлттық ESPAD зерттеуі жүргізілді. Зерттеу ата-аналардың келісімімен 125 мектеп пен колледжде өткізілді. Сауалнамаға 10 мыңға жуық бала қатысты (қорытынды есеп 2026 жылдың бірінші тоқсанында күтілуде).

Сонымен қатар мынадай проблемалар өзекті күйінде қалып отыр:

1) кәмелетке толмағандар арасында лудомания, ойынқұмарлық, вейптер мен психоактивті заттарды тұтынудың жасырын деңгейінің жоғары болуы құбылыстардың нақты ауқымының ресми статистикада толық көрініс таппауына әкеледі, бұған тұтынудың жасырын сипаты, отбасылардың көмекке сирек жүгінуі, стигматизациядан қорқу және ерте анықтау тетіктерінің болмауы себеп болып отыр;

2) кәмелетке толмағандарға тікелей бағытталған бейіндік орталықтардың, бейімделген бағдарламалар мен жұмыс әдістемелерінің тапшылығы сақталуда;

3) енгізілген заңнамалық тыйымдарға қарамастан, кәмелетке толмағандардың энергетикалық сусындарға, вейптерге нақты қолжетімділігі толықтай жойылған жоқ.

7-параграф. Мигрант балалар

Қазақстанда миграция және мигрант балаларды қорғау мәселелерін нормативтік құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Халықтың көші-қоны туралы", "Босқындар туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" заңдарға негізделген.

Куәландырушы құжаттары жоқ ата-аналардың балалары туғанда олардың тууын тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында тууды тіркеу стандарты 2019 жылы өзгертілді әрі бұл құқықтық қамтамасыз етудің қосымша элементі болып табылады.

Ата-анасыз жалғыз жүрген бала анықталған жағдайда ол 3 айға дейінгі мерзіммен Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына (10) орналастырылады. Осы кезеңде

отбасын іздеу, құжаттарды ресімдеу және қажет болған жағдайда туған еліне қайтару жұмыстары жүргізіледі.

Қалыптасқан жүйеге қарамастан, мынадай бірнеше мәселе сақталып отыр:

1) көші-қон қызметтері, қорғаншылық, білім беру және әлеуметтік қорғау органдары арасындағы бірыңғай ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетігінің болмауы баланы кешенді сүйемелдеу маршруттарын қалыптастыруды қиындатады;

2) кәмелетке толмаған мигранттардың әкімшілік құқық бұзушылықтарға тартылу жағдайы ерекше назар аударуды талап етеді. Ресми деректерге сәйкес ӘҚБтК-ның 517-бабы (4-бөлік) бойынша жауапқа тартылған кәмелетке толмағандардың саны өскен. Мысалы, 2022 жылы 538 жағдай, 2023 жылы 1 155, 2024 жылы 2 513, 2025 жылы 1801 жағдай тіркелген;

3) мигрант балалардың білім алу, әлеуметтік қорғау және медициналық көмек алу құқықтарының жеткілікті деңгейде іске аспауы. Кейбір жағдайларда көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу сәйкестендіру нөмірінің, тұрғылықты жер бойынша тіркеуді растаудың және реттелген құқықтық мәртебесінің болмауына байланысты қиындық тудырады;

4) құқықтық алаңнан тыс еңбекке тартылатын мигрант жасөспірімдерге (15–17 жас аралығындағы) қатысты қанау және зорлық-зомбылық қаупінің болуы.

8-параграф. Балалар еңбегі

Көбінесе балалар жазғы каникул кезеңінде еңбек қызметіне қатысады, бұл жасөспірімдердің ақша табуға деген ұмтылысымен байланысты. Жасөспірімдерді жұмыспен қамтудың негізгі салаларына ауыл шаруашылығы (арамшөп жұлу, егін жинау), базар (көкөніс пен жеміс тиеу, сұрыптау), көлік жуу, ұсақ сауда және курьерлік қызметтер жатады. Сондай-ақ қайыр сұрау, түнгі мекемелерде заңсыз жұмыс істеу сияқты жұмыспен қамтудың қауіпті жағдайларының фактілері бар.

Проблема ата-аналар мен жасөспірімдердің құқықтық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігіне байланысты күрделене түседі.

Жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасы, бала саудасына тыйым салу, балалар жезөкшелігі мен порнографиясы туралы, сондай-ақ балалар еңбегінің ең нашар нысандарын жою туралы ережелермен қоса Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) базалық конвенцияларына және Бала құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттамаға қосыла отырып, Қазақстан Республикасы балаларды пайдаланудан қорғау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді дәйекті түрде орындап келеді.

Ұлттық нормативтік база балалар еңбегі мәселелерін кешенді түрде реттейді.

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14 жастан бастап балалардың денсаулығына және білім алуына зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу құқығын, сондай-ақ

экономикалық қанаудан қорғалу құқығын бекітеді. Еңбек кодексінде еңбек шартын жасаудың ең төменгі жасын 16 жас деп анықталған, белгіленген шарттар сақталатын болса, 14-15 жастан бастап жұмыс істеуге жол беріледі, сондай-ақ ауыр және қауіпті жұмыстарға, түнгі уақыттағы жұмыстарға, үстеме және вахталық әдіске тыйым салады. 18 жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар тізбесі бекітілген.

Балалар еңбегі саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Елімізде жыл сайын "Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн" ұлттық науқаны іске асырылуда.

Заңсыз жұмысқа тарту қаупін азайту үшін жергілікті атқарушы органдар жасөспірімдерді жұмысқа орналастырудың уақытша заңды түрін ұйымдастырады. www.enbek.kz сайтында еңбек заңнамасының талаптары сақталған жағдайда кәмелетке толмаған балалар орындай алатын жұмыс түрлерінің тізбесі орналастырылған.

Сонымен қатар балалар еңбегін заңсыз пайдалану және кәмелетке толмағандарды қауіпті еңбек түрлеріне тарту жағдайлары талаптарды қатаңдату және заңнамалық реттеудің нақты тетіктерін енгізу қажеттігін көрсетеді.

9-параграф. Бала саудасы

Көп жағдайда қылмыстың бұл түрі ата-аналардың балаларды асырап алуға заңсыз беруімен байланысты.

Елімізде бала саудасына қарсы іс-қимылдың құқықтық және институционалдық жүйесі дәйекті түрде құрылуда.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде балалар саудасына арналған жеке бап (135-бап) қарастырылған, сондай-ақ балаларды пайдалану үшін жауапкершілікті көздейтін аралас құрамдар көзделген (134, 309 және т.б. баптар).

2024 жылы "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Заң қабылданды, онда балаларды қорғау жөніндегі жеке тарау көзделген. Сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлерінің жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына міндетті түрде хабарлауы бекітілген нормалар белгіленді. Уақытында хабарламағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. 2025 жылы мұндай фактілер тіркелген жоқ.

Бұрын практикада жаңа туған нәрестелерді беру рәсімдерінің дұрыс ресімделмеуі бойынша жекелеген жағдайлар тіркелген болатын, бұл бақылауды күшейтуді және рәсімдердің ашықтығын арттыруды талап етті. Мұндай тәуекелдерді жою үшін 2024 жылы әке екенін сот тәртібімен анықтау, сондай-ақ әкесі анықталған баланы асырап алу кезінде молекулалық-генетикалық сараптама қорытындысын міндетті түрде ұсынуды көздейтін жаңа нормалар енгізілді.

Адам саудасынан зардап шеккен балаларға әлеуметтік көмек әлеуметтік, психологиялық, медициналық, педагогикалық, еңбек және құқықтық қолдау көрсету тізбесін, көлемі мен шарттарын айқындайтын арнайы әлеуметтік қызметтер стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Адам саудасы мен балалар саудасына қарсы күрестің негізгі бағыттары адам саудасының құрбандарын анықтау және қайта бағыттау бойынша стандартты операциялық рәсімдерді әзірлеуді, кадрларды секторараралық оқытуды, алдын алу науқандарын және ведомствоаралық мобильді топтардың жұмысын көздейтін Адам саудасына байланысты қылмыстың профилактикасы, оның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі 2024 – 2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына енгізілген.

Сонымен қатар мемлекеттік жүйелерде баланың фотосуретінің міндетті түрде болуын енгізудің орындылығы туралы мәселені кешенді түрде шешу талап етіледі. Визуалды сәйкестендірудің болмауы балаларды заңсыз әкету және сату қаупін арттырады.

10-параграф. Балалар үшін қауіпсіз орта

Балалар жүретін ортаның қауіпсіздігі олардың құқықтарын қорғаудың кешенді жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Статистикалық талдау көрсеткендей, балалар өлімі мен жарақатының сыртқы себептерінің едәуір бөлігі жолдардағы, су айдындарындағы және қалалық инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті жағдайлармен байланысты.

Жыл сайын сыртқы себептер салдарынан 1 мыңнан астам бала қайтыс болады. Өлімнің ең жиі себептері ретінде жол-көлік оқиғалары, суға батып кету, терезеден құлап кету көрсетіледі.

Жол-көлік қауіпсіздігі

2025 жылы жол-көлік оқиғаларынан 12407 бала зардап шекті, 285 бала қайтыс болды (2023 жылы 4342 бала зардап шекті, 317 бала қайтыс болды, 2024 жылы 10149 бала зардап шекті, 328 бала қайтыс болды).

Жарақаттанудың кең тараған себептері – жаяу жүргіншілерді қағып кету (42 %) және көліктердің соқтығысуы (29 %). Ең осал топ бастауыш мектеп жасындағы балалар (0-11 жас) болып табылады.

Балаларды ұйымдасқан түрде тасымалдау кезінде талаптардың бұзылуы және мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың маңындағы көше-жол инфрақұрылымының жеткілікті қорғалмауы қосымша қауіп-қатер туындатады.

Қауіптерді жүйелі түрде төмендету мақсатында 28 571 іс-шараны, оның ішінде көше-жол желісін абаттандыруды, жол белгілерін орнатуды, жасанды төмпешіктер қоюды, жол таңбаларын сызуды, шу жолақтарын орнатуды және басқа да шараларды

қарастыратын Білім беру ұйымдарына іргелес жатқан жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидаларының негізінде балаларды тасымалдауды ұйымдастыру алгоритмі ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды әзірледі.

Балалардың терезеден құлап кетуі

Балалардың тұрмыста жарақаттануының ең жиі кездесетін себептерінің бірі – терезеден құлап кету.

2025 жылы терезеден құлау бойынша 239 жағдай тіркелді, олардың 45-і өліммен аяқталған (2023 жылы 197, оның ішінде 26 бала қайтыс болған, 2024 жылы 243, оның ішінде 33 бала қайтыс болған). Негізгі қауіпті топ – 2-5 жас аралығындағы балалар.

Мультииндикаторлық кластерлік зерттеу (бұдан әрі – МИКЗ) үй шаруашылықтарының 42,4 %-ында терезелерде қорғаныш тетіктер орнатылмағанын көрсетті. Бұл ретте ата-аналар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы балалардың қауіпсіздігіне әсерін тигізетін негізгі факторлардың бірі болып қала береді.

Балалардың терезеден құлап кетуінің алдын алу жұмыстары шеңберінде соңғы жылдары заңнамалық шаралар қабылданып, профилактикалық іс-шаралар, үйлерді аралау және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Балалардың суға батып кетуі

2025 жылы балалар суға батып кеткен 49 жағдай тіркелді (2023 жылы – 60, 2024 жылы – 55).

Талдау көрсеткендей, оқиғалардың басым бөлігі шомылуға тыйым салынған және арнайы жабдықталмаған су айдындарында, сондай-ақ ересектердің балаларды қараусыз қалдыруы салдарынан орын алған. Бұл ретте суға батып кеткен балалар 2 жастан 18 жасқа дейінгі аралықта. Жылы мезгілде балалардың су айдындарының маңында көбірек уақыт өткізуіне байланысты жағдайдың күрделене түсетіні байқалады.

Жыл сайын шомылу маусымы қарсаңында құтқару бөлімшелерінің қызметкерлері балаларды жүзуге үйрету бойынша оқыту жұмыстарын жүргізеді, балаларға арналған жағажайлар тексеріледі және жабдықталады. Жергілікті атқарушы органдар шомылуға рұқсат етілген және тыйым салынған орындардың тізімін айқындайды. Азаматтар, ата-аналар, сондай-ақ балалар үшін сынып сағаттары мен қауіпсіздік сабақтары аясында ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар жол-көлік оқиғалары, терезеден құлап кету және суға батып кету салдарынан балалардың жарақаттануы мен опат болуының алдын алуда мынадай проблемалар мен мәселелердің бар екенін талдау көрсетіп отыр:

1) өлімге әкеп соққан жағдайлардың көпшілігінде балаларды ересектер қараусыз қалдырған;

2) ескі тұрғын үйлердің терезе конструкцияларына қауіпсіздік құлыптарын орнату және профилактикалық науқандар практикасын дамыту қажеттігі өзекті болып отыр;

3) балалар баруы мүмкін ғимараттарды жобалау, салу және пайдалану кезінде терезе ойықтарын қауіпсіздік құлыптарымен қамтамасыз ету талаптары "Көппәтерлі тұрғын үйлер" құрылыс нормаларында көзделген. Бұл ретте қазіргі таңда терезені күрделі ашу тетігі қауіпсіздік құлпы деп түсінілуде, бірақ бұрылатын, шалқасынан ашылатын жаппалар қауіпсіз болып саналмайды, өйткені терезенің тұтқасы бұл жағдайда бекітілмейді және ашу тетігі қолжетімді күйінде қалады, осылайша бала терезені еркін аша алады;

4) жергілікті атқарушы органдар рұқсат етілген 682 жүзу орнын анықтаған, дегенмен бұл тізбе барлық елді мекендер мен балалардың жүзу мүмкіндігі бар орындардың бәрін бірдей қамтымайды;

5) ЖКО-дағы қайғылы жағдайлардың, терезеден құлап кетудің, суға батып кетудің және балалардың өліміне әкеп соғатын басқа да себептердің алдын алу үшін қосымша шараларды енгізу және халықаралық практикаға сәйкес тәсілдерді жаңарту қажет.

Инфрақұрылым мен ойыншықтардың қауіпсіздігі

Кейбір өңірлерде қалалық ортаның әлеуетті қауіпті объектілерінде, оның ішінде бекітілмеген футбол қақпаларында, трансформаторлық қосалқы станцияларда, қараусыз қалған ғимараттарда, аттракциондарда, батуттарда және өзге де құрылымдарда балалардың қатысуымен болатын оқиғалар тіркелуде.

Заңнамада осы саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттеудің негізгі ережелері айқындалған.

Алайда практика бірқатар елеулі мәселелердің бар екенін көрсетіп отыр:

1) аттракциондардың техникалық реттелуі 038/2016 Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті және 3359-2019 Қазақстан Республикасының стандарты аясында жүзеге асырылады, алайда нормативтік база негізінен жабдықтарды пайдалануға енгізу мен бастапқы техникалық куәландыру кезеңдерін ғана қамтиды;

2) аттракциондарды пайдалану, бақылау, жөндеу және оқиғаларды тергеу жұмыстары жеткілікті түрде реттелмеген, аттракциондардың бірыңғай тізілімдері жоқ, мобильді және уақытша конструкцияларға жүйелі тексеру жүргізілмейді, сонымен қатар кейбір объектілер бойынша қайғылы оқиғалардың ресми статистикасы жоқ, бұл қауіптерді кешенді бағалауды қиындатады;

3) мобильді және үрлемелі аттракциондар да алаңдаушылық тудырады. Қазіргі уақытта олар аулаларда, сауда орталықтарында және мерекелік іс-шараларда уақытша құрылымдар ретінде жаппай орнатылуда, бұл оларды іс жүзінде стационарлық объектілерге қолданылатын қатаң талаптардан тыс қалдырады. Сонымен қатар операторлар көбіне арнайы оқытудан өтпейді, күнделікті тексеру журналдарын жүргізбейді және оқиғаларды тіркемейді;

4) балалар ойыншықтары тек тауар ғана емес, сонымен қатар баланың дамуына ықпал ететін маңызды элемент болып табылады. Олардың қауіпсіздігін реттеу ойыншықтардың физикалық, химиялық және санитариялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейтін 008/2011 Кеден одағының техникалық регламентімен және " Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Заңмен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік органдар сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жасап, мониторинг жүргізеді.

Сондай-ақ қолданыстағы реттеу тетіктері ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық қауіпсіздігін қамтымайды. 2011 жылға дейін ойыншықтардың сюжетін, визуалдық мазмұнын және жас ерекшеліктеріне сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық сараптаманың міндетті институты болған.

2-тарау. Баланың білім алуға құқығы

Елімізде білім берудің барлық деңгейіндегі реформалардың жүйелілігін, сабақтастығын және стратегиялық бағытын қамтамасыз ететін білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық, нормативтік құқықтық және институционалдық негіздері құрылған.

Білім беру жүйесінің заңнамалық негізін білім беру саласындағы кепілдіктер мен стандарттарға қойылатын талаптарды айқындайтын Қазақстан Республикасының Конституциясы құрайды.

"Білім туралы" салалық Заңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған негізгі қағидаттары көрсетілген.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды стратегиялық құжаты болып табылады.

Білім беру жүйесінің институционалдық негізі

Білім беру жүйесінде үйлестіруші және нормативтік-әдістемелік рөлді Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі атқарады.

Өңірлік деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты білім басқармалары мен бөлімдері жүзеге асырады.

Білім беру жүйесі балалардың оқуын, тәрбиесін және дамуын үздіксіз қамтамасыз ететін көпдеңгейлі ұйымдар желісінен тұрады. Оқу бірнеше дәйекті деңгейге бөлінеді: мектепке дейінгі тәрбие, бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім .

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар арқылы іске асырылады. 2025–2026 оқу жылының басында елде 11909

мектепке дейінгі ұйым (5383 – мемлекеттік, 6526 – жекеменшік) жұмыс істеп тұр, онда 1 млн-ға жуық бала тәрбиеленуде. 2024 жылы 77,8 мың орынға арналған 642 жаңа мектепке дейінгі ұйым, ал 2025 жылы 49 мың орынға арналған тағы 511 ұйым ашылды.

Орта білім жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдары желісінен тұрады: Назарбаев Зияткерлік мектептері, республикалық физика-математика мектептері және "Білім-Инновация" лицейлер желісі. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша елімізде 8059 орта білім ұйымы жұмыс істейді (7159 мемлекеттік, 900 жекеменшік), онда 3,95 млн бала білім алуда.

Мамандар мен білікті жұмысшы кадрларды даярлау техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі арқылы іске асырылады. Елімізде 772 колледж (447 мемлекеттік, 325 жекеменшік) бар, оларда 500 мыңнан астам студент оқиды, олардың 312 мыңнан астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алады.

Негізгі біліммен қатар қосымша білім беру де әртүрлі ұйымдардан тұратын ауқымды желі арқылы жүзеге асырылады. 2025 жылы қосымша білім беру ұйымдарының желісі 2013 объектіні құрады (1237 мемлекеттік, 776 жекеменшік), оның ішінде 217 оқушылар сарайы және 313 өнер мектебі, 410 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар.

Балалардың қосымша білім алуы мен бос уақытын тиімді өткізу жүйесінде жазғы демалыс инфрақұрылымы маңызды элемент болып табылады. Ол әртүрлі форматтағы 10 мыңнан астам ұйымды қамтиды, оның ішінде жыл бойы жұмыс істейтін лагерьлер (17), маусымдық лагерьлер (192), шатырлы лагерьлер (500-ден астам) және мектеп жанындағы лагерьлер (10 мыңнан астам) бар.

Инклюзивті білім беру бейімделген білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар, сондай-ақ арнайы ұйымдар және ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕББҚ) балалар үшін жағдай жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Инклюзивті тәсілдер білім беру жүйесінің барлық деңгейіне енгізілуде.

Елімізде балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін орындайтын 110 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (бұдан әрі – ПМПК) жұмыс істейді.

Арнайы білім беру ұйымдары ресурстық база ретінде қызмет атқарады. 2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша арнайы білім беру ұйымдарының желісіне 230 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 99 арнайы мектеп, 45 арнайы балабақша, 13 оңалту орталығы және 11 аутизмі бар балаларды қолдау орталығы кіреді.

Сонымен қатар ірі мектептерде ЕББҚ бар балаларды қолдау кабинеттері ашылуда. Тек 2025 жылдың өзінде балалармен жеке және топтық жұмыс жүргізу үшін арнайы оқу құралдарымен және жиһаздармен жабдықталған 113 кабинет ашылды. Қазіргі уақытта осындай 1 мыңнан астам кабинет жұмыс істейді.

Жалпы білім беру жүйесінің институционалдық негізі білім берудің барлық деңгейінде мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін кеңейтуге және сапасын арттыруға бағытталған шаралар кешені іске асырылуда.

Ұйымдар желісін біртіндеп кеңейту және жаңа орындар ашу есебінен балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту деңгейі жоғары көрсеткішке (95,9 %) жетті.

Орын тапшылығы проблемасын біртіндеп шешу үшін 2027 жылға қарай 300 мың жаңа орын ашуды көздейтін қадамдық жоспар іске асырылуда, қазіргі уақытта оның 195 мыңнан астамы (65 %) ашылды. Бұған қоса тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында топтарды ұтымды орналастыру тетіктері қолданылуда, ведомстволық мектепке дейінгі ұйымдар желісі дамытылуда.

Орын тапшылығы проблемасын шешудің негізгі бағыттарының бірі – қаржыландыру жүйесін трансформациялау. 2024 жылдан бастап бірқатар өңірлерде " ақша баламен жүреді" қағидатына негізделген ваучерлік қаржыландыру тетігі енгізілуде. Пилоттық жоба еліміздің 20 қаласы мен 16 ауданындағы шамамен 5,6 мың мектепке дейінгі ұйымды қамтиды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыруға бағытталған жүйелі шаралар іске асырылуда. Мектепке дейінгі ұйымдардың рейтингі енгізілді, бұл ретте олардың 75,1 %-ы белгіленген сапа талаптарына сәйкес келеді. 384 құзырет орталығы мен 300 мобильді әдістемелік топ құрылды, ата-аналарға арналған консультациялық пункттер желісі кеңейтілді (2023 жылғы 3,3 мыңнан 2025 жылы 6,0 мыңға дейін). Практикаға цифрлық құралдар, оның ішінде "Беске дейін үлгер" мобильді қосымшасы енгізілуде. 2027 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарды міндетті лицензиялау енгізіледі, бұл көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды күшейтуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қолдау мақсатында 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап әлеуметтік осал санаттағы балалар тегін тамақпен қамтамасыз етілуде. 2025 жылы мұндай қолдауды 67 мың тәрбиеленуші алды.

Қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытуда кешенді түрде пысықтауды талап ететін мынадай бірқатар міндеттер бар:

1) орташа республикалық қамту деңгейі жоғары болғанымен, жекелеген қалаларда жоғары сұраныс сақталуда, бұл кезектілікке әкеледі. Ауылдық жерлерде материалдық-техникалық база мен кадрлық әлеуеттің дамуы біркелкі емес, бұл жаңа орындар ашу мүмкіндігін шектейді;

2) кадрларға деген сұраныс әлі де жоғары. Мектепке дейінгі 11,9 мың ұйымда 103 мыңнан астам педагог жұмыс істейді, алайда олардың тек 84 %-ының ғана бейіндік білімі бар. Тәрбиешілердің жартысынан көбінің (52,2 %) біліктілік санаты жоқ, ал

жалпы кадрға деген сұраныс 17 мың адамнан асады, әсіресе ірі қалаларда. Бұл жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жүктемесінің артуына, кадрлардың тұрақсыздығына, балалармен жүргізілетін жұмыс сапасының төмендеуіне әкеледі;

3) мектепке дейінгі ұйымдардың қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталғанына қарамастан, қатыгездік көрсету фактілері мен түрлі оқиғалар кадр даярлауды одан әрі күшейту, ішкі рәсімдерді стандарттау және алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде дамыту қажеттігін көрсетеді.

2-параграф. Орта білім беру

Орта білім берумен елдегі балалардың негізгі бөлігі қамтылған (шамамен 4 млн оқушы) және баланың білім алу құқығын қамтамасыз етудің негізгі деңгейі болып табылады.

Биылғы жылы олимпиадаларға қатысу қорытындысы бойынша оқушылардың қол жеткізген тарихи жетістіктері білім сапасы көрсеткіштерінің біріне айналды.

2024–2025 оқу жылында 1720 қазақстандық мектеп оқушысының 35 халықаралық олимпиада мен ғылыми конкурстарға сәтті қатысуы отандық білім берудің аса жоғары деңгейін және жас таланттардың әлеуетін көрсетті. Қатысушы ретінде қазақстандық оқушылар 1006 медаль (193 алтын, 349 күміс және 464 қола) жеңіп алды, бұл әрбір екінші қатысушы жүлдегер атанғанын білдіреді.

Стратегиялық маңызды салалардағы жетістіктер ерекше мәнге ие. Қазақстандық мектеп оқушылары Пекинде өткен Халықаралық жасанды интеллект олимпиадасында (IOAI 2025) рекордтық жетістікке қол жеткізіп, үш алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар Аустралияда өткен Халықаралық математикалық олимпиадада (IMO-2025), 112 елден келген 650 үздік жас математиктің жарысында құрама команда төрт күміс және екі қола медальға ие болды. Әлемдік аренадағы мыңнан астам медаль және негізгі бағыттардағы табыс түріндегі бұл жеңістер Қазақстанның жаһандық ғылыми-техникалық прогреске үлес қосуға дайын екендігін көрсетеді.

Оқушылардың жетістіктері мемлекеттік деңгейде үлкен қолдау табады. Мемлекет басшысының бастамасымен жеңімпаздар мен жүлдегерлерге, сондай-ақ ғылыми жетекшілерге қомақты ақшалай сыйақы төленеді.

Білім беруді цифрландыру орта білім жүйесін дамытудағы маңызды бағыттардың біріне айналды. Елдегі мектептердің 99,1 %-ы Интернет желісіне қосылған, оның ішінде білім беру ұйымдарының басым көпшілігі жоғары жылдамдықты Интернетпен қамтамасыз етілген. Электрондық журналдар мен цифрлық білім беру платформаларын енгізу мектеп, оқушылар және ата-аналар арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетіп, балалардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылаудың ашықтығын арттырды.

Сонымен қатар мектеп салу ауқымын кеңейту және оларды жаңғырту жұмыстары іске асырылуда. 2019–2024 жылдар кезеңінде елде 1200-ден астам жаңа мектеп

салынды (1 миллионнан астам оқушы орны). Бұл үш ауысымды оқыту проблемасын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді. Үш ауысымда жұмыс істейтін мектептердің шамамен 100-ге жуығы осы санаттан шығарылды. 2021 жылдағы жағдаймен салыстырғанда үш ауысымды мектептердің саны үш есе азайды.

"Келешек мектептері" ұлттық жобасы мектеп инфрақұрылымын едәуір жақсартты: 460,4 мың оқушыға арналған 217 мектеп салынды. Келешек мектептері – бұл тек жаңа ғимараттар емес, бұл білімді, жауапты және бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыруға бағытталған жаңартылған білім беру моделі. Бұл мектептер жақын маңдағы мектептер үшін тірек болып, білім сапасында айтарлықтай алға жылжуға мүмкіндік береді.

"Келешек мектептері" инфрақұрылымы бұрынғы типтік мектептермен салыстырғанда ауданы 15-20 %-ға, техникалық жабдықталу деңгейі бойынша 4 есе асып түседі. Барлық жайлы мектептер еңбекке баулу, музыка, хореография кабинеттерімен, залдармен, физика, химия және биология пәндері бойынша заманауи зертханалармен, STEM-зертханалармен және робототехника кабинеттерімен, коворкинг аймақтарымен және көп функциялы спорт залдарымен жарақтандырылған.

Сонымен қатар оқумен қамтылмаған балалармен жұмыс істеуге де күш жұмсалуда. Жыл сайын мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебі жүргізіліп, егер бала мектепке бармаса, оны оқуға қайта қосу шаралары қолға алынады. Әртүрлі себептермен оқуға қабылданбаған балалар ерекше бақылауға алынады. Дегенмен әкімшілік жауапкершілік балалары мектепке бармайтын отбасылармен жұмыс істеудің бірден-бір тетігі ретінде қала береді.

Сонымен қатар балалардың орта білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер сақталуда:

1) соңғы жылдары әртүрлі отбасылық мән-жайларға байланысты балалар орта білім беру ұйымдарына бармай қалатын кейбір жағдайлар анықталуда;

2) заңнамалық нормаларды жетілдіру қажеттігі әлі де сақталуда. Мысалы, "Білім туралы" Заңның 31-бабы ерекше жағдайларда 16 жасқа толмаған балаларды оқудан шығаруға жол береді. Балаларды кейіннен орналастыру жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Алайда оларды кейінгі сүйемелдеудің егжей-тегжейлі тетігінің болмауы қосымша нормативтік нақтылауды талап етеді;

3) тергеу изоляторларында отырған кәмелетке толмағандар үшін ұйымдастырылған оқу процесінің болмауы маңызды мәселе болып отыр. Тергеу изоляторларындағы балалардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі мектептерде білім алатын сотталған жасөспірімдерден айырмашылығы – олардың іс жүзінде тұтқында болу кезеңінде білім беру жүйесінен шығып қалуында;

4) баланың білім алу процесінде отбасының рөлі шешуші болып табылады. "Білім туралы" Заң ата-аналардың балалардың орта білім алуын қамтамасыз ету міндетін

бекітеді. Практикада ата-аналардың бір бөлігі білім беру процесіне жеткілікті деңгейде атсалыспайтыны байқалады.

3-параграф. Балалардың білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздігі

Қазақстанда балалардың басым бөлігі күн сайын білім беру ұйымдарына барады, осыған байланысты аталған ұйымдардағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылады.

2022–2025 жылдары Қазақстанда білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік, ұйымдастырушылық және техникалық шаралардың кешенді жүйесі қалыптастырылды.

Барлық білім беру объектілері жедел басқару орталықтарына қосылған заманауи бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен, лицензияланған күзетпен, кіруді бақылау және басқару жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Білім беру жүйесіндегі террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі ведомстволық нұсқаулық негізгі құжат болып табылады.

2024 жылы контингенті 100 адамнан асатын білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар кеңейтіліп, қауіпсіздік стандарттары нақтыланды және қауіпсіздік жүйелері туралы мәліметтерді ұлттық білім беру деректер базасында көрсету міндеті енгізілді.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылы күзет қызметтерін сатып алу бойынша күзет ұйымдары мен күзетшілерге қойылатын бірыңғай талаптарды қамтитын үлгілік конкурстық құжаттама бекітілді.

Алайда бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында камералар болса да, қауіптер мен құқық бұзушылық белгілерін тіркеу үшін бейнежазбаларға жүйелі мониторинг пен талдау жүргізілмейді.

4-параграф. Инклюзивті білім беру

Инклюзия саласындағы мемлекеттік саясат стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда жүйелі түрде бекітіліп отырады.

2024 жылы Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар іске асырылды, онда инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған іс-шаралар қамтылған.

2025–2026 оқу жылының басындағы жағдай бойынша елде 235 мыңнан астам ЕББҚ бар бала тұрады, оның ішінде 165 мыңы мектеп оқушысы және 70 мыңы мектепке дейінгі жастағы балалар (2023 жылы – 185 мың, 2024 жылы – 203 мың).

Білім беру ұйымдары инклюзивті тәсілді іске асыратын негізгі институттар болып табылады. 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасында инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасау көрсеткіштері көзделген, оған қолжетімді физикалық орта (пандустар, лифтілер, қолжетімді санитариялық тораптар), арнайы жабдықтар мен оқу материалдары (Брайль қарпі, есту аппараттары, тифлотехника), сондай-ақ даярланған кадрлардың болуы кіреді.

ЕББҚ бар баланы оқу процесінде сүйемелдеуді қамтамасыз ететін " педагог-ассистент" лауазымының енгізілуі маңызды қадам болды. Сонымен қатар білім беру ұйымдарының үлгілік штаттарына "арнайы педагог", "білім беру ұйымындағы жеке көмекші" лауазымдары, ал мектепке дейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерінде "педагог-ассистент" лауазымы енгізілді. Арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік штаттары бекітілді.

Мамандардың кадрлық құрамы 10 мыңнан астам арнайы педагогтен, 3,8 мың педагог-ассистенттен және 1,8 мың кәсіби бағдар беруші педагогтен тұрады.

2025 жылы Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын, ЕББҚ бағалау қағидалары мен бағдарламаларын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын қоса алғанда, нормативтік құқықтық актілер жаңартылды.

2024 жылы 67 арнайы үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп, 47 оқу-әдістемелік кешен әзірленді.

Инклюзивті білім беруді қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. "Ақша баламен бірге жүреді" қағидаты енгізілді.

Сондай-ақ мемлекет педагогтердің инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыруды қаржыландырады. Тек 2024 жылдың өзінде "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамында инклюзивті білім беру курстарынан өткен педагогтердің саны 8,7 мың адамнан асты.

Мектептерде білім беру процесінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үш деңгейлі моделі енгізілуде. Бұл жаңашылдық балаға сынып деңгейінде (сабақ барысында бейімдеуді жүзеге асыратын мұғалім мен ассистент), мектеп деңгейінде (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог командада бірлесіп жұмыс істейді) және сыртқы ресурстар деңгейінде (ПМПК кеңестері, ресурстық орталықтар) қолдау көрсетуді көздейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді қолдау көрсету туралы жаңа Заң қаралуда. Ол балалардың медициналық, білім беру және әлеуметтік қызметтерге үздіксіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ біртұтас қолдау жүйесін құруға бағытталған.

Сонымен бірге сапалы жаңа инклюзивтік модельге көшу үшін алдағы қадамдарды қарастыру қажет:

1) бірқатар өңірлерде инклюзивтік инфрақұрылымды дамытуға, білім беру ұйымдарында, әсіресе ауылдық жерлерде инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауға сұраныс сақталуда. Қосымша міндеттер педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуді арттырумен, қолдау қызметтерін нығайтумен және педагогтердің инклюзивтік ортадағы практикалық дағдыларын дамытумен байланысты;

2) ЕББҚ бар балалардың сабақтан тыс іс-шараларға қатысуын кеңейту маңызды бағыт болып отыр. Олардың қосымша білім беру жүйесіндегі үлесі әзірше төмен, бұл үйірмелер мен секциялардың бағдарламаларын бейімдеуді талап етеді;

3) инклюзия мәдениеті әлі де бұқара қоғамның санасында нормаға айналған жоқ. ЕББҚ бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларға көрсетілетін қолдау да күшейтуді қажет етеді.

5-параграф. Техникалық және кәсіптік білім беру

Техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде 772 колледж жұмыс істейді, онда 500 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр, олардың 70 %-ы мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алуда. Жыл сайынғы қабылдау шамамен 189 мың адамды құрайды, бұл ретте негізгі лек 9-сынып түлектерінен тұрады, білім алушылардың көпшілігі колледждерге өздері таңдаған мамандықты және еңбек нарығының талаптарын толық түсінбей келеді.

Дайындық негізінен техникалық және инженерлік мамандықтарға бағдарланған, аталған бағыттарға гранттардың шамамен 70 %-ы бөлінеді.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 81-82 %-ға жетеді.

Жалпы білім беру жүйесінің институционалдық негізі білім берудің барлық деңгейлері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді.

6-параграф. Қосымша білім беру

Қосымша білім беру жүйесін дамыту жұмыстары кешенді түрде жүргізіледі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қосымша біліммен қамту деңгейі 90 %-ды немесе 3,5 млн баланы құрады (2024 жылы – 86,3 %).

Қызығушылық бойынша тегін үйірмелер мен спорт секцияларына 2,2 млн-нан астам (2024 жылы – 2,1 млн) оқушы қатысады, бұл қосымша біліммен қамтылған балалардың жалпы санының 63 %-ын (2023 жылы – 51 %) құрайды. Спорт секцияларының басым бөлігі мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржыландырылады.

Балаларды сауықтыру және олардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған жол картасы іске асырылуда.

2024 жылы қосымша білім беретін 11 ірі объект ашылды (2023 жылы – 11 объект). 2025 жылы қосымша білім беретін 20 объект салу жоспарланған.

Ваучерлік қаржыландырудың енгізілуі жаңғырту бағыттарының біріне айналды.

Балалардың жазғы демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру қосымша білім беру және сауықтыру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

2025 жылы мектеп оқушыларының жалпы контингентінің 94 %-ы ұйымдастырылған демалыс түрлерімен қамтылды (1 – 10 сыныптағы 3,4 млн оқушының 3,2 млн-ы), бұл өткен жылмен салыстырғанда 200 мыңға көп. Әсіресе маңыздысы, әлеуметтік осал топтағы балалардың қамтылуы 95 %-ға жетті (шамамен 800 мың бала).

2026 жылғы 1 сәуірден бастап кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсететін балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын лицензиялау енгізіледі, бұл қауіпсіздік, инфрақұрылым және демалыс сапасы стандарттарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қол жеткізілген нәтижелермен қатар қосымша білім беруді дамыту қолжетімділікті одан әрі кеңейтуді талап етеді. Ауылдық жерлерде үйірме таңдау инфрақұрылымның жетіспеушілігіне байланысты шектеулі болып отыр. Мемлекеттік лагерьлердің инфрақұрылымы біртіндеп жаңғыртуды талап етеді.

3-тарау. Баланың денсаулыққа құқығы

Баланың денсаулығын қорғау іргелі құқық болып табылады және тек медициналық көмекті ғана емес, сонымен қатар аурулардың алдын алуды, дамудағы ауытқуды ерте анықтауды, толыққанды физикалық, психикалық және әлеуметтік даму үшін қауіпсіз орта мен жағдай жасауды қамтиды. Ана мен балаға қатысты мемлекеттік саясат адами капиталға салынатын ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастырылады және Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес іске асырылады.

Соңғы жылдары Қазақстанда денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тұрақты өсіп келеді. Салаға жұмсалатын шығыстардың үлесі 2019 жылы жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 2,8 %-ынан 2024 жылы 3,3 %-ына дейін өсті. Балалар денсаулығын сақтауды қаржыландыру осы кезеңде денсаулық сақтаудың жалпы бюджетінің 23 %-ын құрай отырып, екі есеге – 260 миллиард теңгеден 585 миллиард теңгеге дейін өсті. Бұл өзгерістер балаларға арналған инфрақұрылымды кеңейтуге, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға және заманауи профилактикалық әрі емдеу тәсілдерін енгізуге қаржылық негіз болды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы Бала құқықтары туралы конвенцияның қағидаттарына толық сәйкес келуге және сапалы медициналық көмекке қол жеткізу кепілдігін нығайтуға бағытталған, бұл Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексінде көрініс тапқан.

Денсаулық сақтау жүйесінің институционалдық негізі

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және балалардың денсаулық сақтау құқығының іске асырылуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

Өңірлік деңгейде медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын жергілікті атқарушы органдар, денсаулық сақтау басқармалары қамтамасыз етеді.

Қазақстанда емханаларды, ауруханаларды және республикалық орталықтарды қоса алғанда, балаларға медициналық көмек көрсетудің көп деңгейлі жүйесі жұмыс істейді. Денсаулық сақтау жүйесінде 11120 денсаулық сақтау объектісі бар, олардың ішінде 10658 ұйым халыққа, оның ішінде балаларға тікелей медициналық қызмет көрсетеді.

Алғашқы көмекті 5617 объект көрсетеді, бұл ретте желінің едәуір бөлігі ауыл тұрғындарына бағытталған, еліміздің аумағы ұланбайтақ болғандықтан, мұның шешуші мәні бар.

Балаларға стационарлық медициналық көмек көрсету үшін республикада өңірлік деңгейде 14 000-нан астам төсек-орын (25 балалар ауруханасы) және республикалық деңгейде 815 төсек-орын (3 орталық) қарастырылған.

Қазақстан Республикасында перинаталды көмек үш деңгейлі өңірлік бөліну қағидаттарына негізделген. Елде 240 акушерлік ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 1-деңгейде 140 аудандық аурухана, 2-деңгейде 59 перзентхана мен бөлімшелері, 3-деңгейде перинаталды орталық бар.

1-параграф. Медициналық көмек түрлері

Балаларға медициналық көмек шұғыл, бастапқы, мамандандырылған, оңалту және паллиативтік көмекті қамтитын кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде көрсетіледі.

Жедел медициналық көмек

Жедел медициналық көмек қызметі ел аумағында тәулік бойы жедел көмек көрсетеді және жыл сайын шамамен 7 миллион қоңырау қабылдайды, оның үштен бір бөлігі балаларға қатысты (29 %-ы балаларға, оның ішінде 10 %-ы жаңа туған нәрестелерге қатысты). Жедел жәрдем санаты бойынша келу уақытының көрсеткіші белгіленген нормативтерге сәйкес келеді.

Жету қиын өңірлерде жоғары мамандандырылған көмек көрсету үшін санитариялық авиация белсенді қолданылады. Жыл сайын 2 мыңнан астам ұшу орындалады, соның ішінде 300-ден астамы балаларға қатысты.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек

Патронаждың әмбебап прогрессивті моделі

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) баланың денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алу мен оларды ерте анықтауда маңызды рөл атқарады. 2017 жылдан бастап жүкті әйелдер мен бес жасқа дейінгі балаларға арналған

патронаждың әмбебап прогрессивті моделі енгізілді, бұл модель медициналық және әлеуметтік қауіп факторларын анықтауға бағытталған (жүкті әйелдерге екі рет және балаларға сегіз рет бару). 2025 жылы патронаж қызметі патронаж мейіргерінің жеке штат бірлігін енгізу және нормативтік реттеуді өзектілендіру арқылы институционалдық тұрғыда күшейтілді.

Профилактика, иммундау және ерте араласу

Емізу және иммундауды қолдау алдын алу саясатының негізгі бағыттары болып қала береді.

Сонымен қатар 2024 жылдың қорытындысы бойынша 0-6 айлық 470 мың бала (80 %-дан аз) тек ана сүтімен, 568 мың бала (45 %) 2 жасқа дейін ана сүтімен бірге қосымша тағамдармен қоректендірілген.

2025 жылдан бастап Қазақстанда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры мен ДДСҰ-ның ана сүтімен қоректендіруді ілгерілетуге және балаға достық қарым-қатынастағы ауруханалар желісін кеңейтуге бағытталған жобасы іске асырылуда.

Қазақстан Республикасында инфекциялық ауруларға қарсы жыл сайын шамамен 4,9 млн адам екпе алады, оның ішінде 1,3 млн бала бар. Екпе алу бағдарламасына шамамен 30 млрд теңге бөлінеді.

Қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, 2023–2024 жылдары қызылша эпидемиясының қайта өршуі екпе алудан бас тартумен және халықтың хабардарлығының төмен болуымен байланысты осал тұстарды көрсетті, бұл коммуникациялық стратегияларды жүйелі түрде күшейтуді талап етеді.

2023–2024 жылдары қызылша індетінің өршуі негізінен екпе алмаған балалар арасында ауру таралуымен байланысты болды (83 %), олардың 58 %-ы екпе алудан бас тарту салдарынан, 24 %-ы екпе алатын жасқа жетпеуіне (бір жасқа дейінгі балалар) және 18 %-ы медициналық қарсы көрсетілімдер бойынша екпе алмауына байланысты орын алғанын айта кету керек.

2025 жылы Ұлттық егу күнтізбесіне 15 жасқа дейінгі қыз балаларды адам папилломасы вирусына қарсы вакцинациялау енгізілді. Бұл болашақта әйелдер арасында онкологиялық аурулардың деңгейін төмендетуге бағытталған стратегиялық маңызды қадам болып табылады.

Балалар мүгедектігінің алдын алуға ықпал ететін профилактикалық медицинаның маңызды бағыттарының бірі – балаларды скринингтік тексеруден өткізу.

Скринингтер жүйесі ерте балалық шақтың барлық негізгі кезеңдерін және неонаталдық, аудиологиялық, офтальмологиялық, даму скринингтерін, сондай-ақ аутистік спектр бұзылыстарын (бұдан әрі – АСБ) анықтауды қамтиды. Ерте анықтау бағдарламаларының кеңейтілуі ерте араласу қызметтерінің ауқымын кеңейту қажеттігін көрсете отырып, туа біткен және жүре пайда болған ауытқуды анықтау деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

2025 жылдан бастап медициналық алғашқы көмек жүйесінде баланың дамуын кешенді бағалауды және ведомствоаралық өзара іс-қимылды жұмылдыру арқылы жеке көмек жоспарларын іске асыруды қамтамасыз ететін педиатриялық бөлімшелер, ерте даму және араласу орталықтары (бұдан әрі – ЕДАО) құрылуда.

2025 жылдың басынан бері 286 ЕДАО ашылып, 209 педиатриялық бөлімше құрылды.

Мектеп медицинасы

Мектеп медицинасы инфекциялық емес аурулардың алдын алуда және мінез-құлыққа байланысты қауіп факторларын басқаруда маңызды құрал болып табылады.

Барлық мектептер МСАК ұйымдарына бекітілген, жоғары деңгейде жарақтандырылған және кадрлық қамтамасыз етілген 6300-ден астам медициналық пункт жұмыс істейді. Мысалы, пункттердің жарақтандырылуы 18,6 %-ға ұлғайып, 93,2 %-ды құрады, мейіргерлермен қамтамасыз етілуі 9 %-ға жақсарып, 95 %-ды құрады.

Мектептердің медициналық пункттеріндегі дәрілік заттармен қамтамасыз етілу деңгейі 95,0 %-ды, оның ішінде қалаларда 93,1 %-ды, ауылдық жерлерде 96,9 %-ды құрайды.

Қазіргі таңда мектептердің медицина қызметкерлері тек қайғылы жағдайларда ғана емес, жүрек кенеттен тоқтап қалғанда да жедел көмек көрсетуге әзір болуға тиіс. Осыған байланысты барлық мектептердің медициналық пункттері дефибрилляторлармен қамтамасыз етіледі.

2025 жылы білім беру ұйымдарында оқушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерін ескеріп теңгерімді тамақтандыруды ұйымдастыруға бағытталған жаңа тамақтану стандарты қолданысқа енгізілді.

Қазақстанда балалар денсаулығын нығайтуға қатысты тегеурін артып отырған жағдайларда "Саламатты мектеп" жобасы іске асырылуда. Жобаға қатысқан мектептердің саны – 2627.

Профилактикалық шараларының басым бағыттарының бірі – 2024–2028 жылдарға арналған "Болашаққа сау тіспен" жобасын жүзеге асыру аясында балалардың стоматологиялық денсаулығын қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта ел бойынша 145 стоматологиялық кабинет жұмыс істейді. Алдағы 3 жылда 987 кабинет ашу жоспарлануда.

Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек

Қазақстанда балаларға арналған мамандандырылған және жоғары технологиялы медициналық көмек көрсету әлеуеті дамыған, оның ішінде неонатология, кардиохирургия және онкология салалары бар: жыл сайын 50 мыңнан астам ота жасалады. Қазақстан қазіргі таңда кардиохирургиялық операция туған сәттен бастап жүргізілетін Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет болып табылады. Жыл сайын балаларға 2,5 мыңнан астам кардиохирургиялық операция жасалады. 2024 жылы 698

эндоваскулярлық араласу (2023 жылмен салыстырғанда 12 %-ға өсу) және жүрекке жасалатын 1802 ашық операция орындалды.

Инновациялық әдістерді енгізу жұмыстары жалғасуда.

Елде жыл сайын балалар арасында онкологиялық және гематологиялық аурулардың 500 – 600 жаңа жағдайы тіркеледі, ал онкогематологиялық есепте 4 мыңнан астам бала тұр.

Сонымен қатар елде орфандық (сирек кездесетін) аурулары бар 21 мыңнан астам бала бар, бұл балалардың жалпы санының 0,3 %-ын құрайды. 3,3 млн пациентті қамтамасыз етуге 262,9 млрд теңге бюджет бөлінгенде орфандық ауруларға жұмсалатын шығындар жалпы шығындардың 48 %-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі пациенттердің дәрімен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізді. Нәтижесінде негізгі проблемалар айқындалып, Орфандық аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі 2025–2026 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Шетелде ем алу

Қазақстан Республикасында жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету әдістері дамып келеді, бұл балаларды шетелге жібермей, ел ішінде емдеуге мүмкіндік береді. Өз технологияларымызды іске қосу сыртқа тәуелділікті азайтып, емдеуді қолжетімді, тиімді әрі мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан ұтымды етеді.

Соңғы жылдары енгізілген озық бағыттар: сәулелік терапия, кері электропорация арқылы склероздау, гемопоэздік дің жасушаларын трансплантттау, протондық терапия, кардиохирургия.

Халықаралық мамандардың қатысуымен 441 млн теңге сомаға 30 мастер-класс өткізілді, бұл кадрларды оқыту және күрделі араласуды өз бетінше орындауға көшу үшін негіз болды.

Технологиялық дамудың әсері нақты көрініс табуда. Туыс емес донордан гемопоэздік дің жасушаларын трансплантттауға жолдама үш есе, ал кардиохирургиялық араласуға жолдама бес еседен астам қысқарды. Ұлттық онкология орталығының базасында Орталық Азиядағы жалғыз протондық терапия орталығы іске қосылуда, бұл балаларға радиойодотерапияны ел ішінде жасауға мүмкіндік береді.

Егер елде жоқ жоғары технологиялы көмекке мұқтаж 18 жасқа дейінгі балалар бұған дейін "Шетелде емделу" бағдарламасы аясында шетелге жіберілсе, қазір мұндай қажеттілік азайып келеді. 2022–2024 жылдар аралығында 3,5 млрд теңге сомасына 247 балаға жолдама беру мақұлданды, алайда мұның ауқымын төмендету үрдіс алды: ұлттық мүмкіндіктердің дамуы еліміздегі жүйені нығайта отырып, ресурстарды қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстан жоғары технологияларды импорттаушыдан сондай технологиялар құрылатын және қолданылатын, ал пациенттер – ең алдымен балалар – үйге жақын жерден көмек алатын алаңға айналып келеді.

Медициналық оңалту

Медициналық оңалту балаларға көмек көрсететін 80 оңалту орталығының желісі арқылы жүзеге асырылады. Қалпына келтіру емінің қолжетімділігін арттыру мақсатында 2024 жылдан бастап алғаш рет амбулаториялық оңалту енгізіле бастады.

"Қазақстан халқына" қоғамдық қоры "Қамқорлық" корпоративтік қорымен, " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен бірлесіп жыл сайын 16,2 мың баланы қамтитын 27 оңалту орталығын ашты.

Бұған қоса медициналық ұйымдардың базасында 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталықтарының желісі құрылды. Қазіргі уақытта жыл сайын 12 мың баланы қамтитын осындай 20 орталық жұмыс істейді.

Паллиативтік көмек

2,5 мың бала паллиативтік көмек алды. Балаларға паллиативтік көмек көрсету үшін шамамен 200 төсек-орын бөлінген.

Балалар стационарларының құрылымына паллиативтік көмек үшін төсек-орындар (кемінде 5 төсек-орын) қосылуда.

Бұл көмек түрі тек күтімді ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар техникалық құралдармен (ортопедиялық және тыныс алу аппараттары) қамтамасыз етуді, сондай-ақ көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі мамандардың мультисалалы тобын (педагогтермен және психологтермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтін дәрігерлер, орта медициналық персонал, әлеуметтік қызметкерлер) даярлауды қамтитын кешенді тәсілді көздейді.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және фармацевтикалық ғылым

Қазақстанда қалаларды да, ең шалғай ауылдық жерлерді де қамтитын өзіндік дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің орнықты жүйесі қалыптастырылуда. Елде 10 мыңнан астам дәріхана ұйымдары жұмыс істейді, оның 2700-і ауылдарда орналасқан, ал шалғайдағы елді мекендер үшін көшпелі дәріхана пункттері жұмыс істейді, дәрілердің әрбір науқасқа жетуін қамтамасыз ететіндей инфрақұрылым жасалып отыр.

Мемлекет жыл сайын 3 млн-ға жуық адамды, оның ішінде 223 мың баланы тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеді және бұл жұмысты біртіндеп цифрлық форматқа көшіреді. 2025 жылдан бастап медициналық ұйымдар электрондық қаржы орталығының веб-порталы арқылы электрондық сатып алуға көшті, бұл күмәнді схемаларды жоққа шығарып, процесті жеделдетеді.

Сұраныс туралы деректерді дербестендіріп жинау бұрынғы нормативтік тәсілді алмастырды: сатып алу пациенттердің нақты саны бойынша қалыптастырылады, бұл жүйені тапшылықтардан, артық сатып алудан қорғайды және қамтамасыз етудің атаулы болуын арттырады. Дәрі-дәрмек "Әлеуметтік әмиян" сәйкестендіру құралы арқылы беріледі, қазірдің өзінде ол құрал арқылы алушылардың 80 %-ын қамтитын 10 миллионнан астам рецепт қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар импортқа тәуелділікті азайту, елдің қауіпсіздігін нығайту, пациенттерді жедел және шұғыл көмекке арналған препараттарды қоса алғанда, сапалы препараттармен қамтамасыз ету үшін ұлттық фармацевтика өндірісі дамытылуда. Бұл тәсіл дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді сыртқы тәуелділікке емес, елдің дербес ресурсына айналдырады.

2-параграф. Медициналық-демографиялық денсаулық көрсеткіштері

Туу көрсеткіші

Жыл сайын республикада 360 мыңға жуық бала туылады. Туудың ең жоғары деңгейі 2021 жылы 450 мыңға жуық бала дүниеге келген кезде тіркелді, кейіннен көрсеткіш 366 мыңға дейін төмендеді.

Сырқаттану

Республикада жыл сайын балаларда 6 миллионға жуық ауру жағдайлары тіркеледі. Сырқаттану құрылымында тыныс алу органдарының, ас қорыту органдарының, жүйке жүйесінің, көздің және оның қабықтарының, терінің және тері астындағы тіндердің аурулары негізгі болып табылады. Балаларды жыл сайынғы профилактикалық медициналық тексеру қорытындысы бойынша диагностикадан өткен балалардың 53 %-дан астамы ас қорыту, көз, сүйек-бұлшық ет жүйесі, тыныс алу, жүйке және эндокриндік жүйе ағзасының ауруларына шалдыққан.

Елдегі алғашқы сырқаттану деңгейі жоғары күйінде қалуда (100 мың балаға шаққанда 119 980,1), бұл ретте жалпы сырқаттану деңгейі 17,3 %-ға – 100 мың балаға шаққанда 223 589,0-ден 184 99,8-ге дейін төмендеді.

Динамикалық бақылауды қажет ететін балалар санының азаюы есебінен жалпы сырқаттануда оң серпін байқалады. Алайда ДДСҰ мен ЮНИСЕФ деректері бойынша педиатриялық қызметі дамыған елдерде жалпы сырқаттану көрсеткіші 100 мың балаға шаққанда 140 000, ал бастапқы сырқаттану 95 000 деңгейінде болуға тиіс, бұл балалардың денсаулығын нығайту бойынша жүйелі шараларды іске асыру қажеттігін көрсетеді.

Бүкіл әлемгідей біздің елімізде де психикалық аурулар ауыртпалығының ұлғаюы елеулі проблема болып табылады. Мысалы, психикалық дамуында ауытқуы бар 12 мыңнан астам бала және органикалық ауытқуы бар 11,6 мыңнан астам бала тіркелген. МИКЗ деректері бойынша дамуы үш салада (денсаулық, оқу және психологиялық ахуал) өз жасына сәйкес келетін 2-4 жастағы балалардың үлесі 75 %-ды құрайды. Балалардың дамуы, әсіресе ерте жаста дамуы қосымша қолдауды оның ішінде отбасы мүшелерінің тарапынан қосымша қолдауды талап етеді.

Ерте анықтау мүмкіндіктері кеңейгендіктен диагностикадан өткен АСБ бар балалар саны жыл сайын артып келеді. Қазақстан Республикасында халық арасында АСБ-мен

сырқаттанудың абсолютті көрсеткіштері 5 жылда 3 есе артты, 4 мыңнан 12,5 мың адамға дейін өсті, оның 97 %-ы балалар. ДДСҰ-ның бағалауы бойынша әлемде 160 адамның 1-уі АСБ-дан зардап шегеді.

Бала өлімі

Соңғы 5 жылда неонатальді өлім-жітім деңгейі 30 %-ға (1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 4,81-ден 3,37-ге дейін), нәрестелер өлімі 19 %-ға (1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 8,37-ден 6,80-ге дейін), ал 5 жасқа дейінгі балалар өлімі 13 %-ға (1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 10,69-дан 9,3-ке дейін) төмендеді.

5 жасқа дейінгі балалар өлімінің негізгі себептері – перинаталдық жағдайлар, туа біткен даму ақаулары және жарақаттар, ал 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін жарақаттар, қатерлі ісіктер және жүйке жүйесінің аурулары.

Жыл сайын 14 жасқа дейінгі балалар арасында 200 мыңға дейін жазатайым оқиға мен жарақат тіркеледі, олардың 1,2 %-ы мүгедектікке әкеледі.

Мінез-құлықтық қауіп факторларының таралуы

Балалық шақтағы мінез-құлық факторларын басқару ұзақ мерзімді денсаулық әлеуетін қалыптастырып, ересек болғанда созылмалы аурулардың өршуі мен тұрмыс сапасының төмендеуінің ықтималдығын айқындайды.

Байқалған динамика тамақтанудың, қимыл қозғалысы аз тұрмыс салтының, никотинді, алкогольді және энергетикалық сусындарды тұтынудың балалардың денсаулығына әсерінің өскенін көрсетеді.

Ең өзекті сын-қатерлердің бірі – мектеп жасындағы балалар арасында артық салмақ пен семіздіктің өсуі. COSI-дің 2020 жылға жүргізілген зерттеуінің деректері бойынша 6 -9 жастағы балалардың 20,6 %-ында артық дене салмағы, оның ішінде 6,6 %-ында семіздік анықталған. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың төрттен бірі күн сайын таңғы ас ішпейді, бұл метаболизмдегі бұзылыстардың өрбу қаупін арттырады. Бұл үрдістер тамақтанудағы мінез-құлықтың өзгеруімен, калориясы жоғары өнімдердің қолжетімділігімен және қозғалыс белсенділігінің шектелуімен тікелей байланысты.

Сусындарды тұтыну құрылымы құрамында қант мөлшері көп рационға ауысу көрінісін толықтырады. 2022 жылғы HBSC нәтижелері 2018 жылмен салыстырғанда балалар мен жасөспірімдердің тәтті сусындарды тұрақты тұтынуы 60,1 %-дан 66,7 %-ға өскенін, ал жасөспірімдердің 14,4 %-ы күнделікті тұтынатынын көрсетті. Сонымен қатар микронутриенттер тапшылығы да маңызды болып отыр: балалардағы темір жетіспеушілігі жағдайлары барлық анемияның 95 %-ын құрайды және когнитивтік, моторлық, иммундық дамуына әсерін тигізеді.

Осыған байланысты балаларда қантты диабеттің таралуы өскені байқалады. Өсім 34,5 % деңгейінде тіркелген, оның ішінде бұған дейін балаларда кездесе қоймайтын 2 типті қантты диабеттің үлесі артқан. Дұрыс тамақтанбау, гиподинамия және артық дене салмағының комбинациясы қауіптің ұзын-сонар тізбегін қалыптастырып, жасөспірімдер патологиясына қарай ендеп отыр.

Физикалық белсенділіктің жеткіліксіздігі негізгі проблема болып отыр. HBSC деректері бойынша мектеп оқушыларының жартысынан көбі (51,3 %) цифрлық ойындар мен құрылғыларға, тағы 37 %-ы бейнеролик көруге көп уақыт жұмсайды. Жасөспірімдердің күнделікті физикалық белсенділігі 32,4 %-ға дейін төмендеді, ал соңғы төрт жылда олардың экран алдында өткізетін уақыты 20 %-дан астам ұлғайған. Аз қозғалу дене салмағының артуына, ұйқының және көру функциялардың бұзылуына, күйзеліске төзімділіктің төмендеуіне әкеледі.

Гигиеналық дағдылардың қалыптасуы да жеткіліксіз болып отыр. 11-15 жас аралығындағы мектеп оқушыларының 47,7 %-ы ғана күніне екі рет тісін тазалайды, бұл ретте тұрақты күтім көбінесе қалалық балаларда кездеседі.

Сонымен қатар көздің көру қабілетінің бұзылуы кеңінен таралуда: қашықтан оқыту ұзаққа созылған пандемиядан кейінгі кезең әсіресе бастауыш сынып оқушылары арасында миопияның күрт өсуіне әкелді.

Никотинді өнімдерді тұтыну құрылымының өзгеруі электрондық баламаларға бетбұрысты көрсетеді. Жасөспірімдер арасындағы кәдімгі темекі шегушілердің үлесі 2 %-ға дейін азайды, бұл шектеу шараларының тиімділігін айғақтайды. Алайда электрондық темекі пайдалану соңғы онжылдықта шамамен сегіз есе өсті де, 2023 жылы жасөспірімдердің 12,5 %-ы тұтынатын болды. 2024 жылы электрондық темекінің айналымына тыйым салу және қылмыстық жауапкершілік енгізу әрі қарай өсуді тежейтін нормативтік негіз болды.

Қауіптер алкогольді және психоактивті заттарды тұтынумен де байланысты. HBSC деректері бойынша балалардың 7 %-ы алкогольдің дәмін татып көрген, ал 15 жастағы балалардың 2,3 %-ы бір рет болса да есірткі қолданған. Мұндай мінез-құлыққа отбасы, жақын араласатын ортасы және ата-аналар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі әсерін тигізеді.

Энергетикалық сусындар да айтарлықтай қауіп төндіреді: оларды жасөспірімдердің 42,6 %-ы, әрбір бесіншісі бала аптасына бір рет, ал 3 %-ы күн сайын тұтынады. Жүрек-қан тамырлары жүйесінің стимуляциясын жоғарылататынын және қантпен үйлесуін ескерсек, бұл кардиометаболикалық тәуекелдердің жеке блогын құрайды.

Қалыптасып отырған жағдай мектеп медицинасы шеңберінде мінез-құлықтық қауіптерді ерте анықтау жүйесін қалыптастыру, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйелерімен секторараралық өзара іс-қимылды күшейту, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығын белсендірек жұмылдыру қажет екенін көрсетеді.

Балалардың денсаулығын қорғаудың заманауи жүйесі біртіндеп дамып келе жатқанына қарамастан, бірқатар жүйелі проблемаларға тап болып отыр:

1) балалардағы аурулар мен даму бұзылыстарын ерте диагностикалау мен анықтаудың тиімділігі жеткіліксіз болып қала береді. Тәуекел тобындағы балаларды

ұзақ уақыт бақылаудың және ерте араласудың фрагментарлығы, сондай-ақ өңірлер мен қызмет көрсету деңгейлері арасындағы медициналық көмекке қол жеткізудегі теңгерімсіздік пен теңсіздік байқалады.

Балалардағы дамудың бұзылуын кеш анықтау араласудың уақтылы басталмауына әкеледі. Ерте араласу қызметтерінің бытыраңқылығы және ата-аналардың жеткіліксіз хабардар болуы қосымша фактор болып табылады, бұл медициналық және әлеуметтік көмекке кеш жүгінуге ықпал етеді;

2) босану және балалар ұйымдарының жабдықталуының 87 %-ға дейін жақсаруына және медициналық техниканың тозуының 37 %-ға дейін төмендеуіне қарамастан, материалдық-техникалық қамтамасыз ету проблемалары сақталуда.

Ел бойынша балалар ауруханаларының медициналық жабдықтармен жарақтандырылуы 88 %-ды құрайды, алайда реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінде, диагностикалық бөлімдерде (компьютерлік томография, сараптамалық деңгейдегі ультрадыбыстық диагностика, цифрлық рентген аппараттары, электроэнцефалографтар, электронейромиографтар және т.б.), сондай-ақ хирургиялық жабдықтар мен балаларды тасымалдауға арналған медициналық құралдарға (тасымалдық кювездер, өкпенің жасанды желдетудің тасымалдық аппараты) тапшылық байқалады.

Балалар санының өсуін ескере отырып, заманауи балалар стационарларын, перинаталдық орталықтарды салу және қолданыстағы объектілерді жаңарту өзекті мәселе болып отыр;

3) балалар арасында стоматологиялық аурулардың, оның ішінде тісжегінің жоғары таралуы сақталуда. Бұл профилактикалық жұмыстың сапасына және мектептегі стоматологиялық көмектің шектеулі дамуына байланысты;

4) балалардағы артық дене салмағының кең таралуы маңызды проблема болып қала береді. Ведомствоаралық үйлестірудің жеткіліксіздігі, мінез-құлықтық факторлардың ықпалы және профилактикалық бағдарламалардың қолжетімділігінің шектеулілігі өскелең ұрпақтың денсаулығы үшін ұзақ мерзімді қауіптерді қалыптастырады;

5) орфандық (сирек кездесетін) аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру проблемасы өзекті күйінде қалуда. Бірыңғай стандарттардың және тұрақты қаржыландыру тетіктерінің болмауы емнің қолжетімділігін шектейді.

Жыл сайын балалар онкогематологиялық орталықтарының желісін кеңейтуге, инновациялық емдеу әдістерінің және дәрілік қамтамасыз етудің қолжетімділігін арттыруға деген қажеттілік өсуде.

Сонымен қатар нормативтік құқықтық базаны дамытуды, жарақтандыруды жақсартуды және мамандар даярлауды қоса алғанда, балаларға арналған паллиативтік қызметті жетілдіру талап етіледі. Паллиативтік көмек саласында мамандар даярлаудың арнайы бағдарламаларының жеткіліксіздігі негізгі аспект болып табылады.

Балаларға психиатриялық көмек көрсету жүйесі ерекше назарды талап етеді. Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, мамандар тапшылығы және психикалық бұзылыстарға қатысты стигматизацияның сақталуы көмектің уақтылы көрсетілуі мен қолжетімділігін шектейді.

3-параграф. Балалар және қоршаған орта

Таза, сау және орнықты қоршаған орта адамның негізгі құқығы болып саналады және басқа құқықтарды іске асырумен тығыз байланысты. Балалар экологиялық және климаттық жағымсыз факторлардың әсерінен жоғары қауіп-қатерге ұшырайтын ең осал топтардың қатарына жатады.

Қазақстандағы экологиялық мәселелер Экологиялық кодекспен реттеледі.

Қоршаған ортаны қорғау, мониторинг, "жасыл экономика", қалдықтармен жұмыс істеу, табиғатты пайдалану, орман шаруашылығы және биоәртүрлілік салаларында мемлекеттік саясат пен басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі уәкілетті орган болып табылады.

Халықаралық бағалау бойынша экологиялық қауіптерді жою бес жасқа дейінгі балалардың өлімін 26 %-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Дүниежүзі бойынша шамамен 2 миллиард бала ластанған ауамен, оның ішінде 300 миллион бала улы ластанған жағдайда өмір сүріп жатыр.

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі мемлекеттерге балалардың экологиялық білімін нығайтуды, олардың шешім қабылдауға қатысуын қамтамасыз етуді, экологиялық тәуекелдер туралы деректерді жариялауды және экологиялық ақпарат мәселелері бойынша әділ сотқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді ұсынады. Баланың таза, қауіпсіз және тұрақты қоршаған ортаға құқығы 2023 жылы БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің № 26 жалпы тәртіптегі ескертуінде бекітілген.

Қазіргі уақытта түйінді экологиялық проблемалар атмосфералық ауаның ластануы, өндіріс пен тұтынудың тұрақсыз үлгілері, қатты және қауіпті қалдықтардың жиналуы, радиациялық және химиялық ластану, су тапшылығы және биоәртүрліліктің жоғалуы болып қала береді.

Климаттың өзгеруі аталған қауіп-қатерлерді күшейтіп, су ресурстарының азаюына, мұздықтардың еруіне, табиғи апаттар қаупінің артуына және азық-түлік қауіпсіздігінің нашарлауына әкеледі.

Халықаралық құқықтық тетіктер балалардың өмір сүруіне және денсаулығына климаттың әсер ететінін растайды.

Қазақстан 2029 жылға қарай қалдықтарды 20 %-ға азайтуды жоспарлап отыр.

Қазақстан Париж келісімінің тарапы ретінде көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша міндеттемелер қабылдады. Балалардың құқықтарын қорғаудың маңызды шарты климаттық саясатты жалғастыру және оларды экологиялық шешімдерге байланысты процестерге тарту тетіктерін құру болып табылады.

Мемлекет экологиялық білім беру тәсілдерін қайта қарауда, ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі шараларды іске асыруда, ауа сапасы бойынша ДДСҰ стандарттарына көшуді бастады. Экологиялық кодекске жұртшылықтың экологиялық маңызды шешімдер қабылдауға қатысуы және экологиялық ақпаратты ашық қолжетімділікте міндетті түрде орналастыру туралы норма енгізілді.

Балалардың құқықтарын толыққанды іске асыру үшін ақпараттандыруды кеңейту, экологиялық мәселелерді білім беру бағдарламаларына жүйелі интеграциялау және халықтың экологиялық мәдениетін арттыру талап етіледі.

Білім алушылардың тазалығы, жауапкершілігі және қоршаған ортаға ұқыпты қарауы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған "Таза Қазақстан" жалпыұлттық бастамасы іске асырылуда.

4-тарау. Баланың отбасына және әлеуметтік қорғалуға құқығы

2025 жылы Қазақстанда 6,2 миллионнан астам отбасы тұрады, оның ішінде баласы бар 3,0 млн отбасы.

Отбасыларды қолдаудың заңнамалық жүйесі Нормативтік құқықтық актілердің тұтас кешенін, оның ішінде "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексін, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексін қамтиды. 2030 жылға дейінгі Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы отбасылық институтты нығайтуды, жұбайлар арасындағы тең әріптестік мәдениетін дамытуды және ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге, оқытуға және дамытудағы жауапкершілігін арттыруды көздейтін стратегиялық маңызды құжат болып табылады.

Институционалдық құрылым

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті отбасы саясаты саласындағы орталық үйлестіруші орган болып табылады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өңірлік деңгейде жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, сондай-ақ арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының тармақталған желісі арқылы жүзеге асырады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру мен қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия, ал өңірлік деңгейде тиісті өңірлік комиссиялар маңызды рөл атқарады.

Өңірлік деңгейде отбасы институтын қолдау мен нығайтудағы негізгі функцияны ОҚО орындайды, оның жұмыс істеуі шеңберінде өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды сүйемелдеудің интеграцияланған моделі енгізіледі.

1-параграф. Отбасы мен балаларды әлеуметтік қолдау

Балалы отбасыларға арналған жәрдемақылар

Мемлекет балалы отбасыларға көп деңгейлі материалдық қолдау жүйесін іске асырады.

2023 жылы "электрондық үкімет" платформасында талдамалық шешім болып табылатын отбасының цифрлық картасы (бұдан әрі – ОЦК) енгізілді. ОЦК азаматтардың жеке өтінішінсіз қызметтердің белсенді көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Балалы отбасыларды қолдау, атап айтқанда, бала туу көрсеткішін ынталандыру, балаларды отбасында тәрбиелеуге жәрдемдесу, көпбалалы аналардың қоғамдағы беделі мен мәртебесін арттыру, сондай-ақ көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында әлеуметтік көмек пен әлеуметтік сақтандырудың көпдеңгейлі жүйесі көзделген.

Республикалық бюджет қаражатынан мемлекеттік жәрдемақылардың 5 түрі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің 2 түрі қарастырылған.

Қазақстанда 2 млн-нан астам балалы отбасы табысына қарамастан тағайындалатын жәрдемақылармен қамтылған.

Бала тууына байланысты біржолғы жәрдемақы – барлық ата-аналарға берілетін базалық төлем. Оның мөлшері бірінші, екінші және үшінші балаға 38 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК), төртінші және одан кейінгі әр балаға 63 АЕК құрайды. 2025 жылы бұл төлемді 338 мың адам алып, жалпы сомасы 61,1 млрд теңгені құрады.

1,5 жасқа толмаған бала күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақы ата-аналарға бала күтімі бойынша демалыс кезінде төленеді. Жәрдемақының мөлшері отбасындағы балалар санына тәуелді: бірінші бала – 5,76 АЕК, екінші – 6,81 АЕК, үшінші – 7,85 АЕК, төртінші және одан кейінгі – 8,90 АЕК. 2025 жылғы қорытынды бойынша аталған жәрдемақыны орта есеппен 125,2 мың адам алып, жалпы сомасы 43,9 млрд теңгені құрады.

Жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша біржолғы әлеуметтік төлемдер жұмыс істейтін әйелдерге тағайындалады. 2025 жылы бұл әлеуметтік төлемдерді 200,8 мың адам алып, жалпы сомасы 276,2 млрд теңгені құрады.

Баланы 1,5 жасқа дейін күтуге арналған ай сайынғы төлемдер жұмыс істейтін әйелдердің соңғы 2 жылдағы орташа айлық табысының 40 %-ын құрайды. 2025 жылғы қорытынды бойынша төлемдер 618,8 мың адамға жүргізіліп, жалпы сомасы 425,4 млрд теңгені құрады.

1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде жұмыс істейтін әйелдер үшін міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі - МЗЖ) субсидиялау көзделген. Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 182,6 мың азаматқа МЗЖ субсидиялауға 34 млрд теңге бағытталды.

Көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы. Жәрдемақы мөлшері сараланған: 4 баласы бар отбасы ай сайын 16,03 АЕК, 5 баласы барларға 20,04 АЕК, 6 баласы барларға 24,05 АЕК, 7 баласы барларға 28,06 АЕК, ал 8 және одан да көп баласы бар отбасы әр балаға 4 АЕК қосады. 2025 жылғы қорытынды бойынша көмек 606,1 мың көпбалалы анаға көрсетіліп, жалпы сомасы 530,4 млрд теңгені құрады.

"Алтын алқа" медалімен марапатталған аналарға өмір бойына 7,4 АЕК мөлшерінде жәрдемақы, "Күміс алқа" медалімен марапатталғандарға 6,4 АЕК төленеді. Бұл төлемдер отбасының табысынан тәуелсіз. 2025 жылғы қорытынды бойынша жәрдемақыны 244 мың ана алды, 2025 жылдың басынан бері төленген қаражат көлемі 78,5 млрд теңгені құрады.

Жан басына шаққандағы орташа табысы медианалық деңгейдің 35 %-ынан аспайтын, бірақ бұл ретте өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 %-ынан төмен емес аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) беріледі.

Қолданыстағы әлеуметтік саясат шеңберінде АӘК мұқтаждықтың нақты айқындалған өлшемшарттары мен тағайындаудың белгіленген тәртібі негізінде іске асырылатын мемлекеттік қолдаудың бір тетігі ретінде қолданылады. Бұл ретте табысы төмен, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі АӘК түріндегі ақшалай төлемді, аталған көмекті алушылар қатарындағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қосымша төлемді, сондай-ақ отбасының жұмыссыз кәмелетке толған мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын кешенді түрде қамтиды.

Еңбекке жарамсыз және аз қамтылған азаматтарға АӘК шартсыз тағайындалса, еңбекке қабілетті мүшелері бар отбасыларға көмек олардың жұмыспен қамтылу іс-шараларына қатысуын талап ететін шартты түрде беріледі. Сонымен қатар отбасыларға әрбір бір жастан алты жас аралығындағы бала үшін қосымша 1,5 АЕК мөлшерінде төлем беріледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша АӘК 54,4 мың отбасына тағайындалып, 292,7 мың адамды қамтыды, оның 67,3 %-ын немесе 196,9 мыңын балалар құрайды. Тағайындалған көмектің жалпы көлемі 33,4 млрд теңге болды. Сондай-ақ 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі қосымша төлем 46,7 мың отбасының құрамындағы 91,1 мың балаға беріліп, оның жалпы сомасы 4,1 млрд теңгені құрады.

Бұған қоса кедейлік деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар көзделген, олардың қатарында тұрғын үйге байланысты әлеуметтік қолдау көрсету, біржолғы әлеуметтік жәрдемақы тағайындау, жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек көрсету, сондай-ақ өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған өзге де әлеуметтік қолдау түрлері, оның ішінде мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау шаралары бар.

Сондай-ақ асыраушысынан айырылған отбасыларға базалық мемлекеттік жәрдемақы және жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдары болған кезде міндетті әлеуметтік төлем түрінде қолдау көзделген. 2025 жылдың қорытындысы бойынша

жәрдемақы алушылардың саны 191,9 мың адамды құрады. Жәрдемақының орташа мөлшері 66 047 теңге, ал төленген қаражаттың жалпы көлемі 12,7 млрд теңге болды.

Көрсетілетін қызметтер мен әлеуметтік көмек тетіктерін жаңғыртуда отбасыларды қолдауға атаулы, жедел және белсенді тәсілді қамтамасыз етуге, сондай-ақ бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық жобалар мен шешімдерді енгізу ерекше рөл атқарады.

Отбасын әлеуметтік қолдауға және баланы қорғауға бағытталған көрсетілетін қызметтер

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты шеңберінде отбасы институтын нығайтуға және балаларды қолдауға бағытталған 49-дан астам қызмет түрі іске асырылуда, ол мыналарды қамтиды:

ОҚО арқылы өмірде қиын жағдайдағы отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеу;

мүгедектігі бар балаларға техникалық оңалту құралдарын ұсыну;

мүмкіндігі шектеулі балаларды емдеу, оқыту және оңалту бағдарламаларынан өту орындарына тегін тасымалдауды қамтамасыз ететін инватакси қызметі;

мүгедектігі, созылмалы аурулары және ЕББҚ бар балаларға арналған санаторий-курорттық емдеу және оңалту іс-шаралары;

мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар арқылы психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік көмек;

мекенжайы бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер және басқалар.

Балалардың әлеуметтік қорғау құқығын іске асыру үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың кең желісі жұмыс істейді.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жан басына шаққандағы қаржыландыруға, қызмет көрсету процестерін цифрландыруға көшумен қоса арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының қызметін лицензиялау енгізілді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 593 лицензияланған ұйым, оның ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 6 орталық, психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 16 орталық, үйде әлеуметтік көмек көрсететін 276 бөлімше, жартылай стационарлық үлгідегі 188 ұйым жұмыс істейді, бұларда 8 мыңнан астам балаға қызмет көрсетіледі.

Ата-аналардың жұмыспен қамтылуы

Ата-аналардың жұмыспен қамтылуы отбасының тұрақтылығы мен баланың ахуалына тікелей әсерін тигізеді.

Барлық өңірлерде жұмыссыз ата-аналарға мамандық таңдауға, жұмыс берушілердің сұранысына сай кәсіби даярлық пен қайта даярлау курстарынан өтуге көмектесетін еңбек ұтқырлығы орталықтары мен мансап орталықтары жұмыс істейді.

Сонымен қатар әлеуметтік осал топтардан шыққан ата-аналар арасында кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөлінеді.

2022 жылдан бері "Бастау Бизнес" жобасы www.skills.enbek.kz порталында онлайн-оқытудан өтуге мүмкіндік береді. 2025 жылы гранттар 9,2 мың адамға берілді. Олардың басым бөлігі көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың ата-аналары, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар болып табылады.

Мемлекеттің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі кешенді шараларының нәтижелері айтарлықтай қамтылғандығын көрсетеді. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жедел деректер бойынша 912 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды, ал 511,6 мың адам кәсіптік бағдар беру және оқыту мүмкіндіктерін пайдаланды.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы жұмыскерлерге кәсіби қызметті отбасылық міндеттермен ұштастыруға мүмкіндік беретін тетіктердің кең спектрін көздейді. Жұмыспен қамтудың, толық емес жұмыс уақытының, қашықтықтан жұмыс істеудің икемді нысандарын белгілеу мүмкіндігі, сондай-ақ жүктілікке, босануға және бала күтіміне байланысты ақылы демалыс беру ата-ананы қолдау үшін маңызды құқықтық жағдайлар жасайды.

Жүкті әйелдерді және 3 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналарды жұмыстан босатудан қорғау кепілдіктері заңнамалық түрде бекітілген, сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде балаларының болуына байланысты кемсітушілікке тыйым салынған.

Балалы отбасыларға арналған тұрғын үй

Меншікті тұрғын үйінің болуы отбасының әл-ауқаты мен баланың қауіпсіздігі факторларының бірі болып табылады.

Мемлекет әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды, ең алдымен көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларды іске асыруда.

Мемлекеттік қолдаудың базалық нормаларына коммуналдық тұрғын үй қорынан үй беру, табысы төмен отбасылар үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау, " Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы жеңілдетілген ипотекалық қарыздар ұсыну, сондай-ақ бастапқы жарнаны төлеуге көмектесетін тұрғын үй сертификаттары жатады. Бұл құралдар 2025 жылы күшіне енген тұрғын үй саясатын реформалау жөніндегі заңнамалық түзетулерде бекітілген.

2024 жылы енгізілген заңнамалық өзгерістер шеңберінде азаматтарды тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепке қою, тұрғын үйлерді бөлу және пайдалануға беру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың функциялары Отбасы банкіне берілді. Отбасы банкі ұлттық даму институты болып қайта құрылды, оның негізгі міндеті азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады.

Тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін мемлекеттік қолдау шаралары "2-10-20", "5-10-20", "Наурыз" бағдарламалары, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау, "Жасыл ипотека" бағдарламалары арқылы іске асырылады.

"2-10-20" бағдарламасы отбасыларды мемлекеттік тұрғын үймен қолдаудың түйінді шараларының бірі болып табылады. Бұл жылдық 2% жеңілдікті ипотека, бастапқы жарна тұрғын үй құнының 10 % және несиелеу мерзімі 20 жылға дейін. Бағдарлама ең алдымен әлеуметтік жағынан осал санаттар қатарындағы кезекте тұрған азаматтарға (көпбалалы отбасыларға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға) арналған.

Мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік қолдау

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде мүгедектігі бар балалардың саны 120 мың адамды құрайды (2024 жылғы 1 қаңтарда – 114,7 мың). Оның ішінде 7 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар – 36,9 мың, бірінші топтағы балалар – 11,7 мың, екінші топтағы балалар – 30,5 мың, үшінші топтағы балалар – 40,9 мың.

Балалар арасындағы мүгедектікке әкелетін аурулардың құрылымы төмендегідей бөлінеді:

27 % – жүйке жүйесінің аурулары (32,4 мың бала);

24,2 % – психикалық бұзылыстар мен мінез-құлықтың бұзылыстары (28,9 мың);

23,7 % – туа біткен даму ақаулары, деформациялар және хромосомалық аномалиялар (28,4 мың).

Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау мақсатында мемлекеттік бюджет қаражатынан мүгедек баланы кәмелет жасқа толғанға дейін тәрбиелеушіге жәрдемақы төленеді, жәрдемақы мөлшері 1,61 ең төменгі күнкөріс деңгейін құрайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 104 млрд теңгеге 113,9 мың адам жәрдемақы алды.

Ақшалай төлемдерден басқа, мүгедектігі бар әрбір бала үшін реабилитациялық әлеуетіне сәйкес медициналық, әлеуметтік және кәсіби іс-шараларды қамтитын жеке оңалту бағдарламасы әзірленеді.

Мемлекеттік қолдау проактивті форматта көрсетіледі.

2021 жылдан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы жұмыс істеп келеді, ол жекелей қажеттіліктерді ескере отырып, техникалық оңалту құралдары (бұдан әрі – ТОҚ) мен көрсетілетін қызметтерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қызмет порталын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, нашар көретіндерге арналған нұсқа жаңартылды, санаторийлердің қолжетімділік картасы және келуді SMS-растау қосылды, тауарларды салыстыру үшін " себет" енгізілді, мемлекеттік органдарға жүгінбей жеткізушіні таңдау қамтамасыз етілді, жеткізушімен келісу бойынша тауарды қайтару тәртібі жеңілдетілді және медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдеріне онлайн жазылу іске асырылды.

2025 жылы портал арқылы мүгедектігі бар адамдар шамамен 413,1 мың техникалық оңалту құралымен (протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар,

тифлотехникалық құралдар, арнайы қозғалу құралдары, міндетті гигиеналық құралдар) қамтамасыз етілді. Сондай-ақ 8,8 мың адам ымдау тілі қызметін, 28,4 мың адам жеке көмекші қызметін, 120,4 мың адам санаториялық-курорттық емделу қызметін алды.

2022 жылдан бастап мүгедектігі бар балаларға жолдаманың құнын өтеумен бірге сүйемелдеу енгізілді (кепілдендірілген құнның 70 %-ы, 2025 жылы 14 тәулікке – 305374,72 теңге). 2023 жылдан бастап менталдық бұзылыстары бар балалар медициналық көрсетілімдерді ескере отырып, санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз етіледі.

Оңалтудың қолжетімділігін арттыру мақсатында жобалар іске асырылуда. Мәселен, "Қазақстан халқына" қоғамдық қорымен бірлесіп "Мүгедектігі бар балаларды үй жағдайында ҚН оңалту" пилоттық жобасы енгізілді. 2025 жылы жоба төрт өңірде 403 баланы қамтып, 400 инновациялық ТОҚ берілді, 289 баланың қозғалыс функцияларының жақсарғаны байқалды және оңалтудың цифрлық күнделігі енгізілді.

Көліктік қолжетімділік саласында да маңызды өзгерістер енгізілді. 2025 жылдан бастап инватакси қызметі Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы көрсетіледі, бұл өнім берушілерді таңдау мүмкіндігін кеңейтеді, процестердің ашықтығын арттырады және қызмет көрсету мерзімін қысқартады.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде жан басына қаржыландыру енгізіліп, арнайы әлеуметтік қызметтеріне тарифтер әзірленді. Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіби дайындығын арттыру үшін 2024 жылы БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп оқу модульдері әзірленіп, 10,5 мыңнан астам маман міндетті курстардан өтті, Әлеуметтік қызметкерлердің тізілімі енгізілді.

Инфрақұрылымды дамыту жұмысы жүргізілуде.

2023–2025 жылдары Семей, Тараз, Кентау, Орал қалаларында жаңа ірі оңалту орталықтары іске қосылды. 2025 жылы Атырауда, 2026–2027 жылдары Шымкент, Талдықорған, Көкшетау және Ақтөбе қалаларында ашу жоспарлануда.

Бұдан басқа, "Қазақстан халқына" қоғамдық қоры "Қамқорлық" корпоративтік қорымен, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, АСБ және басқа да менталдық бұзылыстары бар балаларға арналған күндізгі орталықтар ашу жұмысын жүргізуде. Бүгінгі күні 7 өңірде (Ақтөбе, Жамбыл, Павлодар, ШҚО, Қостанай, Жетісу облыстары мен Шымкент қаласында) орталықтар ашылды.

Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгерістерін ескере отырып, әлеуметтік саясаттың мынадай бағыттарын әрі қарай дамыту және бейімдеу мәселелері өзекті болып қала береді:

1) табысы аз, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылардың тұрмыс жағдайларын жақсарту мақсатында әлеуметтік қолдау жүйесінің атаулы болуын, икемділігін және сезімталдығын арттыру үшін оны әрі қарай дамыту қажеттігі маңызды бағыттардың бірі болып табылады;

2) соңғы жылдары протездік-ортопедиялық көмек жүйесін жаңарту жүргізілді. Бейінді орталықтар жоғары технологиялық жабдықтармен жарақталған, қазіргі заманғы тізе модульдері кеңінен қолданылады. Қазақстанда былғары, аралас және заманауи протездер науқастың жеке қажеттіліктеріне сәйкес дайындалады. Сонымен қатар бионикалық немесе жасанды интеллектіні қолданатын модельдер сияқты динамикалық және нейро-басқарылатын протездер бүгінгі күнге дейін өнеркәсіптік масштабта өндірілмейді;

3) балаларға ТОҚ берудің өзекті мәселелері сапа мен ассортимент, баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу, ауыстыру және жөндеу процесі болып табылады;

4) бірқатар өңірлердегі мүгедек балаларға арналған инфрақұрылымға, оның ішінде АСБ бар балаларға арналған аралас оңалту орталықтары мен күндізгі орталықтарына қолжетімділіктің шектелуі балаларды сүйемелдеудің ведомствоаралық бағыттарын қабылдай отырып, желіні одан әрі дамытуды талап етеді.

2-параграф. Отбасылық қатынастар және баланың ахуалы

Ажырасудың алдын алу

Ажырасудың алдын алу – Қазақстанның мемлекеттік отбасылық саясатының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді. Некенің бұзылуы баланың ахуалына тікелей әсерін тигізеді.

2024 жылдан бастап жас жұптарға отбасын құруға көмек көрсететін некеге дейінгі консультация жүйесі дамып келеді. 2025 жылы жоба барлық өңірлерге масштабталып, ОҚО базасында іске асырылуда.

2025–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары және отбасы құндылықтарын насихаттау жөніндегі медиажоспар іске асырылуда. Отбасы дәстүрлерін танымал етуге "Мерейлі отбасы" конкурсы септігін тигізеді, оған соңғы 11 жылда шамамен 20 мың отбасы қатысты.

Сонымен қатар елімізде отбасы, әкелер мен аналар күндері атап өтіліп, ата-ана рөлі мен ұрпақ бірлігін құрметтеу сезімін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық мамандандырылған соттардың жанынан психологтердің, заңгерлердің және медиаторлардың кеңестерін қамтамасыз ететін "Бақытты отбасы" жобасы іске асырылуда. 2024 жылы істердің 37,5 %-ы татуласумен аяқталды (2023 жылы – 33,1 %). Жоба 10 өңірде енгізілді және тұрақты оң нәтижелерді көрсетеді.

2024 жылғы заңнамалық өзгерістер шеңберінде ажырасу кезінде баланы тәрбиелеу және күтіп-бағу мәселелері әрқашан соттың қарауына шығарылады.

Статистика деректері бойынша 2022–2024 жылдары соттар ажырасқаннан кейін балалардың қарым-қатынас тәртібін белгілеу және тұрғылықты жерін анықтау туралы даулы мәселелер бойынша 1 мыңнан астам істі қарады. 2024 жылы ата-аналардың баламен қарым-қатынас тәртібі туралы 515 даулы мәселе (2022 жылы – 543, 2023 жылы

– 442), сондай-ақ баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы 649 даулы мәселе (2022 жылы-701, 2023 жылы-616) тіркелді.

2025 жылы қамқоршылық органдарының балалармен қарым-қатынас тәртібін белгілеудің бірыңғай қағидасы бекітілді.

Алимент міндеттемелері

Ажырасқаннан кейін кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент төлеуге қатысты даулар жиі туындайды.

Соңғы үш жылда соттар алимент тағайындауға байланысты 5 мыңнан астам істі қарады (2022 жыл – 1602, 2023 жыл – 1704, 2024 жыл – 1922).

Алименттің төленбеуі салдарынан көптеген балалар ата-анасының бірінің қолдауынсыз қалады. 2025 жылы алимент бойынша атқарушылық іс жүргізуде 337 мыңнан астам іс болған, олардың шамамен 13 мыңы алименттің төленбеуіне байланысты проблемалық істер, жалпы қарыз 18 млрд теңгеден асты.

2024 жылы балаларға алимент алу үшін алимент шотын ашу міндетті болды. Бұл төлемдерді баланың қажеттіліктері үшін мақсатты түрде сақтауға мүмкіндік берді. Дегенмен, алимент шоттарын енгізу негізгі қарыз мәселесін шешпейді.

Ата-аналардың жауапкершілігі

Саналы ата-ана болу бала ахуалына қатымты бірден-бір фактор болып табылады. Ата-аналар тарапынан қызығушылық пен бақылаудың жеткіліксіз деңгейі балаларға айтарлықтай әсерін тигізеді.

Айталық, соңғы 5 жылда ата-ана міндеттерін орындамағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық саны 3 есе өсті (2020 жылы – 5618, 2024 жылы – 19806, 2025 жылы – 27713).

Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында немесе тұрғын үйінен тыс жерде заңды өкілдерінсіз жүргені үшін әкімшілік құқық бұзушылық 2 есе өсті (2020 жылы – 65560, 2024 жылы – 112403, 2025 жылы – 130507).

2022 – 2024 жылдар аралығында елде ата-ана құқығынан айыру туралы шешімдердің саны азайды (2022 жылы 1341 жағдайдан 2024 жылы 1116-ға дейін).

МИКЗ зерттеуінің деректері бойынша Қазақстанда бала тәрбиелеуде зорлық-зомбылық әдістерін қолданудың 53 %-дан 38 %-ға дейін төмендегені байқалды. Алынған деректер отбасы мен ата-ананы қолдаудың жүйелі шараларын одан әрі дамыту қажеттігін растайды.

Қазақстанда саналы ата-ана болуды қолдауға және дамытуға бағытталған жобаларды енгізу жұмысы жүргізілуде. 2025 жылы республикалық ақпараттық науқандарды, оқыту іс-шараларын және www.ata-ana.kz мамандандырылған платформаны қамтитын "Ата-аналар академиясы" жобасы іске қосылды.

Мектеп деңгейінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмыс істейді .

Қабылданып жатқан шаралармен қатар мынадай мәселелерді пысықтау талап етіледі:

1) қазіргі заманғы нақты жағдайларды ескере отырып, отбасы институтын қолдау және саналы ата-ананы қолдау тәсілдерін одан әрі дамыту қажет.

Көптеген отбасылар саналы ата-ана болуға және баланың ахуалына тікелей әсерін тигізетін өзара байланысты факторлардың жиынтығына тап болады.

Негізгі проблемалардың бірі – еңбекпен айналысу мен отбасылық өмір арасындағы теңгерім, уақытты және тұрмыстық міндеттерді бөлу, физикалық және эмоционалдық түрде шаршау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалармен қарым-қатынасқа уақыттың жетіспеушілігі, отбасының материалдық қамтамасыз етілуі.

Ата-аналардың, әсіресе әйелдердің айтарлықтай бөлігі, баланы күтуден берілген демалыс мерзімінен бұрын жұмысқа оралуға мәжбүр. Бұл баланың ерте жасында толық күтім алу мүмкіндіктерін төмендетіп, кішкентай балалардың қараусыз қалу қаупін арттырады.

Балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі проблемалардың бірі ата-аналардың баланы тәрбиелеу жөніндегі өз құқықтары мен жауапкершіліктерін басқа адамдарға, оның ішінде туыстарына бермеудің маңыздылығын түсінбеуі болып табылады;

2) балалы отбасылардың ажырасуы көбінесе ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас тәртібін анықтауға байланысты отбасылық жанжалдармен қиындайды. Ата-аналардың тең құқықтарына қарамастан, іс жүзінде олардың біреуі баланың екіншісімен қарым-қатынасына кедергі келтіретін жағдайлар бар, бұл "ата-анадан алшақтау" құбылысына әкелуі мүмкін.

Қамқоршылық органдары шешкен даулы мәселелердің 90 %-дан астамы сотқа шағымданады;

3) атқарылған құжаттардың болуына қарамастан, алимент өндіріп алу рәсімі жиі кешіктіріледі. Борышкерлер арасында кең таралған практика алимент мөлшеріне әсер ететін ең төменгі жалақыны ресми түрде рәсімдеу болып табылады.

3-параграф. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстанда 20 798 жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрады. Олардың 17 110-ы (82 %) Қазақстан азаматтарының отбасыларында тәрбиеленуде.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен отбасына орналастырудың төрт нысаны бекітілген: (қамқорлық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие, баланы қабылдайтын отбасы және бала асырап алу). Орналастырудың әрбір нысанында материалдық қолдаудың әртүрлері қарастырылған (баланы асырап-бағуға арналған жәрдемақы (10 АЕК) және патронат тәрбиешіге (35 АЕК), қабылдап алушы ата-анаға (әрқайсысына 35 АЕК) жалақы).

Сондай-ақ жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың туыстарының баланы отбасына қабылдауға басым құқығы көзделген.

Мемлекет қабылдаған шаралардың нәтижесінде соңғы бес жылда балалардың құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – интернат ұйымдары) тәрбиеленетін балалар саны 19 %-ға, ал ұйымдардың саны 21 %-ға азайтылды.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап "баланы қабылдайтын кәсіби отбасы" деген балаларды орналастырудың жаңа нысаны енгізілді. Материалдық ынталандыру үшін баланы қабылдайтын кәсіби тәрбиешілерге балаларды асырап-бағуға ай сайынғы төлем (10 АЕК), қызметтерге ақы төлеу белгіленді.

2024 жылы отбасыларға 2762 бала орналастырылды, 258 бала интернат ұйымдарына қайтарылды. Қайтарып беру жағдайлары негізінен жасөспірімдік кезеңдегі қиындықтармен, қамқоршылардың, сондай-ақ баланың туыстары дайындығының жеткіліксіздігімен байланысты.

Балалардың интернат ұйымдарына қайта түсуінің алдын алу мақсатында баланы қабылдайтын ата-ана болуға үміткерлер үшін міндетті болып табылатын психологиялық даярлық енгізілді, ол интернат ұйымдары мен аккредиттелген агенттіктердің базасында іске асырылады.

2025 жылы баланы қабылдайтын отбасыларға қойылатын талаптар заңнамалық өзгерістермен күшейтілді, ерлі-зайыптылардың жетім балаларды отбасына орналастырудағы басым құқығы енгізілді, қамқоршылық органдары тарапынан баланы қабылдайтын отбасыларды бақылау нысандары кеңейтілді.

Интернат ұйымдарын бітірген түлектердің әлеуметтік бейімделуі маңызды мәселе болып табылады. Интернат ұйымдарын бітірген түлектерге қолдау шаралары қарастырылған, оның ішінде колледждер мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу кезінде 1 %-дық квота, әлеуметтік төлемдер және жатақхана берілетін мүмкіндіктер.

13 жасөспірім үйінде 650 түлек тұрады, 231 жасқа арналған кәсіптік бағдар беру және жұмыспен қамту қызметтерін көрсететін ресурс орталығы жұмыс істейді.

2024 жылы заңнамалық тұрғыда тәлімгерлік институты енгізілді, қазіргі таңда 345 адам тәлімгер болып табылады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік қолдаудың негізгі бағыты тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. 2024 жылғы заңнамалық өзгерістерге сәйкес "жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" санаты үшін тұрғын үй кезегіне тұруда республикалық маңызы бар қалаларда немесе астанада үш жыл тұру талабы жойылды, облыс ішінде көшкен жағдайда кезекке тұру мерзімін ауыстыруға рұқсат етілді, жалдамалы тұрғын үйдің жалпы көлемінің кемінде 70%-ын беру көзделген. Сондай-ақ, мемлекеттік тұрғын үй қоры арқылы берілген тұрғын үйді жекешелендіру құқығы қарастырылған.

Соңғы 5 жылда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілген тұрғын үй саны 2 есеге өсті (2020 жылы 847 пәтерден 2024 жылы 1599 пәтерге дейін). Алайда "жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" санаты бойынша тұрғын үй кезегінде 60 мыңнан астам азамат тұрғанын ескерсек, берілетін тұрғын үйдің пайызы нақты қажеттілікті қанағаттандырмайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылдан бастап "Мейірім" қайырымдылық акциясы іске асырылуда, оның шеңберінде әрбір жетім балаға таңдауға , жұмысқа орналасуға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге көмек көрсететін патронаждық ұйым бекітіледі.

Орналастырудың отбасылық нысандарын кеңейтуге және ұйымдарды жаңғыртуға бағытталған жұмыстың едәуір көлеміне қарамастан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласында жүйелі жетілдіруді талап ететін бірқатар мәселелер сақталуда:

1) баланы қабылдайтын отбасыларға кандидаттарды іріктеу процесінде психодиагностика бойынша тәсілдерді қайта қарау қажет. Іс жүзінде үміткерлерді тексеру кезінде медициналық құжаттар мен материалдық жағдайларға баса назар аударылады, ал баланы тәрбиелеуге деген уәждемені, дайындық деңгейін, сондай-ақ күйзеліске төзімділікті бағалау жеткілікті деңгейде терең жүргізілмейді.

2) интернат ұйымдарының түлектерін әлеуметтік қолдау мәселелеріндегі оң өзгерістер болғанына қарамастан, олар азаматтардың ең осал санаты болып қала береді. Тұрғын үй жетіспеушілігі, тәлімгерлердің болмауы, дербес өмірге дайындықтың жеткіліксіздігі, жұмысқа орналасудағы қиындықтар және әлеуметтік стигматизация олардың қоғамға интеграциялану мүмкіндігін шектейді. Жұмыспен қамту бағдарламалары түлектердің тек аз ғана бөлігін қамтиды.

3) кәмелетке толмағандардың, ең алдымен жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүліктік құқықтарын бұзу жағдайлары, олардың мүлкін баламалы ауыстыруды ұсынбай иеліктен шығаруға байланысты жағдайлар байқалады;

4) интернат ұйымдарының қызметінде де кейбір мәселелер қалып отыр.

2023 жылы балаларды қолдау орталықтарына ауыстыру аяқталды. Бірқатар ұйымдарда баланың өмір сүруінің жеке бағдарламаларын және отбасына жүйелі реинтеграция тетіктерін одан әрі дамыту талап етіледі;

5) интернат ұйымдарының бір бөлігінің инфрақұрылымы тозған, жаңартуды талап етеді. Ғимараттар мен материалдық-техникалық базаның жай-күйін талдау күрделі жөндеулерді уақтылы жүргізу, инженерлік желілерді жаңарту қажеттілігін көрсетеді;

6) киіммен және тамақпен қамтамасыз ету нормаларын қайта қарау қажет. Құқықтық нормалар дайын өнімнің салмағын ескермейді, ал киіммен қамтамасыз ету нормаларында сұранысқа ие емес заттар көрсетілген;

7) жеке интернат ұйымдарының жұмыс істеу бөлігінде қауіп-қатерлер анықталды.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Елдердің халықаралық практикасындағы бала құқықтары заңнамалық және институционалдық деңгейде бекітілген.

Ұлттық деңгейде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы саясатты айқындау орталық уәкілетті органдарға бекітілген. Еуропа елдерінің көпшілігінде халық пен балаларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыратын министрлік атқарушы орган болып табылады.

Үкіметке ұсыныстарды тұжырымдауда Бала құқықтары жөніндегі уәкілетті институт маңызды орын алады. Әлемде шамамен 60 елде балалар құқықтары бойынша арнайы омбудсмен немесе комиссар институты бар. Норвегия әлемде бірінші болып балалар омбудсменін енгізген мемлекет болды. Ол тәуелсіздікке ие және Парламентке тікелей жүгінуге құқылы.

Балалардың өміріне әсер ететін шешімдерді қабылдауға қатысуына баса назар аударылады. Еуропалық одаққа (бұдан әрі – ЕО) мүше 13 мемлекетте (Дания, Эстония, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Венгрия, Мальта, Нидерланды, Аустрия, Словакия, Финляндия және Швеция) заңдарды әзірлеу немесе олардың ықпалын бағалау кезінде балалармен және отбасылармен тікелей кеңестердің нақты белгіленген рәсімдері бар.

ЮНИСЕФ берген бағасына сәйкес балалардың хал-ахуал саласында 43 Еуропалық одақ елі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) елдері арасында үш негізгі параметрге – физикалық денсаулық, психикалық жағдай және дағдыларға негізделген жиынтық нәтижелер бойынша көшбасшылар ретінде Нидерланды, Дания, Франция, Португалия, Ирландия, Швейцария, Испания, Хорватия, Швеция және Италия аталды.

1-тарау. Баланың қауіпсіздікке құқығы

Халықаралық практикаға сәйкес баланың құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесі және қауіпсіз, қолайлы орта үш негізгі қағидатты: ведомствоаралық үйлестіруді, ерте және профилактикалық араласуды, баланы қорғауға бағдарланған шешімдер қабылдауды сақтау кезінде қалыптасады.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық тиімді модельдерінің ортақ белгілері:

1) баланы қорғау бойынша баршаға міндетті нақты стандарттардың болуы;

2) құрылымдар арасында есепке алу мен ақпарат алмасудың бірыңғай жүйесінің болуы;

3) үйге баруды, ерте диагностиканы және консультациялық қолдауды қамтитын профилактикалық бағыт;

4) баланың шешім қабылдауға міндетті қатысуы, оның құқықтары мен қорғау тәсілдері туралы хабардар болуы.

Финляндия "Зорлыққа – жол жоқ!" іс-қимыл жоспарын жүзеге асырады, оған барлық түрдегі зорлықты жоюға бағытталған 30-дан астам шара кіреді.

Аустралияда Child Safe Standards ұлттық бастамасы іске асырылып, балалармен жұмыс істейтін барлық ұйымдардан баланы қорғау саясатын енгізуді, ішкі есеп беруді, балалармен кеңестерді және қауіпсіз ортаны тұрақты бақылауды талап етеді.

Қажеттіліктерді ерте анықтау және бағалау

ЕО-ға мүше мемлекеттердің көпшілігінде балаларға қатысты зорлық-зомбылық туралы хабарлау үшін жұртшылыққа арналған нақты міндеттемелерді белгілейтін ережелер бар. ЕО-ға мүше 15 мемлекет барлық мамандар үшін хабарлама бойынша міндеттемелер енгізді.

Нидерланды мектеп қызметтері мен ұлттық сенім телефоны арқылы зорлық-зомбылықты ерте анықтау және әрекет ету жүйесін құрды.

ЕО-ға мүше барлық мемлекеттерде бала күтімі жоспарын әзірлеуді талап ететін баланың жеке қажеттіліктерін бағалау туралы ережелер бар. Сонымен қатар ЕО-ға мүше мемлекеттердің көпшілігінде баланың өмір сүру жағдайларын пәнаралық бағалау туралы ережелер бар. Мұндай бағалауды жүргізу туралы шешімді кейс-менеджер қабылдайды.

ЕО-ға мүше он мемлекетте әлеуметтік қызметкерлерді сертификаттау рәсімдері бар, олар біліміне қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл Дания, Эстония, Ирландия, Италия, Литва, Нидерланды, Польша, Словения, Словакия және Швецияға қатысты.

Балалардың ментальдық денсаулығы және балалардағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу

2024 жылы ДДСҰ-ға қатысушы елдердің 81 %-ы психикалық денсаулықты қорғауға арналған жеке стратегия немесе жоспары бар екенін хабарласа, ал жартысынан көбі (56 %) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қорғау саласында жеке немесе кешенді жоспарлары немесе саясаттары бар екені туралы мәлімдеді.

ДДСҰ-ның 2024 жылғы ұсынымдары балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығына жүйелі көзқарастың қажеттілігін көрсетеді. ДДСҰ елдерді қауымдастық деңгейіндегі қызметтерді дамытуға, отбасының көмек көрсету процесіне қатысуын қамтамасыз етуге, институционализациядан бас тартуға және баланың жағдайын бақылау үшін цифрлық құралдарды енгізуге шақырады.

Білім беру ұйымдарының базасында әлеуметтік және эмоционалды оқытуға бағытталған бағдарламалар әлеуметтік мінез-құлықты дамытуға ықпал етеді және балаларға жасөспірім кезіндегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Психикалық денсаулықты қолдауды күнделікті мектеп өміріне біріктіру басты әлемдік стандарт болып табылады.

Мысалы, Ұлыбританияда әзірленген және 30-дан астам елде жүзеге асырылатын 5-7 жас аралығындағы балаларға арналған Zippy's Friends бағдарламасы жанжалды мінез-құлықты 9 %-ға төмендетуге, әлеуметтік оқшауландыуды 15 %-ға төмендетуге, сондай-ақ эмоционалды дағдыларды жақсартуға ықпал етеді.

Швецияда суицидтің алдын алудың алғашқы ұлттық бағдарламасы (National Action Programme for Suicide Prevention) 2008 жылы бекітілді. Бағдарлама 9 бағытты қамтиды және оның негізгі алғышарты – ешкім жалғыз қалмауы және осал күйде болмауы керек.

Еуропалық аймақ елдерінің басым көпшілігінде (66 %) жасөспірімдерге ата-аналарының немесе заңды қамқоршыларының келісімінсіз медициналық және психологиялық көмек алуға кедергі келтіретін кедергілерді жою бойынша заңнамалық шаралар тиімді жүзеге асырылды.

Қылмыстық процесте баланы сүйемелдеу

Жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардан зардап шеккен балалар үшін Barnahus моделі ұсынылатын практика ретінде танылды, оның ішінде Бала құқықтары жөніндегі БҰҰ комитеті тарапынан да. Еуропа Кеңесінің 28 мүше мемлекеттерінде Barnahus қызметтері құрылып, тағы бес елде Barnahus жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Заңмен қақтығыстағы балалардың құқықтарын қорғау

Көптеген елдер өзекті проблемалардың бірі балалар арасындағы қылмыстың артуы екенін атап өтті.

Халықаралық стандарттар балалар қатысатын істерді қарауда арнайы тәсіл қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді сондай-ақ алдын алу мен шара қолданудың барлық деңгейінде баланы тәрбиелеуге бағытталған баламалы шараларды енгізуді қажет етеді.

Скандинавиялық балалар құқықтарын қорғау және қауіпсіз орта құру моделі бұл жазалауға емес, қалпына келтіруге бағытталған әрекетке негізделген тәсілді қамтиды.

Онлайн қауіпсіздік

Ұлыбританияда "Цифрлық қауіпсіздік туралы" Заң (Online Safety Act) қабылданды, ол цифрлық платформалар мен әлеуметтік желілерді зиянды мазмұнды анықтауға және жоюға міндеттейді. Балаларға арналған әлеуметтік желілерде "комендантты сағатты" енгізу мүмкіндігі зерделенуде.

АҚШ цифрлық платформалардың қауіптерін азайту және әдепкі құпиялылық параметрлерін орнату міндетін енгізетін KOSPA және COPPA 2.0 заңдарын қабылдады.

Бразилия, Канада және Оңтүстік Корея жасты міндетті тексеруді, таргеттелген жарнамаға тыйым салуды және платформалардың киберқорлыққа құқықтық жауапкершілікті қамтитын ұлттық немесе өңірлік онлайн-қауіпсіздік кодекстерін енгізді.

Францияда 2023 жылдан бастап 15 жасқа толмаған пайдаланушыларды тіркеу үшін платформалардан ата-ана келісімін алуды талап ететін заң бар.

Австралияда әлемде тұңғыш рет балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салу күшіне енді. Бұл елдегі 16 жасқа толмаған балалаға TikTok, Instagram, Facebook және т.б. сияқты платформаларға кіруге тыйым салынған. Басқа елдер (Франция, Дания, Испания) осындай шектеулер енгізіп жатыр, бірақ австралиялық – ең ауқымдысы.

Мигрант-балалардың құқықтарын қамтамасыз ету

2018 жылы қабылданған қауіпсіз, реттелген және заңды көші-қон туралы жаһандық шарт мигрант-балаларға қатысты бірқатар негізгі қағидаттар мен мақсаттарға, оның ішінде адам құқықтарына, кемсітпеушілік және баланың ең жақсы мүдделеріне негізделген тәсілге назар аударады.

Испанияда ересектердің сүйемелдеуінсіз қалған мигрант-балаларды қабылдау және қорғау жөніндегі мемлекеттік орталықтар желісі жұмыс істейді. Бұл орталықтар тұрғын үй, тамақтану, киім-кешек, білім беру және медициналық көмек көрсетеді.

Швеция әр балаға заңды қамқоршы тағайындауды, мектептің интеграциялық бағдарламалары арқылы білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуді және әл-ауқат пен әлеуметтік қосылуды нығайту үшін психологиялық қолдау көрсетуді қамтитын еріп жүрмейтін мигрант-балаларды қорғаудың жан-жақты жүйесін ұсынады.

Ұлыбританияда NHS Safeguarding Children моделі осал топтағы балаларды: мигранттарды, босқындарды және мәртебесі жоқ балаларды қоса алғанда, баланы ведомствоаралық алып жүруді қамтамасыз етеді. Медициналық көмекке қол жеткізуде "нөлдік кедергі" қағидаты іске асырылуда.

Балалар үшін қауіпсіз орта

Еуропалық Одақ елдері, Канада, Оңтүстік Корея, Жапония және Австралия нормативтік құрылыс стандарттарын, міндетті нысандарды тексеруді, тәуекелдердің цифрлық мониторингін және балалардың қауіпсіз ортаны жобалау процесіне қатысуын қамтитын кешенді тәсілдерді енгізді.

Финляндияда, Исландияда және Швецияда "балаға бағдарланған дизайн" моделі қолданылады, онда мектептер, балабақшалар мен алаңдар балалардың жасын, қажеттіліктерін және дербестік дәрежесін ескере отырып жобаланады.

Қалалық орта деңгейінде көптеген елдер қауіпсіз жаяу жүру маршруттарын, мектептердің жанындағы "30 км/сағ аймақтар", жарықтандырылған өтпелі аймақтарды және мекемелерге бөгде адамдардың кіруін бақылауды көздейтін "Балаларға қолайлы қала" бастамасын іске асырады.

Жолдардағы балалардың қауіпсіздігі қалалар мен елді мекендерді абаттандыруда орталық орын алады.

Бұл тұрғыда Ұлыбританиядағы Бирмингемнің тәжірибесі қызықты, онда қала ішіндегі аудандарда жол қозғалысы қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған "Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі көше көшбасшылығы" жобасы жүзеге асырылуда. Жобаға бес мектепте 9-11 жас аралығындағы 405 бала қатысты, олар жаяу

жүргіншілерге қауіп төндіретін қауіптерді суретке түсіріп, мектептерінің айналасындағы аудандарда қоршаған ортаны тексеруді жүргізді.

Ұлыбритания судағы қауіпсіздік туралы ақпарат саласында көшбасшы болды. Елде "Тегін жүзу" бағдарламасы және мемлекеттік мектептің оқу жоспары сияқты бірқатар бастамалар бар, оған 11 жасқа дейін балалар 25 метр жүзе алуы керек деген талап кіреді.

Францияда суға батып кету денсаулық сақтаудың маңызды мәселесі болып табылады. Заң әр бассейн иесінен бассейнді стандартты қорғаныш құрылғысымен жабдықтауды талап етеді.

АҚШ-тың "Children Can't Fly" бағдарламасы үй иелеріне 10 жасқа толмаған бала тұратын пәтерлерге терезе торларын орнатуды міндеттеді.

Англияда "Тұрғын үйдің санитарлық сипаттамалары мен қауіпсіздігін бағалау жүйесі" жасалды. Жүйе тұрғын үй құрылысының ақауларынан туындайтын денсаулық пен қауіпсіздікке ықтимал қатерлерді анықтауға бағытталған.

Португалия ғимараттардағы балкондар мен баспалдақтар, кедергілер, қоршаулар мен тұтқалар үшін өзінің ұлттық стандартын дайындайды. Ол үшін көпсалалы техникалық комитет құрылып, Үкімет тиісті тапсырмалар берген.

2-тарау. Баланың білім алу құқығы

Елдердің рейтингінде сапалы білім мен ата-аналармен ынтымақтастықта тәрбиелеуге қол жеткізу бөлігіндегі ең жақсы мысал Финляндия, Эстония, Канада тәжірибесі болып табылады

Инклюзивтілік пен білім беру сапасының көшбасшылары Финляндия, Эстония, Канада және Сингапур болып табылады. Олардың табысының негізгі элементтері: мектептерді тең қаржыландыру, дамудың ерте диагностикасы, жеке сүйемелдеу жоспарлары, тегін оқулықтар, тамақтану және көлік, үлгерімді бақылаудың цифрлық қызметтері.

ЭЫДҰ елдерінде біліммен қамту: 5-14 жастағы балалардың 100 %-ға жуығы; 15-19 жастағы жасөспірімдер – 61 %-дан 94 %-ға дейін.

Қосымша білім беру саласында Финляндия, Эстония, Исландия көш бастап тұр, мұнда әр бала секциялар мен үйірмелерге қол жеткізе алады және табысы төмен отбасылардың қатысуы субсидияланады.

Финляндия мен Эстонияда қосымша білім алуға үйірмелер, музыка және өнер мектептері, спорт секциялары, ғылыми-техникалық клубтар кіретін муниципалды балаларды дамыту орталықтары арқылы қол жеткізіледі. Оларға қатысу тегін немесе мемлекет субсидиялайды, әсіресе табысы төмен отбасылар үшін. Қаржылық кедергі сабақтың бір бөлігін немесе барлығын жабатын ваучерлер жүйесімен өтеледі.

Исландияда Youth Work моделі бар, онда әр коммуна балаға кем дегенде бір тегін мектептен тыс сабаққа қатысуға кепілдік береді.

Ұлыбританияда "School Sport and Activity Action Plan" бағдарламасы табысты іске асырылуда. Бұл күнделікті дене белсенділігін мектеп бағдарламасына енгізу, мектептегі спорт клубтары мен сабақтан тыс дене белсенділігін қаржыландыру, жергілікті спорт ұйымдарымен серіктестік.

3-тарау. Баланың денсаулыққа құқығы

Жалпы Еуропа елдерінде денсаулық сақтау бюджеті ЖІӨ-нің 7 %-дан 12 %-на дейін құрайды. Мысалы, Германия шамамен 12,6 %, Франция 11,9 %, Аустрия 11,2 % жұмсайды, ал ЕО орташа деңгейі 9 %-дан асады.

ЭЫДҰ елдеріндегі нәресте өлімінің орташа көрсеткіші 1000 тірі туылғанға шаққанда 4, ал Финляндияда, Жапонияда, Норвегияда – 1000-ға шаққанда 2-ден аз. Бұл дамыған алғашқы медициналық көмек жүйесімен, патронаттық сапарлармен және ерте араласумен қамтамасыз етіледі.

Емізу нәресте өлімін 13 %-ға азайтты. Айталық, Норвегияда алғашқы 3 айда балалардың 68 %-ы қамтылды. Алғашқы 28 күнде патронаттық сапарлар неонаталдық өлім қаупін 25 %-ға төмендетті. Скринингтер (метаболикалық, аудиологиялық, визуалды) 40-тан астам елде, ерте араласу бағдарламалары 130 елде енгізілді.

Халықаралық тәжірибеде патронаттық қызметтер баланың өмірі мен дамуында ерекше рөл атқарады. Сонымен, Ұлыбританиядағы "Отбасылық патронаж қызметі" бағдарламасы – бұл бірінші баласын күтетін жас әйелдерге, әсіресе халықтың осал топтарына бағытталған үйге патронаждық сапарлардың құрылымдық жүйесі.

Ирландия жүктіліктен бес жылға дейінгі кезеңді қамтитын 2019–2028 жылдарға арналған First 5 ведомствоаралық стратегиясының бөлігі ретінде ерте жастағы балаларды дамытуға және ерте араласуға тиімді тәсілді көрсетеді. Денсаулық сақтау секторының үлесіне мыналар кіреді: үйге әмбебап және прогрессивті сапарлар жасау, ананың психикалық денсаулығын қолдау және тіркеменің ерте қалыптасуы, дамудың кешігуін анықтау және мамандарға жолдамаларды үйлестіру, секторараралық өзара іс-қимыл арқылы интеграцияланған көмекті ілгерілету.

Балалардың скринингі денсаулық пен хал-ахуалын нығайтудың маңызды құралы болып табылады және оның практикасы әлемнің әртүрлі елдерінде кең таралған. Бағдарламалардың тәсілдері мен көлеміндегі айырмашылықтарға қарамастан, олардың барлығы ортақ мақсатпен біріктірілген – бұзушылықтарды ерте анықтау және уақтылы араласу. Бағдарламалар АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, Швеция, Нидерланды, Испания, Канада, Жапония, Оңтүстік Корея, Аустралия және Қытай сияқты 40-тан астам елде жұмыс істейді. Даму скринингі және ерте араласу бағдарламалары туғаннан бес жасқа дейінгі балаларды қамтиды және дамудың кешігуін анықтауға және отбасыларды қолдауға бағытталған.

Балаларда артық салмақ пен семіздіктің таралуы бүкіл әлемде өсуде. ЭЫДҰ елдерінде 5 пен 19 жас аралығындағы балаларда артық салмақ көрсеткіштерінің 1990

жылы шамамен 17 %-дан 2022 жылы шамамен 28 %-ға дейін тұрақты өсуі байқалады. ЭЫДҰ-ның тек бес елінде бұл көрсеткіш әлемдік орташа көрсеткіштен 20 % төмен: Чехия, Дания, Франция, Жапония және Нидерланды Корольдігінде.

Жапонияның балалардағы семіздіктің алдын алудағы жетістігі стандартталған, қоректік мектептегі түскі ас, жаяу серуендеу бағдарламалары және салауатты тамақтану мен белсенді өмір салтының қатаң қоғамдық нормаларын қоса алғанда, жан-жақты, мәдени стратегияларға негізделген.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалардың сапалы медициналық қызметтерге тұрақты және тең қолжетімділігі алғашқы медициналық-санитарлық көмекті, қызмет көрсетудің мобильді және қашықтықтан нысандарын, цифрлық сүйемелдеуді және профилактиканың басымдығын дамыту есебінен қамтамасыз етіледі .

Финляндияда отбасылардың 99 %-дан астамын қамтитын ана мен бала денсаулығы орталықтарының жүйесі табысты жұмыс істеуде. Ол қатерлерді ерте анықтауды, тұрақты тексерулерді, вакцинацияларды және кеңес беруді қамтамасыз етеді.

4-тарау. Баланың отбасыға және әлеуметтік қорғалуға құқығы

ЭЫДҰ елдеріндегі отбасыларды қолдау шығындары орта есеппен ЖІӨ-нің 2,3 %-ын құрайды.

Үш негізгі модель бар: ақшалай төлемдер (Канада, Польша), қызметтер (Финляндия , Дания, Исландия), салық жеңілдіктері (АҚШ, Германия, Италия).

Финляндияда, Швецияда, Францияда, Ұлыбританияда саясат отбасын қолдауға, отбасын қолдау орталықтары, позитивті ата-ана бағдарламалары арқылы ата-аналардың рөлін арттыруға бағытталған.

Ұлыбритания қолайсыз аудандардағы отбасыларды қолдаудың кешенді орталықтарын дамытуға бағытталған "Сенімді старт" ауқымды бағдарламасын жүзеге асырды. Орталықтар мектепке дейінгі білім беруге, ата-аналарға кеңес беруге, медициналық көмекке және әлеуметтік көмек шараларына қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Сондай-ақ "whole family support" тәсілі іске асырылды, онда балаға ғана емес, бүкіл отбасына көмек көрсетіледі: отбасылық кеңесшілер жүйесі және баланың электрондық бағыты енгізілді.

Аустралиядағы Triple P (Positive Parenting Program) бағдарламасы миллиондаған отбасыларды қамтиды, Бұл онлайн курстар мен топтық сабақтар арқылы балалардың мінез-құлық мәселелерін 30 %-дан 50 %-ға дейін төмендетеді. Бағдарлама АҚШ пен Германияны қоса алғанда 25 елде бейімделген.

"Керемет жылдар" бағдарламасы (АҚШ) 0-12 жас аралығындағы балалардың ата-аналарына назар аударады, тәртіп пен эмоционалды қолдауды жақсартады.

Ата-аналар бағдарламалары ата-аналарға ата-ана тәрбиесі дағдыларын дамытуға көмектесетін құрылымдық курстар ретінде көбінесе зорлық-зомбылықтың алдын алуға және ерте дамуға баса назар аударады.

Оңтүстік Корея білім беру, денсаулық сақтау және балаларды қорғау жүйелерімен біріктірілген жеке әлеуметтік маршруттың цифрлық жүйесін дамытады, бұл мұқтаждарды белсенді түрде анықтауға және оларды тиісті қызметтерге автоматты түрде бағыттауға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде баланың әлеуметтік қорғалуы мен гүлденген отбасылық ортаға құқығын қамтамасыз етудің маңызды элементі отбасылық-достық корпоративтік саясатты дамыту болып табылады. Бұл шаралар отбасылық және еңбек өмірін үйлестіруге, ата-аналардың жұмыспен қамтылуын арттыруға, бала күтімі жағдайларын жақсартуға бағытталған. ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі мемлекеттік саясат балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыра отырып, бизнестің белсенді бастамаларымен ұштасқан кезде тұрақты нәтижелерге қол жеткізілетінін көрсетеді.

ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде мемлекет жұмыс берушілерді салықтық жеңілдіктер, тікелей субсидиялар, отбасылық-достық науқандарды сертификаттау бағдарламалары және балалары бар жұмысшыларды қолдауға бизнес шығындарын азайтатын басқа да тетіктер беру арқылы work-life balance практикасын енгізуге шақырады. Икемді жұмыс уақытына, қашықтықтан жұмыс істеуге немесе қысқартылған аптаға құқықты қоса алғанда, икемді Жұмыспен қамтудың заңнамалық кепілдіктері, атап айтқанда, Нидерланды мен Ұлыбританияда бекітілген және жұмыс берушінің міндетті қарауына жатады.

Германия отбасылық тәжірибені ынталандырудың ең озық мысалдарының бірі болып табылады. "Enfolgsfaktor Familie" бастамасы компанияларға консультация береді , корпоративтік балалар бөлмелерін, икемді жұмыс кеңістіктерін және шағын балабақшаларды құруға гранттар ұсынады.

Мемлекеттік ынталандырулардан басқа, ЭЫДҰ елдеріндегі ірі компаниялар балалары бар жұмысшыларды қолдауға белсенді инвестиция салуда.

Баламалы күтім саласында БҰҰ Бас Ассамблеясы баламалы бала күтімі бойынша нұсқаулықтарды қабылдады, олар құрылғының отбасылық нысандары басымдылығының жаһандық стандарттарын бекітеді, негізсіз институционалдандырудың алдын алады және баланы интернатқа орналастыруды өте төтенше шара ретінде таниды.

Германияда алдын алу, отбасын сүйемелдеуді және патронаттық тәрбиені (фостер отбасы) қамтитын жүйе бар. Мысалы, Германияда іс жүзінде субсидиарлық принцип басым – бұл отбасының дағдарысқа ұшырауына дейін қолдау көрсету дегенді білдіреді.

Барлық қолдау шаралары нәтиже бермей, жағдай балаға қауіп төндірсе ғана мемлекет баланы отбасынан тыс орналастыру туралы шешім қабылдайды. Отбасынан тыс тәрбиелеу негізінен баланы қабылдайтын отбасылар арқылы ұйымдастырылады.

Осылайша, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалардың құқықтарын қорғаудың тұрақты жүйелері отбасына кешенді қолдау көрсетуге, баланы тәрбиелеудің балама отбасылық нысандарын дамытуға, балалардың шешім қабылдауға белсенді қатысуына, ерте балалық кезеңге инвестиция салуға, сондай-ақ екі ата-ананы тартуға және жүйелі ата-ана бағдарламаларын енгізуге негізделеді.

4-бөлім. Балалардың құқықтарын қорғау саласын дамыту пайымы

Қазақстанда балаларды дамыту, қолдау және қорғаудың тұрақты, достық жүйесі қалыптасады, онда:

әр баланың үні, ең жақсы қызығушылығы, құқықтары оның өміріне қатысты кез келген шешім қабылдаудағы ең жоғары құндылық және басымдық болып табылады;

әр бала өзінің сүйікті, құнды және маңызды екенін сезінеді;

ата-аналар өздерінің өмірі, денсаулығы, қауіпсіздігі үшін жауапкершіліктерін түсініп, балаларды сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен тәрбиелейді;

қоғам әр баланың жеке тұлға екенін түсінеді, оған деген көзқарас құрмет пен қайырымдылыққа негізделген;

мемлекет өмірдің барлық салаларында баланың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасайды;

баланың қауіпсіздігі өскелең ұрпақтың хал-ахуалын және мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін тәуелсіздік пен патриотизмнің, заң мен тәртіптің, бірлік пен ынтымақтастықтың, әділеттілік пен жауапкершіліктің, еңбекқорлық пен кәсібиліктің, жасампаздық пен жаңашылдықтың құндылықтары басты орын алады.

5-бөлім. Балалардың құқықтарын қорғау саласын дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Балалардың мүддесіне бағытталған саясат әрбір баланың хал-ахуалын қамтамасыз етуге, дамуына және қорғауына бағытталған мемлекеттің құндылықтары, құқықтары мен іс-қимыл тетіктерін айқындайтын нақты әрі жүйелі қағидаттар негізінде қалыптасады.

Бала құқықтарының үстемдігі және баланың ең жақсы мүдделерінің қағидаты

Әрбір бала дербес құқық пен бостандық иесі болып танылады, ал оның өміріне, дамуына және қауіпсіздігіне байланысты кез келген шешімдерді қабылдау кезінде мемлекет оның басты мүдделеріне басымдық береді.

Ерте профилактика және уақтылы араласу қағидаты

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат көмектің уақтылы көрсетілуі қажет деген түсінікке негізделеді. Бұл қағида баланың игілігіне нұқсан келтіруі мүмкін қауіптердің алдын алуға, яғни салдарымен күресуден қауіптердің алдын алуға көшуді білдіреді.

Бұл – "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидатының жалғасы.

Инклюзивтілік және кемсітпеу қағидаты

Қазақстандағы әрбір баланың физикалық, зияткерлік, әлеуметтік немесе мәдени ерекшеліктеріне қарамастан дамуға, білім алуға, қорғауға тең құқығы бар. Инклюзивтілік әр баланың бірегейлігі бағаланатын жаңа қоғамдық мәдениеттің негізіне айналады. Мемлекет әрбір баланың өмірлік жағдайларына байланысты кемсітушілікке ұшырамай, балалардың құқықтарын қорғау жүйесінен тыс қалмауына кепілдік береді.

Әріптестік қағидаты

Мемлекеттік саясаттың тиімділігі отбасының, мемлекеттің және қоғамның бірлескен жауапкершілігі мен үйлестірілген іс-қимылына негізделген.

Баланың мүддесі үшін цифрлық трансформация қағидаты

Мемлекет отбасы мен балаларға атаулы қолдау көрсетуді қамтамасыз ету үшін технологияларды, деректердің талдау тетіктерін және жасанды интеллектіні кеңінен енгізуде. Сандық құралдар балалардың құқықтарын қорғау жүйесін тиімді және болжамды етеді.

Балалардың қатысу қағидаты

Әрбір баланың өз үнінің естілуіне және өз өміріне қатысты шешімдерге қатысуға құқығы бар. Балалардың өз үнінің маңызын сезінуіне, ұсыныстарының салдарын түсінуіне және қатысуының нақты нәтижеге жеткізетінін көруіне ерекше көңіл бөлінеді .

Балалар – Қазақстанның болашағының негізі. Бүгінгі күні бала өсіп, дамитын жағдайлар ертеңгі күндегі адам капиталының сапасын, әлеуметтік тұрақтылықты және елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Мемлекеттік саясат әрбір баланың зорлық-зомбылықтан, кемсітушіліктен және кез келген қолайсыз жағдайлардан азат, бақытты балалық шаққа құқығы бар деген қағидатқа негізделеді.

Болашақ білім беру жүйесінің көрінісі ішкі саясат қағидаттарына, ратификацияланған халықаралық міндеттемелерге, балалардың игілігіне әсер ететін факторларды талдауға және әлемдік үздік практикаларға негізделген.

Балалардың құқықтарын қорғау саласын дамыту тәсілдері:

Балаларды қорғаудың және олардың дамуын қолдаудың мейірімді және тиімді жүйесін құру үшін заңнамалық, институционалдық және ұйымдастырушылық деңгейлерді қамтитын шаралар кешені іске асырылатын болады.

Балаларды мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары mGov.kz цифрлық платформа базасында біріктіріледі, бұл балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік

басқарудың орталық құралы болады. Мұндай тәсіл баланы бүкіл өмір жолында, нақтырақ айтсақ, туғаннан бастап кәмелетке толғанға дейін, отбасы үшін "бір терезе" қағидатын жүзеге асыра отырып, баланың "цифрлық егізі" болады.

Балалар ахуалының жаңартылған индексі әлеуметтік-экономикалық параметрлерді ғана емес, сонымен қатар заманауи сын-қатерлерді де ескереді. Индекс көрсеткіштері өңірлік саясат пен стратегиялық жоспарлауды бағалау құралына айналады. Оның деректері балалардың жағдайын дәл түсінуге және басқару шешімдерінің салдарын болжауға мүмкіндік беретін мемлекеттік талдамалық жүйелерге біріктіріледі. Жаңартылған индекс деректері негізінде әрбір өңірдің балалар үшін қауіпсіз және достық ортаны құруға қосқан үлесі көрсетіледі. Мұндай тәсіл өңірдегі баланың өмір сүру сапасымен тікелей байланысты болатын басшы жұмысының тиімділігіне негізделген дербестендірілген жауапкершілікке көшуге мүмкіндік береді

1-бағыт. Баланың қауіпсіздікке құқығы

Балалар суицидінің алдын алу және өмірлік дағдылар мәдениетін қалыптастыру

Қауіптерді анықтау тәсілдерін жүйелеу және біріздендіру мақсатында диагностиканың және баланың суицидтік ниеттерінің, зорлық-зомбылықтың, қорқытудың (буллинг) белгілерін анықтаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі құрылатын болады.

Барлық қолданылатын әдістемелер халықаралық тәжірибеге негізделе отырып, Қазақстанның нақты жағдайына бейімделеді және суицидтік мінез-құлық белгілері бар балаларды анықтауға арналған ұлттық жинақта біріктіріледі.

Басты басымдықтардың бірі ретінде әртүрлі субмәдениеттердің, цифрлық ортаның, микроэлементтер мен макроэлементтердің балалардың психикасына және мінез-құлқына әсерін зерттеуге арналған ғылыми зерттеулер жүргізу қарастырылады. Балалардың деструктивті онлайн топтарға қатысуымен, кибербуллингпен және аутоагрессивті мінез-құлықты насихаттайтын мазмұнмен байланысты жаңа қауіптерді анықтау бойынша ұсыныстар әзірленеді. Зерттеу нәтижелері профилактикалық бағдарламаларды жаңартуға, балалармен жұмыс істеудің тиімді түрлерін жасауға мүмкіндік береді.

Орта, техникалық және кәсіптік ұйымдар, медициналық ұйымдар, әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғау органдары үшін іс-қимылдың бірыңғай тәртібін көздейтін ведомствоаралық өзара іс-қимылдың нақты хаттамалары бекітілетін болады.

Барлық орта білім беру ұйымдарында эмоционалдық жай-күйі мен когнитивтік функцияларына әсер ететін белгілерді анықтауға бағытталған профилактикалық тексерулер пакеті енгізілетін болады.

Алдын алудың түйінді бағыты әлеуметтік-эмоционалды оқытуды дамыту болады. Балалар үшін педагог-психологтер жүргізетін сенімділікті, оптимизмді және күйзеліске төзімділікті дамытуға бағытталған әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар мен өміршеңдік бойынша сабақтар енгізілетін болады.

Суицидтік қауіптердің алдын алу жүйесінің маңызды буыны ата-аналар болып қала береді. Тоқсан сайын олармен балалардың эмоционалдық жағдайына қатысты олардың сақтығын арттыруға бағытталған тақырыптық әңгімелер мен консультациялар өткізілетін болады.

Психикалық денсаулық орталықтары балалар үшін қолжетімді болады.

Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы кадрлық әлеуетті арттыру

Кадрлық әлеуетті дамыту әрбір маманның білімі, ресурстары және мемлекеттің қолдауы бар жаңа жүйенің негізі болады.

Балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық қызметін үйлестіру функцияларын өз мойнына алатын негізгі буын Қазақстан Республикасының өңірлік уәкілетті органдары (балалардың құқықтарын қорғау басқармалары мен бөлімдері) болады.

Балалардың құқықтарын қорғау басқармалары мен бөлімдер құрамында әрбір дағдарыс жағдайына тап болған баланы сүйемелдейтін кейс-менеджерлер қызмет ететін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер енгізу мәселесі пысықталатын болады. Аттестаттау жүйесіне тиімділіктің жаңа өлшемшарттары енгізіледі.

Әлеуметтік қызметкерлерді жыл сайынғы нысаналы даярлау және оқыту (қорғаншылық және қамқоршылық органы) балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің ұзақ мерзімді кадрлық әлеуетін қалыптастыруға негіз болады.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде әлеуметтік педагогтер институтын реформалауға ерекше назар аударылатын болады.

Педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтер тәуекелдерді ерте анықтауда, қолайсыздықтың алдын алуда, балалар мен отбасыларды сүйемелдеуде шешуші рөл атқаратын балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің белсенді субъектілері ретінде қарастырылатын болады. Осыған байланысты аталған мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын күшейту, оларды даярлау және аттестаттау тәсілдерін жетілдіру көзделеді.

Көрсетілген шараларды іске асыру балаларға көмектің сапасы мен атаулылығын арттыруға, қайталама жарақаттар деңгейін төмендетуге, мамандардың бірыңғай кәсіби ортасын қалыптастыруға және тұтастай алғанда балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің алдын алу сипатын нығайтуға бағытталған.

Кәсіби рухты нығайту және мамандардың еңбегін мойындау үшін жыл сайынғы " Балалық шақтың қорғаншысы" республикалық конкуры тағайындалатын болады.

Барлық білім беру ұйымдарында бірыңғай дизайн-кодта ресімделген 111 байланыс орталығының QR-кодтары жаңартылады.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялардың электрондық жұмыс форматына көшуі кадрлық әлеуетті дамытудың маңызды бағыты болады. Комиссиялар

отбасын қолдау орталықтарымен тығыз байланыста жұмыс істейтін болады, бұл әрбір жағдайды шешуге кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

Балалар арасындағы құқық бұзушылықтың ерте профилактикасы

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру және заңды құрметтеу тәрбие жүйесінің табиғи бөлігі болады.

"Заң мен тәртіп" қағидаты мектеп пен мектептен тыс ортаның әрбір деңгейіне енгізілетін болады.

"Адал азамат" бірыңғай тәрбие бағдарламасының іс-шараларымен педагогикалық сүйемелдеу шеңберінде жоғары назар аударуды талап ететін барлық балалар қамтылатын болады. Осы топтардың әрқайсысы үшін тәлімгерлік пен менторлықты қоса алғанда жеке тәрбие бағыттары әзірленеді.

2024 жылы енгізілген "Жеке қауіпсіздік" сабақтары жаңа мазмұн мен даму серпініне ие болады.

Құқық бұзушылық жасаған балалар қосымша білім беру бағдарламаларына және мәдени жобаларға енгізілетін болады.

Ауылдық өңірлерге ерекше назар аударылмақ. Мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардың әлеуеті балаларды тегін үйірмелер мен секциялармен қамтуды кеңейту үшін пайдаланылады.

Білім беру ұйымдары тәуекел аймағындағы балаларды ерте анықтау жүйесінің белсенді қатысушыларына айналады.

ҮЕҰ іске асыратын барлық бағдарламалар қайталануды, формализмді және тиімсіз жұмыс әдістерін болдырмау үшін ұлттық алдын алу стандарттарына сәйкестігі үшін міндетті сертификаттаудан өтеді.

Кешкі мектептердің қызметі ересектердің білім алуына қайта бағытталатын болады. Бұрын кешкі мектептерге жіберілген жасөспірімдер үшін білім беру ұйымдарында тәрбие және профилактикалық жұмыс күшейтілетін болады.

Арнайы білім беру ұйымдарының әлеуетін күшейтуге ерекше назар аударылатын болады. Бұл ұйымдар заманауи тәрбие жұмысы орталықтарына айналады. Арнайы білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін ерекше назарды қажет ететін балалармен жұмыс істеу әдістемелері, тәрбиелеуге қатысты заманауи тәсілдерді, тәлімгерлік пен сүйемелдеу дағдыларын қамтитын даярлау мен біліктілікті арттырудың жаңартылған бағдарламалары енгізілетін болады.

Әрбір арнаулы білім беру ұйымы балалардың өміршеңдігін, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын, құқықтық мәдениетін, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын және мінез-құлқының позитивті үлгісін дамытуға бағытталған жаңа тәрбие бағдарламаларын алады.

Балаларды қорғауды күшейту мақсатында туғаннан бастап балаларды сәйкестендіру туралы мәселе пысықталатын болады, ол баланы сәйкестендірудің сенімді құралына айналады.

Келешекте балалар зорлық-зомбылықтан, қанаудан, суицидтен, қорқытудан және баланың физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік хал-ахуалын қамтамасыз ететін басқа да тәуекелдерден қорғалған қауіпсіз және қолайлы орта жетілдіріледі. Негізгі басымдық алдын алу, қатерлерді ерте анықтау және тиімді әрекет ету тетіктері мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл негізінде уақтылы көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету болады.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру

Түйінді бағыттардың бірі – зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетудің бірыңғай жүйесін құру. Барлық тартылған құрылымдардың (құқық қорғау органдары, медицина, білім беру, әлеуметтік қорғау және қорғаншылық органдары) іс-қимыл тәртібін регламенттейтін өзара іс-қимылдың ведомствоаралық хаттамасы бекітілетін болады.

Сонымен қатар тергеу органдары балаларға олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып сауалнама жүргізеді.

Ел бойынша біртұтас модельге сәйкес Barnahus халықаралық стандарты бойынша қызмет көрсететін зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға арналған көмек кабинеттері ашылады. Бұл кабинеттерде бала көмек көрсетудің барлық спектрін бір жерде қайталап жүгінуді қажет етпей-ақ ала алады.

Аталған жүйені кадрлық қамтамасыз ету мақсатында елдің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында балалармен қылмыстық іс жүргізу барысында жұмыс істеудің ерекшеліктеріне арналған баланың психологиясының негіздері, сұрастыру этикасы және зорлық-зомбылықтан зардап шеккендермен өзара іс-қимыл негіздерін қамтитын оқу тақырыптары енгізіледі.

Сонымен қатар құқықтық реттеудегі олқылықтарды жоюға және көмек көрсетудің жаңа стандарттарын бекітуге бағытталған заңнамалық түзетулер пакеті әзірленіп, енгізілетін болады.

Балаларды цифрлық қауіптерден қорғау

Интернет пен жасанды интеллектінің (бұдан әрі – ЖИ) жаппай таралуы дәуірінде қауіпсіз цифрлық ортаны қалыптастыру балалардың игілігі мен цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып отыр.

Балаларда, ата-аналарда және педагогтерде заманауи цифрлық дағдылар мен медиасауаттылықты арттыру қауіпсіз цифрлық балалық шақты қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

1-сыныптан бастап міндетті цифрлық білім енгізіледі: киберқауіпсіздік негіздері, цифрлық гигиена, сын тұрғысынан ойлау, медиасауаттылық.

Педагогтер үшін онлайн-қауіпсіздік, мектептік медиатоптар құру және цифрлық тәуекелдерді анықтау бойынша міндетті тренингтер енгізіледі. Білім беру процесінде

жасанды интеллектіні қолдану бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру маңызды қадамға айналады.

Мектептерде цифрлық мінез-құлыққа арналған мектептік кодекстер енгізілетін болады. Ата-аналар үшін "Cyber Safe for Family" бағдарламасы кеңейтіліп, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстары кейстермен, оқыту материалдары арқылы өтеді. Сонымен қатар барлық мектептер мен басқа білім беру ұйымдарында жыл сайын " Қауіпсіз интернет күнін" енгізу жоспарлануда.

Қауіпті ерте кезеңде анықтауға, мемлекетке объективті статистика жинауға және мектеп бағдарламаларын нақты қажеттіліктерге бейімдеуге мүмкіндік беретін цифрлық игіліктің жүйелі мониторингі енгізіледі. Қазақстан үшін мұндай жүйені енгізу балалардың цифрлық денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша ұлттық стандарт қалыптастыруға қадам болмақ.

Технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында балалар мен жасөспірімдерде ЖИ-мен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын қалыптастыру маңызды бағытқа айналады. Озық халықаралық тәжірибе негізінде мектеп бағдарламасы шеңберінде мынадай бағыттар бойынша жүйелі дайындық енгізіледі: алгоритмдік ойлау – цифрлық жүйелер мен ЖИ-дің қалай жұмыс істейтінін түсіну қабілеті, деректермен жұмыс істеу негіздері – ақпаратты іздеу, талдау, сүзу және сыни бағалау дағдылары; ЖИ қағидаттарын түсіну , цифрлық этика мен жауапкершілік – ЖИ пайдаланудың шектерін ұғыну, манипуляциялар мен жалған ақпараттан қорғану.

Бұл үшін кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық технологиялар мен ЖИ бойынша жаңартылған оқу курстары әзірленетін, жасанды интеллект пен цифрлық жобалар бойынша мектептік клубтар мен үйірмелер құрылатын болады.

Байланыс операторларына тарифтік жоспарларға ата-аналық бақылау функциясын міндетті тармақ ретінде енгізу ұсынылатын болады.

Балалардың цифрлық қауіпсіздігінің жаңа моделі қалыптастырылады.

Зиянды интернет-контентті реттеуге баса назар аудара отырып, "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормалары өзектендірілетін болады.

Кәмелетке толмаған пайдаланушылардың Интернет желісіне қауіпсіз қосылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін балалардың SIM-карталарын тіркеу тетігі енгізіледі. Мұндай SIM-карталарда түнде ойын-сауық мазмұнын автоматты түрде шектейтін арнайы кіру режимі болады.

Үшінші тұлғалардың балалардың бет-бейнелерін пайдалануы мәселесі шешілетін болады.

Осал жағдайдағы балаларды кешенді қолдау

Өмірде қиын жағдайға тап болған әрбір бала психологиялық, әлеуметтік және медициналық қолдауды қамтитын анықтаудың, сүйемелдеудің және оңалтудың жеке хаттамасымен қамтылатын болады.

Білім беруге, медициналық көмекке және әлеуметтік қызметтерге жедел қол жеткізе алатын мигранттар мен босқындардың балаларына ерекше назар аударылады.

Адам саудасынан зардап шеккен отбасылардан шыққан балалар үшін заң көмегі мен құжаттарды қалпына келтіруді қоса алғанда, әлеуметтік және психологиялық қолдау пакеті қамтамасыз етіледі.

Ерте жүктілік жағдайларының алдын алу және жүкті қыздарға көмек көрсету бойынша профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар балалар еңбегін заңсыз пайдалану және кәмелетке толмағандарды, оның ішінде мигранттарды тарту жағдайларын болдырмау мақсатында жұмыспен қамтудың қауіпті түрлеріне қойылатын талаптар қатаңдатылып, заңнамалық реттеудің неғұрлым айқын тетіктері жасалатын болады.

Балалар инфрақұрылымының қауіпсіздік стандарттарын қалыптастыру

Балалардың хал-ахуал индексінің көрсеткіштеріне негізделген "Балаға қолайлы қала " республикалық жобасы әзірленетін болады. Оның негізінде балалардың өмірі мен дамуы үшін неғұрлым қолайлы өңірлер мен қалалардың рейтингі жасалатын болады. Жоба жергілікті атқарушы органдарды балаға бағдарланған үздік практикаларды енгізуге ынталандырады.

Балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермеу үшін халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңа тәсілдер енгізілетін болады.

Суға батудың алдын алу мақсатында өңірлердегі барлық су айдындарының қауіпсіздігін міндетті түрде тексере отырып, оларға жыл сайынғы мониторинг жүргізілетін болады. Аудандарда кезең-кезеңімен балаларға арналған қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін қауіпсіз шомылу орындары пайда болады.

Білім беру ұйымдарының жанында жол қауіпсіздігінің күшейтілген шараларының стандарттары енгізу жалғастырылуда.

Балалар саябақтарының, аттракциондарының және ойын-сауық алаңдарының жұмысы қатаң реттелетін болады.

Мектептердегі бейнебақылау жүйелері интеллектуалды тану жүйелеріне жаңартылады.

2-бағыт. Баланың білім алуға құқығы

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың құқықтарын қорғау

Білім беру ұйымдары үшін балалармен болған төтенше жағдайларға ден қоюдың бірыңғай стандарттары мен хаттамалары бекітілетін болады.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің жоғары кәсіби және этикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тәрбиешілердің жыл сайынғы психологиялық диагностикасы енгізілетін болады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен тәрбиешілері үшін балалар қауіпсіздігі модулімен қоса кәсіби біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылады.

Балалардан зорлық-зомбылық пен эмоционалдық ауытқу белгілерін ерте анықтау мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға бейімделген арнайы анықтау құралдары енгізілетін болады.

Орта білім беру

Орта білім беру алудың қолжетімділігі мен міндеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық түзетулер әзірленетін болады.

Отбасы мен мектептің байланыстарын нығайту мақсатында әрбір ата-анаға мектеп жиналыстарына, консультацияларына және тәрбие іс-шараларына қатысу үшін ай сайын 3 сағаттық жұмыстан босату (демалыс) беру мәселесі қарастырылатын болады.

Мемлекет жауапты ата-ана болу білім беру процесінің бір бөлігіне айналатындай жағдайлар жасайды.

Балаға орта білім алу мүмкіндігін ұсынбағаны үшін заңды өкілдердің жауапкершілігі күшейтілетін болады. Баланың мектепте дәлелсіз себептермен жүйелі түрде болмауы баланың білім алу құқығын бұзу ретінде қарастырылады.

Шетелде уақытша тұратын Қазақстан азаматтарының балалары орта білім алуы тұрғысынан мониторингімен қамтылады.

Тергеу изоляторларындағы балалар үшін олардың орта білім алуына толық көлемде кепілдік беретін бірыңғай маршрут әзірленетін болады.

Білім беру жүйесін цифрландыру шеңберінде оқытумен қамтылмаған балалар автоматты режимде анықталатын болады.

Мемлекет басшысының "Оқуға құштар ұлт" тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мектептерде оқу мәдениетін жаңғырту бойынша жүйелі шаралар мен нақты іс-қимылдар қабылданатын болады, оның ішінде мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыруға, қолайлы ортаны қалыптастыруға, сондай-ақ түрлі әлеуметтік желілерде танымал етудің қазіргі заманғы трендтері мен құралдарын ескере отырып, оқу сауаттылығын арттыру жөніндегі сыныптан тыс іс-шараларды өткізуге тәсілдер қайта қаралатын болады.

Қосымша білім беру бағыты бойынша ауылдық жерлерде мәдениет үйлері мен клубтар базасында балаларға арналған тегін үйірмелер мен секциялар ашу мәселесі пысықталады.

Балалардың бойындағы экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында 2024 – 2029 жылдарға арналған "Таза Қазақстан" экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасының аясында іс-шаралар жүргізілетін болады.

Барлық жерде инклюзивті білім беру

Түйінді міндет – елдегі барлық педагогтердің біліктілігін кең ауқымды арттыру. Барлық біліктілікті арттыру және кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларына ЕББҚ бар

балаларды оқыту және сүйемелдеу ерекшеліктері бойынша барлық пәндердің мұғалімдері үшін міндетті болып табылатын модуль енгізілетін болады.

Бұдан басқа, педагогикалық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларына ЕББҚ бар балалармен жұмыстың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері бойынша курс біріктірілетін болады.

Болашақ педагогтер тек сабақ беріп қана қоймай, әр балаға түсінуге, қолдауға, көмектесуге дайын болады.

ЕББҚ бар әрбір бала барлық сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларға енгізілетін болады.

ЕББҚ бар балаларды жүйелі қолдауды қамтамасыз ету үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар саны ұлғайтылады және ерте араласу қызметі құрылады.

3-бағыт. Баланың денсаулыққа құқығы

Балаларды сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету

Медициналық көмек көрсету жүйесін дамыту денсаулыққа құқықты іске асыруға тең және орнықты қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін негіз қалайды.

Ерте диагностика жүйелік басымдыққа айналуда: генетикалық зерттеулер кеңейтіліп, неонаталдық қызметтердің жұмысы күшейтіліп, сонымен қатар соқырлықты, жүрек ақауларын және жаңа туған нәрестелердің кенет өліміне әкелетін жағдайларды алдын алуға мүмкіндік беретін заманауи скринингтер (қызыл рефлекс, пульсоксиметрия) енгізілуде.

Катамнез қызметін дамыту мүгедектікке жол бермеудің негізін құрайды. Қауіп топтарындағы балаларды ұзақ мерзімді бақылау ерте араласуды қамтамасыз етіп, ауыр салдардың алдын алады және болашақта мемлекеттік шығыстарды азайтуға мүмкіндік береді.

Бала денсаулығына арналған профилактикалық іс-шараларымен қамту мен көлемін жақсарту, ДДСҰ-ның "Бала жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару" бағдарламасын, сондай-ақ ЮНИСЕФ ұсынған патронаждың әмбебап прогрессивті моделін енгізу жалғасады.

Ерте араласу – қазіргі балалар медицинасының негізгі құрамдас бөлігі. Даму бұзылуының 80 % өмірдің алғашқы жылдарында анықталған кезде түзетіледі. Уақытылы диагноз қойылмаған дамудың әрбір кешігуі болашақта мемлекеттің білім беру, әлеуметтік қолдау және медицина шығындарының бірнеше есе өсуіне әкеледі. Сондықтан даму және ерте араласу орталықтарының желісін кеңейту және бұзылыстарды ерте анықтауды арттыру – балалар мүгедектігін төмендетуге бағытталған стратегиялық шара

Аутизмге скринингтік тест, балаларды дамыту скринингі жүргізу шеңберінде мұндай балаларды одан әрі диспансерлей және әлеуметтендіре отырып, МСАК деңгейінде АСБ және даму кемістігі бар балаларды ерте анықтау жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Медициналық көмек көрсету стандарттары мен клиникалық хаттамаларды қайта қарау жұмысы жалғасады.

Мектептерде стоматологиялық аурулардың алдын алу кабинеттерін құру маңызды шара болады, өйткені балалардың кариесі баланың өмір сүру сапасына және одан әрі дамуына әсер ететін ең көп таралған созылмалы патологиялардың бірі болып саналады.

Балалардағы артық салмақпен күресу үшін ведомствоаралық алгоритм енгізіледі.

Орфандық (сирек кездесетін) аурулары бар балаларға медициналық көмек көрсету стандартын әзірлеу және бекіту, орфандық аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қаржыландырудың баламалы көздерін іздеу балаларды қымбат дәрілік заттармен қамтамасыз етудің жаңа мүмкіндіктерін береді.

Балаларға арналған онкологиялық және гематологиялық қызмет, паллиативтік көмек дамитын болады.

Өзекті мәселелердің бірі – балаларға психиатриялық көмекті жетілдіру. Психикалық денсаулық орталықтарын жаңғырту жүргізіледі.

Медициналық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз ету

Жаңа перинаталдық орталықтарды салу және балалар ауруханаларын жаңғырту, өңірлерде 10 заманауи көпбейінді балалар стационарын салу мәселесін қарастыру ел бойынша медициналық көмекке тең қолжетімділікті және біркелкі сапа деңгейін қамтамасыз етуге, өңірлер арасындағы айырмашылықтарды азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ заманауи технологияларды енгізуге жағдай туғызады.

500 төсек-орындық республикалық педиатриялық клиниканы салу мәселесін пысықтау көмекке мұқтаж балалардың санын арттыруға және педиатриялық кадрларды оқыту мен даярлау үшін заманауи клиникалық базаны құруға мүмкіндік береді.

Балаларға шұғыл көмек көрсету орталығының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу шұғыл балалар медицинасының бірыңғай ұлттық платформасын құру үшін негіз қалыптастырады.

4-бағыт. Баланың әлеуметтік қорғалуға және отбасына құқығы

Жауапты ата-ана және берік отбасы

Түйінді бағыттардың бірі отбасын қолдаудың, ата-ана жауапкершілігін күшейтудің қосымша шараларын енгізу болады.

Отбасын қолдау орталықтары жас жұбайларға неке туралы шешімге саналы түрде жақындауға мүмкіндік беретін некеге дейінгі консультация беру қызметтерін ұсынады.

Ата-аналардың балаларды жеке тәрбиелеу басымдығын нығайту бөлігінде заңнаманы одан әрі жетілдіру көзделеді. Төтенше жағдайларда жаңа құқықтық құрал –

уақытша қамқоршылық енгізіледі, ол тек жақын туыстарына және расталған негіздер болған кезде шектеулі мерзімге беріледі.

EGov платформасында жауапты ата-ана болу бойынша интерактивті курс құрылады . Бұл баланың өмірінің негізгі кезеңдерінде ата-аналар үшін міндетті болады.

Баланың ата-анасымен қарым-қатынас жасау құқығын қорғауға бағытталған ата-аналардың баланы тәрбиелеуге және оның өміріне қатысу тетіктерін жетілдіру көзделеді.

Кәмелетке толмағандардың мүліктік кепілдіктерін күшейту маңызды бағыт болады. Мүлікті иеліктен шығару кезінде балаға баламалы тұрғын үй беру туралы талап, сондай-ақ баланың мүлкіне байланысты ата-аналардың кез келген іс-әрекетін қорғаншылық органдары тарапынан бақылау белгіленетін болады.

Құқықтарын қалпына келтірген ата-аналар кәмелетке толмағанның мүлкіне билік ете алмайды. Бұл шаралар мүлікті теріс пайдалану жағдайларын болдырмайды және баланың тұрғын үй мен мүлікке құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

"Ата-аналар академиясы" және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары сияқты барлық қолданыстағы жобалар жұмысын жалғастырып, жаңа дамуға ие болады. Олар ата-аналар консультация алатын, оқудан өтіп, тәжірибе алмасатын позитивті және жауапты ата-ана мәдениетін қалыптастыру орталықтарына айналады.

Кедергісіз болашақ

Балалардың жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік-экономикалық осалдығын ескере отырып, аз қамтылған балаларға және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға мемлекеттік қолдау шараларын тағайындау тәсілдерін қайта қарау түйінді қағидат болады. Жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер құжаттарды жинаудың және қосымша өтініштердің қажеттілігінсіз проактивті форматта берілетін болады.

Барлық балаларға жердегі қоғамдық көлікте тегін жол жүру мүмкіндігі беріледі.

Мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға ерекше көңіл бөлінеді. Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған әлеуметтік қолдау пакетін қайта қарау мәселесі қарастырылатын болады.

ТОҚ қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалар балалардың нақты қажеттіліктерін барынша жабу үшін қайта қаралатын және кеңейтілетін болады.

Сондай-ақ балаларға протездік-ортопедиялық көмек көрсетудің жаңа буынның протездерін қоса алғанда, заманауи инновациялық технологияларды енгізе отырып, тәсілдері жаңартылатын болады.

Аяқ-қол ампутациясынан өткен балалар үшін бірыңғай сүйемелдеу алгоритмі әзірленетін болады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау және әлеуметтендіру

Мемлекет балаларды тәрбиелеуге қабылдайтын отбасыларды қолдау жүйесін нығайтады.

Қолдау кезеңдерін, мерзімдері мен шараларын айқындайтын баланы қабылдайтын отбасыларды сүйемелдеудің бірыңғай стандарты енгізілетін болады.

Баланы қабылдайтын ата-аналар мектептеріне ерекше назар аударылады. Олар халықаралық дайындық стандарттарына көшеді. Мұндай мектептерді ашу қатаң аккредиттеуден кейін ғана мүмкін болады, егер бұзушылықтар болса, дайындық құқығынан айырылады.

Тәлімгерлік институты жаңа сипат алады. Енді тәлімгерлер бірінші кезекте ұйымдардан шығаруға дайындалып жатқан жасөспірімдерге бекітілетін болады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар жаңғырту бағдарламасынан өтеді. Ғимараттарға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізіледі, жатын және оқу үй-жайлары, демалыс және тұрмыс аймақтары жаңартылады.

Интернат ұйымдарының кадрлық әлеуеті қайта қаралатын болады. Әрбір тәрбиеші мен педагог біліктілігін арттырудан өтеді.

Интернат ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету толығымен мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес келтірілетін болады. Барлық сатып алулар кез келген теріс пайдалануды болдырмайтын мемлекеттік сатып алудың ашық жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте балаларды киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету нормалары баланың жасын және климаттық жағдайларды ескере отырып қайта қаралатын болады.

Өнеркәсіптік немесе оқшауланған аймақтардағы ұйымдар кезен-кезеңмен көшірілетін болады.

Бұдан басқа, түлектерді сүйемелдеудің ведомствоаралық бағдарламасы құрылады, онда әрбір адамға кейс-менеджер бекітіледі, ол баланы бітірген сәттен бастап тұрғын үй алуға, жұмысқа орналасуға дейін сүйемелдейді.

Бала асырап алуға үміткерлер мен қамқоршылар міндетті психодиагностикадан, сондай-ақ баланы қабылдағаннан кейін мерзімді тексеруден өтеді.

Жоғарыда көрсетілген барлық бағыттарды іске асыру Қазақстанның болашағы үшін жасампаздық пен инновацияға және жауапкершілік алуға, дайын, прогрессивті, адал, бастамашыл және бәсекеге қабілетті азаматтар ұрпағын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Нысаналы индикаторлар:

1) балалардың хал-ахуал индексі (2026 жыл – 61,5 балл, 2027 жыл – 63 балл, 2028 жыл – 64,5 балл, 2029 жыл – 66 балл, 2030 жыл – 68 балл);

2) балалардың құқықтарын қорғау саласында арнайы білімі бар мамандардың үлесі (2026 жыл – 60 %, 2027 жыл – 70 %, 2028 жыл – 80 %, 2029 жыл – 90 %, 2030 жыл – 100 %);

3) балалардың құқықтық қорғау деңгейі (2026 жыл – 93 %, 2027 жыл – қ94 %, 2028 жыл – 95 %, 2029 жыл – 96 %, 2030 жыл – 97 %);

4) қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін балалар инфрақұрылымы объектілерінің, көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың үлесі (2026 жыл – 60 %, 2027 жыл – 65 %, 2028 жыл – 70 %, 2029 жыл – 75 %, 2030 жыл – 80 %);

5) білім алуға үздіксіз қолжетімділігі бар мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың үлесі (2026 жыл – 98 %, 2027 жыл – 98,5 %, 2028 жыл – 99 %, 2029 жыл – 99,5 %, 2030 жыл – 100 %);

6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасындағы балалардың жалпы санынан инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептерде оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасындағы балалардың үлесі (2026 жыл – 50 %, 2027 жыл – 52%, 2028 жыл – 53 %, 2029 жыл – 54 %, 2030 жыл – 55 %);

7) ел бойынша денсаулық сақтау инфрақұрылымы объектілерінің тозу деңгейі (2026 жыл – 42,1 %, 2027 жыл – 38,5 %, 2028 жыл – 35,7 %, 2029 жыл – 32,2 %, 2030 жыл – 30,0%);

8) балалардың алдын алу іс-шараларымен қамту (скринингтер, патронаждар соның ішінде патронаждың әмбебап прогрессивті моделі) (2026 жыл – 50 %, 2027 жыл – 58 %, 2028 жыл – 63 %, 2029 жыл – 65 %, 2030 жыл – 66 %);

9) жауапты ата-ана болуға арналған курстарға қатысқан отбасылардың үлесі (2026 жыл – 10 %, 2027 жыл – 20 %, 2028 жыл –30 %, 2029 жыл – 40 %, 2030 жыл – 50 %);

10) қосымша әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылған балалардың үлесін арттыру (2026 жыл – 5 % - ға, 2027 жыл – 7 %-ға, 2028 жыл – 10 %-ға, 2029 жыл – 12 % -ға, 2030 жыл – 15 %-ға).

Тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде мынадай күтілетін нәтижелер қамтамасыз етіледі:

1) балалардың барлық санаттары үшін құқықтар мен қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған балалардың құқықтарын қорғаудың барлық саласында қолданыстағы қолдау шараларын жүйелеу, сондай-ақ баланың құқықтары, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және қолдау мүмкіндіктері туралы проактивті хабардар етуді енгізу;

2) балалардың қатысу деңгейін арттыру және олардың баланың мәдениетін құрметтеуін дауысы мен пікірін қалыптастыру процестеріне қатысуын кеңейту;

3) инклюзия мәдениетін дамыту;

4) балалармен жұмыс істеу стандарттарын енгізу және жаңарту;

5) балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қолдау шараларына тәсілдерді қайта қарау;

6) балалардың құқықтарын қорғау жүйесінің кадрлық әлеуетін нығайту;

7) өңірлерде балаларды қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру және баланың мүддесі үшін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ету;

8) отбасы институтын нығайту және ата-ана жауапкершілігінің деңгейін арттыру;

9) барлық балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған инфрақұрылымды жаңғырту және нығайту;

10) баланың құқықтарын қамтамасыз ету сапасын, балалардың ахуалы мен қауіпсіздігі деңгейін арттыру.

Тұжырымдама шараларын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары осы Тұжырымдамаға қоса беріледі.

2026 – 2030 жылдарға арналған
"Қазақстан балалары"
тұжырымдамасына қосымша

2026 – 2030 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Аяқтау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1-бағыт. Баланың қауіпсіздікке құқығы						
Нысаналы 1-индикатор. Балалардың хал-ахуал индексі (2026 жыл – 61,5 балл, 2027 жыл – 63 балл, 2028 жыл – 64,5 балл, 2029 жыл – 66 балл, 2030 жыл – 68 балл)						
1.	Балалардың туған сәтінен бастап 18 жасқа дейін көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесін mGov қосымшасының "Балалар" бөлімінде қалыптастыру	mGov-тағы бөлім	2026 жылғы желтоқсан	ЖИЦДМ, ОМ, МАМ, ДМ, Еңбекмині, ІІМ, ӨҚМ, ҒЖБМ, БҚУ (келісу бойынша)	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	РБ
	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірыңғай цифрлық платформасы					

2.	н балаларға туғаннан 18 жасқа дейін көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен қолдау шараларын жүйелеуге арналған ведомствоаралық құрал ретінде дамыту, egov.kz порталы базасында баланы сүйемелдеу бағыты модулін интеграциялау	ақпараттық жүйе	2026 жылғы желтоқсан	Еңбекмині, ДСМ, ОМ, ӨҚМ, МАМ, ЖИЦДМ, ҒЖБМ	талап етілмейді	-
3.	Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңнамалық актілердің кешенді талдауын жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	2026 жылғы қараша	ОМ	талап етілмейді	-
4.	Балалардың хал-ахуал индексінің көрсеткіштерімен оны есептеу әдістемесін жетілдіру	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі	2026 жылғы тамыз	ОМ, ІІМ, ДСМ, ӨҚМ, МАМ, ҒЖБМ, ҰЭМ, СИМ, КМ, Қаржымині, Еңбекмині, ЖИЦДМ, ЭТРМ, ТЖМ, ЖАО	талап етілмейді	-
	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің кейбір бұйрықтарына келесі мәселелер бойынша					

5.	өзгерістер мен толықтырулар енгізу: 1) баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге баланың заңды өкілінің келісімін алу қажеттілігін қарастыру; 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау кабинеттерінің қызмет етуі; 3) психологиялық қолдау орталықтары үшін бірыңғай құжаттама формасын бекіту	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2026 жылғы тамыз	ОМ	талап етілмейді	
6.	Балаларда суицидтік қауіптерді ерте анықтауға бағытталған халықаралық тәсілдер негізінде диагностикалық әдістемелерді бейімдеу және жаңарту	жаңартылған жинақ	2026 жылғы тамыз	ОМ, "Өркен" БӘААҰҒПИ КЕАҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
	Кәмелетке толмағандард					

7.	а психикалық бұзылыстардың белгілерін ерте анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	әдістемелік ұсынымдар	2027 жылғы наурыз	ДСМ	талап етілмейді	-
8.	Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері арасында суицидтік ойдың, зорлық-зомбылықтың, жәбірлеудің (буллингтің) белгілерін диагностикалау және анықтаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу	пайдалануға енгізу актісі	2028 жылғы қаңтар	ОМ, ЖИЦДМ	бюджеттен тыс қаражат есебінен	БТҚ
9.	Орта білім беру ұйымдарында профилактикалық медициналық тексерулердің көлемі мен өткізу мерзімдерін жетілдіру және оңтайландыру, оның ішінде репродуктивтік және психикалық денсаулықты қорғау шараларын ескеру	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы	2026 жылғы шілде	ДСМ	талап етілмейді	-
	Қазақстан Республикасының белгілі					

10.	бір аурулары (денсаулық жағдайлары) бар жекелеген санаттағы азаматтарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар тізімін қайта қарау мақсатында витаминдер, микро- және макроэлементтердің жетіспеушілігінің психикалық денсаулыққа байланысты жағдайларға әсерін тигізуіне талдау жүргізу	ОМ-ға ақпарат	2028 жылғы желтоқсан	ДСМ	талап етілмейді	-
11.	Суицидтік ойы бар балаларды анықтау кезінде білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, ішкі істер, азаматтық қорғау ұйымдары мен органдардың әрекет ету алгоритмін әзірлеу және бекіту	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Төтенше жағдайлар министрлерінің бірлескен бұйрығы	2026 жылғы желтоқсан	ОМ, ІІМ, ДСМ, Еңбекмині, ТЖМ	талап етілмейді	

12.	"Жаһандық құзыреттілік" курсын алып тастау бөлігінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2026 жылғы қыркүйек	ОМ	талап етілмейді	-
13.	Орта білім беру ұйымдарында педагог-психологтердің 40 сағаттық жүктемесі шеңберінде төзімділік тақырыптарын міндетті түрде қамти отырып "Педагог-психолог сағатын" енгізу	ЖАО-ға әдістемелік нұсқау хат	2026-2030 жылдары тамыз	ОМ, ЖАО	талап етілмейді	-
14.	Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған төзімділік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту	әдістемелік ұсынымдар	2027 жылғы тамыз	ОМ, МАМ	талап етілмейді	-
	Суицидтік ойдың ерте белгілерін анықтау, балалардың мінез-құлқына әртүрлі					

15.	субмәдениеттердің әсері, витаминдер мен микро- және макроэлементтер жетіспеушілігінің суицидтік ойға әсер тигізуіне қатысты тақырыптарды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға енгізу	ЖҒТК шешімі	2027 жылғы қараша	ҒЖБМ, ОМ	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	РБ
16.	Балаларды дамыту және қолдау мәселелері бойынша ата-аналарға арналған бейнероликтерді дайындау	кемінде 3 бейнеролик	2026-2030 жылдары қазан	МАМ, ОМ	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	РБ
17.	Психикалық денсаулық орталықтарын жаңғырту жоспарын әзірлеу және бекіту	ОМ-ға ақпарат	2026 жылғы қыркүйек	ЖАО	талап етілмейді	-
18.	Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың сыртқы белгілерін анықтаудың әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу және бекіту	әдістемелік ұсынымдар	2027 жылғы желтоқсан	ДСМ	талап етілмейді	-
	Білім беру ұйымдарының					

19.	бейнебақылау жүйелеріне зорлық-зомбылықтың, балаға қатысты жәбірлеудің (буллинг) белгілерін анықтау және білім беру ұйымының аумағында ықтимал қауіпті тұлғаларды автоматты түрде тану үшін жасанды интеллект технологияларын кезең-кезеңмен енгізу	ОМ-ға ақпарат	2026-2030 жылдары тамыз	ЖАО	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	ЖБ
20.	Балалардың қауіпсіздігі және суицидтің алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу және бекіту	әдістемелік ұсынымдар	2026 жыл маусым	ОМ	талап етілмейді	-
21.	Балалардың қауіпсіздігі және суицидтің алдын алу мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу	ОМ-ға ақпарат	жылына екі рет (мамыр, қазан)	ЖАО	талап етілмейді	-
Нысаналы 2-индикатор. Балалардың құқықтарын қорғау саласында арнайы білімі бар мамандардың үлесі (2026 жыл – 60%, 2027 жыл – 70%, 2028 жыл – 80%, 2029 жыл – 90%, 2030 жыл – 100%)						
	Қорғаншылық немесе қамқоршылық					

22.	функциялары н жүзеге асыратын органның азаматтық қызметшілері м е н педагог-психо логтерге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 1 желтоқсандағ ы №1193 " Азаматтық қызметшілерг е, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлер і н е , қазыналық кәсіпорындар д ы ң қызметкерлер іне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысына өзгерістер м е н толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2027 жылғы қыркүйек	ОМ, ЖАО	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	ЖБ
	Қазақстан Республикасы ның балалар құқығын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті о р г а н қызметкерлер і н і ң лауазымдық нұсқаулықтар ына, соның					

23.	ішінде қылмыстық процесс шеңберінде, ерекше бақылауды қажет ететін балаларға қолдау көрсету бойынша кейс-менеджер функцияларын енгізу	ОМ-ға ақпарат	2026 жылғы мамыр	ЖАО	талап етілмейді	-
24.	Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органдарының қызметкерлерін, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және қолдауды ұйымдастыру бойынша мобильдік топтардың мүшелерін оқыту	есеп	2026-2030 жылдары тамыз	ОМ, ЖАО	бюджеттен тыс қаражат есебінен	БТҚ
	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір бұйрықтарына келесі бөліктер бойынша өзгерістер					

	мен толықтырулар енгізу: 1) "педагог-психолог" және "әлеуметтік педагог" кәсіптерінің карточкаларын қайта қарау; 2) педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтер толтыратын құжаттар нысандарын толықтыру; 3) педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерге қойылатын біліктілік талаптарын қайта қарау; 4) ерекше назар аударуды талап ететін балалармен жұмыс істеу кезінде көтермелеу өлшемшарттарын (балдарын) енгізе отырып, педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібін қайта қарау					
25.		Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің бұйрығы	2027 жылғы наурыз	ОМ	талап етілмейді	-
	Білім беру ұйымдарында педагог-психологтердің					

26.	жеке жабдықталған кабинеттермен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу	ОМ-ға ақпарат	2026-2030 жылдары тамыз	ЖАО	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	ЖБ
27.	Балалардың құқықтарын қорғау саласында әлеуметтік қызметкерлерді даярлау үшін білім беру гранттарын бөлу	жыл сайын 200 гранттан кем емес	2026-2030 жылдары мамыр	ҒЖБМ	көзделген қаражат есебінен және оның шегінде	РБ
